Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

Сандж зерттеу орталығы
SANGE RESEARCH CENTER

Қазақстандағы балалардың құқықтық қорғалу деңгейі

Балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын білім беру ұйымдарының, органдарының мамандарына, ата-аналарға арналған әдістемелік құрал

Астана – 2016

«Қазақстандағы балалардың құқықтық қорғалу деңгейі» Балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын білім беру ұйымдарының, органдарының мамандарына, ата-аналарға арналған әдістемелік құрал. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, «Сандж» зерттеу орталығы, 2016ж.

«Қазақстандағы балалардың құқықтық қорғалу деңгейі» Балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысатын білім беру ұйымдарының, органдарының мамандарына, ата-аналарға арналған әдістемелік құралды ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша «Сандж зерттеу орталығы» дайындаған.

Әдістемелік құралда Астана және Алматы қалалары мен ҚР-ның 14 облысының қалалық және ауылды аймақтарында жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін талдау негізінде ҚР-дағы балалар өмірінің әртүрлі салалардағы құқықтарының қорғалуы туралы ағымдық жағдайын бағалау, балалардың өз құқықтарын білу деңгейін және оларды тәжірибе жүзінде қолданылуын талдау бойынша ақпарат ұсынылған. Ата-аналармен, мұғалімдермен, тәрбиешілермен, және бала тәрбиесіне қатысатын басқа да тұлғалармен, мемлекеттік қызмет өкілдерімен БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелерін орындау бойынша жағдай көрсетілген. ҚР-да балалар өмірінің әртүрлі салаларында құқықтық қорғалуын жақсарту бойынша ұсынымдар ұсынылған.

Әдістемелік құралды балалардың құқықтарын сақтау және олардың жағдайын жақсарту үшін балалардың құқықтарын қорғау және сақтауды жүзеге асыруға тартылған мамандар, Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, халықаралық сарапшылар, БАҚ, ата-аналар қоғамдастығы және басқа да мүдделі тараптар қолдануы мүмкін.

Мазмұны

Кіріспе 4
Көрсеткіштерді есептеу әдістемесі және халықаралық тәжірибе 5
1 тарау. Балалардың өз құқықтарын білуі және оларды тәжірибеде қолдануы 10
1.1. Құқықтарды білу 10
1.2. Ақпарат көздері 15
1.3. Өз міндеттерін білу 15
2 тарау. Балалардың құқықтық қорғалу деңгейін бағалау 16
2.1. Құқықтардың сақталуының жалпы қанағаттанушылығы 17
2.2. Сақталмайтын құқықтар 18
2.3. Білім беру ұйымдарында құқықтардың сақталуы 21
2.4. Осал топтағы балалардың құқықтарының сақталуы 21
3 тарау. Педагогтардың, тәрбиешілердің, ата-аналардың, мемлекеттік қызмет көрсету өкілдері және бала тәрбиесіне қатысатын басқа да тұлғалардың БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі Конвенцияның негізгі ережелерін орындауы 24
3.1. Білім беру ұйымдарында балалардың жеке құқықтарының сақталуы 24
3.2. Қорғалу және көмек алу құқығы 26
3.3. Ақпарат алу құқығы 34
3.4. Ведомоствоаралық өзара әрекеттестік 34
3.5. Білім беру ұйымдарының функционалды талдауының нәтижелері 36
3.6. Шешім қабылдау үрдісінде ата-аналар мен балалардың қатысуы 41
3.7. Балалардың құқықтарын іске асыратын тетіктердің бар болуы 46
4 тарау. Балалардың шынайы өмірін бейнелейтін параметрлер мен амандықтарын анықтаушы негізгі факторлар 48
4.1. Тәннің саулығы 48
4.2. Әлеуметтік игілік 51
4.3. Балалардың эмоциялық саулығы 55
4.4. Когнитивтік игілік 60
5 тарау. Балалар мен жастардың өміріне қатысты негізгі мүмкіндіктер мен қиындықтар 65
7 тарау. Түйіндеме мен қорытындылар 72
8 тарау. Балалардың құқықтарын қорғаумен айналысатын білім беру ұйымдарының, органдарының мамандарына, ата-аналарға арналған ұсынымдар 76
Қысқартулар тізімі 83

Кіріспе

1990 жылы Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенция (БҚК) күшіне енген күннен бастап бүкіл әлемде бала құқықтарының қорғалуы жағдайын бағалау, балалардың өз құқықтары жайлы білу деңгейін анықтау бойынша жүйелі түрде зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Қазақстан БҚК 1994 жылы ратификациялады және балалардың құқықтарын қорғауға жүйелі түрде зерттеулер өткізу республикада пайдалы тәжірибеге айналды.

ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бастамасымен 2010 жылы өткізілген зерттеу жұмысы[1] республикадағы балалардың құқықтарын қорғау бойынша алдыңғы зерттеу, сол кезде қалыптасқан жағдаймен балалар және ата-аналардың барлығы дерлік қанағаттанбағанын көрсетті. 2010 жылы балалардың тек 13%-ы ғана өз құқықтарын жақсы білетіндіктерін көрсеткен. Өз ойларын ашық айтуда, өзінің пікірін білдіруде құқықтардың сақталмауы балалар үшін өзекті тақырып болды. Ата-аналар мемлекет тарапынан балалардың медициналық көмек алу, баланы зорлық-зомбылықтан қорғау, қатыгездіктен қорғау, қамқорлық жасау, демалыс пен бос уақытын ұйымдастыру, лайықты баспана алу кезінде құқықтарының сақталмайтыны туралы айтты. Балалар мен олардың ата-аналары кездестірген аталған құқықтарды іске асыру мәселелерді шешуде толымсыз құрам ретінде бағаланды.

Соңғы 6 жылда республикамызда балалардың жағдайын жақсартуға қатысты талай жұмыстар атқарылды: заң базасы күшейді, ҚР Бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Институты құрылды, инклюзивті білім беру және т.б. енгізіліп жатыр. Елімізде балалардың құқықтарын қадағалауға қатысты жағдайдың қаншалықты өзгергендігін түсіну үшін кезекті зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігі туындады.

Аталған әдістемелік құралда ҚР-дағы балалар өмірінің әртүрлі салалардағы құқықтарын қорғаудың ағымдық жағдайын бағалау, балалардың өз құқықтарын білу деңгейін және оларды тәжірибе жүзінде қолдануын талдау бойынша жүргізілген зерттеудің нәтижелері ұсынылған. Ата-аналармен, мұғалімдермен, тәрбиешілермен, және бала тәрбиесіне қатысатын басқа да тұлғалармен, мемлекеттік қызмет өкілдерімен БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелерін орындау бойынша жағдай көрсетілген. Өткізілген зерттеу жұмысының шеңберінде баланың амандығын анықтайтын негізгі факторлар мен параметрлер зерделенді, баланың амандығын дамытуға бағытталған қолданыстағы әлеуметтік саясат бағаланды, балалар мен жастардың өміріне қатысты негізгі мүмкіндіктер мен қиындықтар анықталды.

Зерттеу жұмысы зерттеудің сандық (сауалнамалық сұрау), сондай-ақ сапалық (түбегейлі сұхбат) әдістерін қолданды. Сауалнама арқылы **6539** сауалнамаға жауап беруші сұраққа жауап берді: жас шамасы 10-нан 18-ге дейінгі балалар саны – 3300, олардың ата-аналары (2392 сұхбаткер) және

[1] Білім беру ұйымдарында балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау. Білім беру бөлімдері мен білім беру ұйымдары мамандарына арналған құрал. ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, Сандж зерттеу орталығы, Астана, 2010

балалармен жұмыс істейтін мамандар (847 сауалнамаға жауап беруші) (бала бақша тәрбиешілері, жалпы білім беретін мектептің мұғалімдері мен әкімшілігі, бала құқығын қорғау мәселелерімен айналысатын мамандар, түрлі орталықтар және т.б.).

Зерттеу жұмысы Қазақстанның барлық 16 өңірінде, қала және ауылдық елді мекендерде жүргізілді. Зерттеу жұмысы ҚР-ның 73 елді мекенін қамтыды.

Зерттеушілер осы әдістемелік құрал әртүрлі деңгейдегі балалардың құқықтарын қорғау мен сақтауды жүзеге асыруға жұмылдырылған мамандардың жұмысында қолданылуы мүмкін және ата-аналар үшін пайдалы да қызықты болатынына сенім білдіреді.

Көрсеткіштерді есептеу әдістемесі және халықаралық тәжірибе

Аталған зерттеу жұмысы шеңберінде Қазақстанда балалардың құқықтық қорғалуы саласындағы негізгі көрсеткіштер бойынша келесі бөлімдер бойынша мәліметтер алынды:

1. ҚР балалардың өз құқықтары туралы хабардар болу деңгейі,
2. Балалардың өз құқықтары мен міндеттері туралы хабардарлық деңгейі,
3. Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі,
4. Балалардың өз білімдерін күнделікті өмірде қолдануы,
5. Бала тәрбиесіне ат салысатын ата-аналардың, педагогтардың, тәрбиешілердің және басқа да тұлғалардың, мемлекеттік қызмет көрсету өкілдерінің БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелерін орындауы,
6. Балалардың шынайы өмірін сипаттайтын амандықты анықтаушы негізгі факторлар мен параметрлер,
7. Балалардың амандығына бағытталған қолданыстағы әлеуметтік саясатты бағалау,
8. 18 жасқа дейінгі балалардың өміріне қатысты негізгі мүмкіндіктер мен қиындықтар.

Әрбір бөлім бірнеше көрсеткіштерден тұрады (1 кестені қараңыз).

Көрсеткіштер жүйесін әзірлеу кезінде төмендегідей халықаралық тәжірибе ескерілді:

- «Евробарометр» жобасы 1974 жылдан бастап ЕО-тың барлық елдерінде Еуропалық комиссияның тапсырысы бойынша жүзеге асып отыр. Сауалнамалар жылына екі рет (көктемде және күзде) жүргізіледі. Тақырыптық бөлімдер жиі өзгеріп тұрады: әлеуметтік жағдай, денсаулық сақтау, мәдениет, ақпараттық технологиялар, қоршаған ортаны қорғау, Еуро, қорғаныс және т.б. Сауалнамалар мынадай атауларға ие: «Стандартты евробарометр» - жиі жүргізіледі, «Арнайы евробарометр» - нақты сұраққа арналған, «Шұғыл евробарометр» (FlashEurobarometer) – қысқа мерзім ішінде телефон арқылы жүргізіліп, қандай да бір сұрақ бойынша қоғамдық пікірдің мезеттік қимасын береді. «FlashEurobarometer» шеңберінде 2008 жылы ЕО барлық елдерінде 10 000-нан астам жастардан (15-18 жас) жауап алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша Еуропалық комиссия ЕО-тың елдерінде балалардың құқықтарын

қорғау жөнінде талдамалы баяндама жариялады (Flash Eurobarometer 235: The Rights of the Child Analytical report). Бұл баяндамада жастардың өз құқықтары туралы білімі көрсетіліп, ұлттық және Еуропалық деңгейде ахуалды жақсарту басымдылықтары ретінде қабылданға қажетті шаралар келтірілді. ҚР жүргізілген зерттеу шеңберінде ұқсас көрсеткіштер қолданылды.

- Сонымен қатар зерттеудің әдістемесі мен құралдарын әзірлеу кезінде балалардың амандығын бағалау жөніндегі ЮНИСЕФ-тің «Инноченти» зерттеу орталығының тәжірибесі ескерілді. Балалардың жағдайы туралы және оның рейтингін алып жүретін баяндама бірнеше жылда бір рет дайындалады. Осы топтамаға қатысты соңғы шолу 2015 жылы жарық көрді («Social Monitor. Social protection for child rights and well-being in Central and Eastern Europe, the Caucasus and Central Asia» - «Әлеуметтік талдау: Орталық және Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдеріндегі балалардың құқықтарын әлеуметтік қорғау және олардың амандығы»). Аталған есеп 30 елдегі, оның ішінде Қазақстандағы балаларға әлеуметтік қорғаудың ықпалы мен бала кедейшілігіндегі өзгеріс заңдылықтары мен үрдістері туралы соңғы деректерді жинады. Есептеме бала мұқтаждығын қанағаттандыру кезінде әр жеке мемлекетте кездесетін негізгі мәселелерді айқындап берді және бұл мәселелерді шешу үшін ЮНИСЕФ-тің ұсынымдарын ұсынады. Алдыңғы есептеме 2013 жылы дайындалған, зерттеу жұмысы әлемнің 29 елін қамтыды (Ресей мен басқа да ТМД елдері бұл тізімге кірмеді). Осы мемлекеттердегі жағдайды бағалай отырып, зерттеудің авторлары негізгі бес топқа біріктірілген 26 көрсеткішке сүйенді, авторлардың пікірінше олар жас шамасы 20-ға дейінгі балалар мен жасөспірімдердің өмір сүруі мен даму деңгейін анықтайды: материалдық игілігі, денсаулығы мен қауіпсіздігі, білім саласындағы мүмкіндіктері, тәртібі мен тәуекелдіктері, үй-пәтер жағдайлары мен қоршаған ортасы. 2009 жылы балалардың амандығы дәрежесінің орташа рейтингі алты көрсеткіштен тұрды: материалдық игілік, денсаулық пен қауіпсіздік, білім алу мүмкіндігі, отбасымен және құрдастарымен өзара қатынасы, қауіп-қатердің мінез-құлықтық факторлары, субъективтік амандығы. Жалпы алғанда балалардың өмірі мен олардың құқықтарына қатысы бар қырық түрлі көрсеткіштер қолданылды.
- БҚК-нің негізгі қағидаларының бірі - өмір сүруге, күн көру мен дамуға құқығы бар, интеллектуалды, эмоциялық, когнитивтік, әлеуметтік және мәдени дамитын дені сау бала. Сондықтан да түрлі зерттеулерді орындау барысында аталған көрсеткіштер ескеріледі. 2001 жылы «Foundations of Child Well-Being. UNESCO, Action Research in Family and Early Child hood. December 2001» жарияланымда Elizabeth L. Pollard & Lucy Davidson (Center for Child Well-Being, USA) балалардың амандығын бағалау үшін негізгі төрт бөлімнің көрсеткіштері қолданылды: баланың физикалық, әлеуметтік, эмоциялық және когнитивтік амандығы. Аталған әдістемелік құралдың «Балалардың шынайы өмірін сипаттайтын, амандықты анықтайтын параметрлер мен негізгі факторлар» атты 4-тарауда Қазақстандағы балалардың амандығы көрсетілген аспектілері бойынша зерттеудің нәтижелерін табуға болады.

1-кесте. Көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

<table>
<tr><th>Бөлім</th><th>Көрсеткіштер</th><th>Берілген көрсеткіш бойынша сауалнамаға жауап берушілерге қойылған сұрақтар мен алынған жауаптар</th></tr>
<tr><td>ҚР балалардың өз құқықтары туралы хабардар болу деңгейі</td><td>Өз құқықтарын жақсы білетін және құқықтарды білетін, бірақ толық білмейтін деп есептейтін балалардың үлесі</td><td>Бала құқықтары туралы сен бірдеме білесің бе?
Жоқ, ештеңе/білмеймін - 7,9%
Бірдеме естігенмін, бірақ не екені есімде жоқ - 12%
Иә, мен құқық туралы білемін, бірақ нашар - 49,6%
Иә, мен балалардың барлық құқықтарын білемін - 30,5%</td></tr>
<tr><td>Балалардың өз құқықтары мен міндеттері туралы хабардарлық деңгейі</td><td>Үш хабардарлық көрсеткіштердің орташасы болатындай, орташа көрсеткіш
1) балалардың құқықтар туралы хабардарлығы
2) бала құқықтарын қорғайтын заңнама туралы хабардарлық және
3) өз міндеттері туралы балалардың хабардарлығы</td><td>1) Балалардың құқықтары туралы хабардарлығы - 80,1% (сомасы «Иә, мен құқықтары туралы білемін, бірақ нашар - 49,6%», «Иә, мен балалардың барлық құқықтарын білемін - 30,5%»)
2) Балалардың құқықтарын қорғайтын заңдар туралы хабардарлығы (37,7%) және
3) Міндеттері бойынша хабардарлығы (91,6%).
4) Орта есеппен, бұл көрсеткіш 69,8% -ды құрады.</td></tr>
<tr><td>Балалардың құқықтық қорғалуының деңгейі</td><td>Өз құқықтарының сақталуымен қанағаттанған балалардың үлесі</td><td>Қалай ойлайсың, сенің барлық құқықтарың сақталады ма?
Жоқ, ешқандай- 3%
Құқықтың тек шағын бөлігі ғана – 5%
Жартысы – 10%
Жартысынан көбісі – 19%
Барлық құқықтар – 63%</td></tr>
<tr><td>Балалардың өз білімін өмірде қолдануы</td><td>Балалардың жеке құқықтарының өмірде сақталуын өздерінің бағалауы
(өз құқықтары бұзылатындығын немесе бұзылмайтындығын анықтай білген</td><td>Егер сақталмайтын құқықтар болса, онда бұл қандай құқықтар?%
<table>
<tr><th>Сақталмайтын құқықтар:</th><th>жоқ</th><th>иә</th><th>жауап беруге қиналды</th></tr>
<tr><td>сөз бостандығы</td><td>74,5</td><td>9,4</td><td>16,1</td></tr>
<tr><td>өз ойын ашық айту</td><td>76,6</td><td>7,3</td><td>16,1</td></tr>
<tr><td>жеке бас бостандығы</td><td>77,1</td><td>6,8</td><td>16,1</td></tr>
<tr><td>денсаулығын сақтау</td><td>59,0</td><td>6,4</td><td>34,5</td></tr>
<tr><td>теңдік</td><td>77,8</td><td>6,1</td><td>16,1</td></tr>
</table></td></tr>
</table>

	балалардың үлесі)	сыйластық, абыройына, жеке өміріне қол сұқпау	78,2	5,7	16,1
		хат-хабар құпиясы	78,4	5,5	16,1
		демалыс пен бос уақыт	60,6	4,9	34,5
		жеке басының даралығын сақтап қалу	79,2	4,7	16,1
		ата-ана қамқорлығы	61,1	4,4	34,5
		мемлекеттік жәрдем	61,2	4,3	34,5
		білім алу	61,5	4,0	34,5
		зорлық-зомбылықтан қорғау	61,7	3,8	34,5
		нәпсіқұмарлық қанаудың және нәпсіқұмарлық азғырудың барлық түрінен қорғау	62,3	3,2	34,5
		өз мәдениетін пайдалану, өз дінін тұтынып, оның салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу	62,7	2,8	34,5
		экономикалық қанаудан қорғау	81,3	2,6	16,1
		ақпарат алу	63,2	2,3	34,5
		бейбіт жиналыстар, қауымдастықтарды құру	63,6	1,9	34,5
		лайықты баспана	80,4	3,5	16,1
		Бұдан кейін мәліметтер «Жауап беруге қиналамын» деген жауапты ескермей келтірілетін болады.			
Бала тәрбиесіне ат салысатын ата-аналардың, педагогтардың, тәрбиешілердің және басқа да тұлғалардың, мемлекеттік қызмет көрсету өкілдерінің БҰҰ Бала құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелерін орындауы	Мамандардың, оның ішінде оқу-тәрбие ұйымдары мұғалімдерінің, директорларының баланың өз құқықтарын білуі туралы өзін-өзі бағалау	**Бала құқықтары туралы өз біліміңізді Сіз қалай бағалар едіңіз?**			
			Мамандар	Директорлар	Орташа
		Жақсы білемін	71,3	87,0	79,1
		Орташа білім	20,7	8,7	14,7
		Білемін, бірақ нашар	2,4	1,4	1,9
		Мүлде білмеймін	,1	0,0	0,1
		Жауап беруге қиналамын	5,5	2,9	4,2
		Барлығы	100,0	100,0	100,0
		Бұдан кейін мәліметтер «Жауап беруге қиналамын» деген жауапты ескермей келтірілетін болады			
	Өз балаларының құқықтарын қорғау мәселелері бойынша қайда барып жүгінуге болатындығын білетін ата-аналардың үлесі	**Баланы қорғау мәселелері бойынша қайда жүгінуге болатындығын Сіз білесіз бе?** Иә – 72,5% Жоқ – 19,8% Жауап беруге қиналамын – 7,7%			
	Балалардың құқықтары толық сақталады деп санайтын ата-	**Қалай ойлайсыз, Сіздің балаңыздың барлық құқықтары сақталады ма?** Иә – 75,5% Жоқ – 9,7% Жауап беруге қиналамын – 14,8%			

	аналардың, мамандардың, оның ішінде оқу-тәрбие ұйымдары мұғалімдері мен директорлардың үлесі	
	Әр түрлі ұйымдардың немесе тұлғалардың отбасына және балаға көрсеткен қолдауларын ата-аналардың бағалауы	**Сіздің отбасыңызды және балаңызды түрлі ұйымдардың немесе тұлғалардың қолдауын Сіз қалай бағалар едіңіз?**

	Қолдау көрсетілмейді	Төмен деңгей	Орташа деңгей	Жоғары деңгей
Білім беру органдары	9,9	8,6	37,8	43,7
Денсаулық сақтау органдары	9,6	16,6	46,1	27,7
Әлеуметтік қорғау органдары	20,0	16,3	39,5	24,2
Ішкі істер органдары	23,2	15,4	40,0	21,3
Жергілікті әкімдік	29,6	17,2	33,9	19,2
Жергілікті ҮЕҰ, ақсақалдар	39,6	15,7	29,6	15,0
Басқа балалардың ата-аналары, жергілікті халық	30,0	16,4	32,0	21,5
Бизнес өкілдері	48,4	14,2	25,0	12,3
Басқалар	28,1	7,9	38,6	25,4

	Қаладағы/ауылдағы барлық балалардың құқықтары толық сақталуына түрлі тараптардың қосқан үлесін директорлар мен мамандардың орташа бағалауы	**Сіздің қалаңызда/ауылыңызда барлық балалардың құқықтары толық сақталуына түрлі тараптардың қосқан үлесін бес балдық шкала бойынша бағалаңыз (мұнда 0 балл – ештеңе істеген жоқ, 1 балл – ең аз ат салысты, 5 балл –ат салысудың ең жоғары деңгейі). Орташа балл**

	Директорлар	Мамандар	Орташа
Мектеп	4,8	4,6	4,7
Әкімдік	4,6	4,2	4,4
Құқық тәртібі органдары/кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар	4,4	4,2	4,3
Ата-аналар	4,2	4,2	4,2
Бизнес құрылымдары	3,2	3,1	3,2
ҮЕҰ	3,5	3,3	3,4
Жергілікті тұрғындар	3,6	3,5	3,5
Білім беру басқармаларының өкілдері	4,6	4,2	4,4
Әлеуметтік қорғау органдары	4,4	4,3	4,4
Денсаулық сақтау органдары	4,3	4,1	4,2
Мәслихат депутаттары	4,0	3,4	3,7

1 тарау. Балалардың өз құқықтарын білуі және оларды тәжірибеде қолдануы

1.1. Құқықтарды білу

Әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері балалардың 80,1%-ы өз құқықтары туралы хабардар екендігін көрсетті (30,5% - барлық құқықтар туралы жақсы біледі, 49,6% - нашар біледі). Сауалнамаға жауап берушілердің 20%-ға жуығы «бірдеңе естігендерін» немесе өз құқықтары туралы ештеңе білмейтіндіктерін көрсетті. Қалыптасқан жағдай 2010 жылы жүргізілген сауалнамадан түбегейлі ерекшеленеді, яғни балалардың тек 13%-ы ғана өз құқықтарын жақсы білетіндігін көрсетсе, 34%-ға жуығы өз құқықтары туралы біледі, бірақ нашар білетіндіктерін мәлімдеген. Яғни соңғы 6 жыл ішінде өз құқықтары туралы хабардар балалардың үлесі 34%-ға артқан.

1-диаграмма. Балалардың өз құқықтарын білуі, 2010 және 2016 жылғы мәліметтерді салыстыру, %



Әртүрлі топтар арасындағы балалардың өз құқықтары туралы хабардар болуында айырмашылықтар байқалады: бала саны аз отбасыға қарағанда көп балалы отбасыдан шыққан балалар өз құқықтары туралы аз хабардар (5 баласы бар отбасындағы балалардың 76%-ы құқық туралы хабардар болса, бір баласы бар отбасы - 84%), аз қамтылған отбасындағы балалар ауқатты отбасындағы балалармен салыстырғанда өз құқықтары туралы білімдерін төмен бағалаған (табысы аз отбасыларында - 52%, ауқатты отбасыларында - 87%). Баланың жасы ересек болған сайын, ол өз құқығын жақсы біледі. Ұлдарға қарағанда қыздар бала құқықтары туралы жақсы хабардар (қыздар - 83%, ұлдар - 77%). Бұл мәліметтер корреляциялық талдаудың нәтижелерімен расталады (Қосымшадағы кестені қараңыз).

Төмендегі диаграммада көрсетілгендей, балалар құқықтарының білім деңгейі, ауылдық жерлерге қарағанда қалалық жерлерде жоғары. Құқықтарды білудің ең төмен деңгейін алыс ауылдардан болып келетін балалар көрсетеді, ол жерде өз құқықтары жөнінде ақпараты жоқ балалар

үлесі 35% құрайды (облыс орталығында -19%, орташа/шағын қалада - 17%, ауылдық аудан орталығында (ірі қалада) – 24%, облыс орталығынан алыс болып табылмайтын ауылдардан - 18%.

2-диаграмма. Балалардың өз құқықтары туралы білімі, елді мекендер үлгісі бойынша бөлу, %



2016 жылы өз құқықтары жайлы ерекше ақпараттанған балалар Алматы қаласы (89%), Қарағанды (88,8%), Павлодар (87,4%) және Қостанай (87,3%) облыстарында өмір сүреді. Өз құқықтары жайлы ең аз хабардар балалар Маңғыстау (59,7% сауалнамаға қатысқандар хабардар етілген) және Жамбыл (65,7%) облыстарынан келген балалар саналады.

Егер 2010 - 2016 жылдардағы алынған нәтижелерді салыстырсақ, онда біз Қостанай облысы алты жыл бұрын балалардың өз құқықтары жайлы хабардарлықтан көшбасшы болатындығын белгілейміз (хабардарлық 73%-ды құрады) және 2016 жылы да ең үздік төрттікке кіреді. Сонымен қатар, Маңғыстау және Жамбыл облысы бойынша 2010 жыл секілді ең нашар нәтиже (хабардарлық тиісінше, 28% және 33%-ды құрады) көрсеткендей, 2016 жылы да өзге аймақтарға қатысты ең төменгі көрсеткіштерге ие екенін атап өткен жөн, дегенмен өз нәтижелерін екі есе арттырды.

Өз құқықтары жайлы хабардар болудың айтарлықтай жақсаруы жайлы 2010 жылға қарағанда Алматы (2010 жылы - 40%, 2016 жылы - 89%) және Астана қалаларында (2010 - 37%, 2016 жылы - 83,7%) байқалады.

2-кесте. Өңірлер бөлінісінде бала құқықтарын білуі жөніндегі балалардың жауаптарын үлестіру, 2016 жыл мен 2010 жылды салыстыру, %.

	2016 жыл					2010 жыл					Өз құқықтары туралы хабардар балалардың үлесінің өзгеруі, 2016-2010
	Ештеңе білмейді	Бірдеңе естіген, бірақ есінде жоқ	Құқықтар туралы біледі, бірақ нашар	Балалардың барлық құқықтарын жақсы біледі	Хабардар балалардың үлесі	Ештеңе білмейді	Бірдеңе естіген, бірақ есінде жоқ	Құқықтар туралы біледі, бірақ нашар	Балалардың барлық құқықтарын жақсы біледі	Хабардар балалардың үлесі	
Астана қ.	7,4	8,8	53,0	30,7	83,7	33,0	29,0	33,0	4,0	37,0	46,7
Алматы қ.	5,0	6,0	38,2	50,8	89,0	33,0	26,0	33,0	7,0	40,0	49,0
Ақмола обл.	6,1	11,1	61,7	21,1	82,8	36,0	16,0	38,0	6,0	44,0	38,8
Ақтөбе обл.	8,2	8,6	50,8	32,4	83,2	11,0	27,0	38,0	24,0	62,0	21,2
Алматы обл.	5,5	14,4	51,3	28,8	80,1	14,0	23,0	41,0	21,0	62,0	18,1
Атырау обл.	7,0	15,3	58,5	19,2	77,7	34,0	23,0	38,0	6,0	44,0	33,7
ШҚО	9,0	19,7	47,3	23,9	71,2	14,0	49,0	26,0	9,0	35,0	36,2
Жамбыл обл.	15,2	19,0	37,7	28,0	65,7	43,0	23,0	28,0	5,0	33,0	32,7
БҚО	5,5	9,8	51,1	33,6	84,7	14,0	34,0	36,0	16,0	52,0	32,7
Қарағанды обл.	2,5	8,7	38,4	50,4	88,8	2,0	48,0	35,0	15,0	50,0	38,8
Қостанай обл.	5,0	7,7	45,3	42,0	87,3	8,0	17,0	40,0	33,0	73,0	14,3
Қызылорда обл.	8,5	8,5	51,9	31,0	82,9	20,0	28,0	0,0	49,0	49,0	33,9
Маңғыстау обл.	16,4	23,9	47,5	12,2	59,7	55,0	18,0	24,0	4,0	28,0	31,7
Павлодар обл.	3,3	9,3	58,9	28,5	87,4	14,0	30,0	54,0	2,0	56,0	31,4
СҚО	7,5	9,3	51,3	31,9	83,2	16,0	33,0	35,0	16,0	51,0	32,2
ОҚО	10,8	7,9	54,2	27,1	81,3	27,0	29,0	39,0	6,0	45,0	36,3
Орташа	7,9	12,0	49,6	30,5	80,1	23,6	28,6	33,7	13,2	46,9	33,2

Сондай-ақ, балалардан белгілі нақты құқықтарды атау сұралды. Нақты құқықтарының білім көрсеткіші орташасында 40%-ды (2-кесте) құрады. Бір де бір құқықты белгілемеген балалардың үлесі 2,6%-ды құрады, балалардың 37,5% бірден бес құқықты белгілеген, 25,2% - 6-10 құқықтарын, 16,8% - 11-15 және 18% - 16 және одан да көп құқықтарды атады. Яғни сауалнамаға қатысқан балалардың (60%) жартысынан көбі бестен артық құқық біледі.

Нақты құқықтар туралы білімдерін анықтау барысында балаларға төмендегі құқықтар жақсы таныс болып шықты: ата-ана қамқорлығына құқылы (бұл құқықты 71,4% жағдайда атап өтті), өмір сүруге (62,4%), тегін білім алуға (57,0%), дұрыс дамуға (53,9%), медициналық қызметтің көрсетілуіне (51,3%). Балаларға аз танымал құқықтарға мыналар жатады: хат-хабар құпиясы (16,2%), бейбіт жиналыстар, қоғамдастықтар құру

(18,0%), экономикалық қанаудан қорғау (21,2%). Бұл үрдістер барлық дерлік аймақтарда сақталады. Алайда, аймақтар бойынша балалардың белгілі бір құқықтарын білудегі елеулі айырмашылықтар өзіне көңіл аударады:

- Алматы қаласының тұрғындары басқа аймақтағы балаларға қарағанда өз ойларын еркін білдіру құқығын (58%) және лайықты тұрғын үй (43%) алуға құқығын неғұрлым жиі белгілейді;
- Ақмола облысы - өз жеке пікіріне (65%), зорлық-зомбылық пен қатыгездік қорғалуға (56%) және лайықты тұрғын үйге (44%);
- ШҚО – өмірге (83%), есімге және азаматтыққа (65%), денсаулық сақтауға (64%), зорлық-зомбылық пен қатыгездіктен қорғалуға (53%), лайықты тұрғын-үйге (46%);
- Жамбыл облысы - есім және азаматтыққа (78%), денсаулық сақтау (65%), демалыс және бос уақытқа (62%),
- БҚО-нда үздіксіз дамуға құқықтары (67%), құрметтеу, жеке өміріне қол сұғылмауы (50%), теңдік (46%), бейбіт жиналыстар құруға, бірлестіктер құруға (35%), экономикалық қанаудан қорғауды (35%), жыныстық қанау мен зорлықтың барлық түрлері (36%) жайлы құқықтарын жақсырақ біледі;
- Қостанай облысында өмір сүру құқығын (76%), есімге және азаматтыққа (69%) құқықтарын басқа аймақтарға қарағанда жиірек белгілейді;
- Павлодар облысы - экономикалық қанаудан қорғалу (35%), өз дінін таныту, рәсімдерін орындау (45%), демалыс және бос уақыт (59%), ақпарат алу (46%), өз ойларын еркін білдіруге (61%) құқықтарды жиі көрсетті.

3-кесте. Өңірлер бойынша балалардың белгілі бір құқықтарды білуі N=3582, %

	Өмір	Есім және азаматтық	Ата-аналар қамқорлығы	Өзінің даралығын сақтап қалу	Тегін бастауыш және орта білім алу	Дені сау болып даму	Медициналық қызмет көрсету	Мемлекет тарапынан қамқорлық пен қорғау	Теңдік	Сыйластық, абыройына, жеке өміріне қол сұғылмаушылық	Өз ой-пікірін, көзқарасын еркін білдіру	Жеке пікір	Корреспонденция, хат жазысу	Қатыгездіктен қараудан, зорлаудан	Ақпарат алу	Демалыс пен бос уақыт	Ерекше мұқтаждық кезінде мемлекет тарапынан қосымша көмектер алу	Лайықты баспана	Өз дінін, тілін тану	Экономикалық қанаудан қорғау	Сексуалды қанаудың және азғырудың барлық түрлерінен қорғау	Бейбіт жиындарға, қауымдастыққа	Орташасы
Астана қ.	52	46	72	32	51	53	47	41	28	30	41	41	15	37	37	43	27	35	32	19	21	22	37
Алматы қ.	61	45	74	32	59	62	50	34	31	41	58	51	19	43	41	45	34	43	39	27	28	23	43
Ақмола обл.	67	51	77	29	61	63	63	44	39	33	53	65	19	56	34	50	35	44	42	19	31	18	45
Ақтөбе обл.	59	51	68	34	59	59	52	28	31	39	50	42	15	31	31	42	24	27	29	16	20	17	37
Алматы обл.	69	44	53	34	50	41	44	26	45	31	39	48	10	35	36	34	27	20	26	17	16	11	34

	Өмір	Есім және азаматтық	Ата-аналар қамқорлығы	Өзінің даралығын сақтап қалу	Тегін бастауыш және орта білім алу	Дені сау болып даму	Медициналық қызмет көрсету	Мемлекет тарапынан қамқорлық пен қорғау	Тендік	Сыйластық, абыройына, жеке өміріне қол сұғылмаушылық	Өз ой-пікірін, көзқарасын еркін білдіру	Жеке пікір	Корреспонденция, хат жазысу	Қатыгездікпен қараудан, зорлаудан	Ақпарат алу	Демалыс пен бос уақыт	Ерекше мұқтаждық кезінде мемлекет тарапынан қосымша көмектер алу	Лайықты баспана	Өз дінін, тілін тану	Экономикалық қанаудан қорғау	Сексуалды қанаудың және азғырудың барлық түрлерінен қорғау	Бейбіт жиындарға, қауымдастыққа	Орташасы
Атырау обл.	47	42	67	20	56	49	37	33	34	35	51	43	11	35	31	36	30	27	28	12	15	13	34
ШҚО	83	65	76	39	60	55	64	42	40	41	48	57	25	53	39	44	40	46	35	30	33	20	47
Жамбыл обл.	72	78	89	31	63	54	65	31	33	32	44	43	16	39	27	62	23	38	28	17	29	16	42
БҚО	58	55	78	39	58	67	50	40	46	50	53	55	26	48	44	56	34	42	42	35	36	35	48
Қарағанды обл.	69	54	69	26	61	56	57	40	39	40	53	50	19	47	34	49	34	38	39	24	27	23	43
Қостанай обл.	76	69	76	30	62	50	61	44	31	45	42	45	17	44	32	53	33	32	38	30	30	19	44
Қызылорда обл.	61	40	77	30	56	48	40	17	24	30	47	40	10	29	25	40	16	20	30	10	8	9	32
Маңғыстау обл.	43	26	52	26	33	38	33	19	16	23	27	27	7	14	24	30	16	15	16	8	8	7	23
Павлодар	74	56	82	33	76	61	64	39	36	46	61	55	18	48	46	59	33	33	45	35	28	20	48
СҚО	64	56	71	30	56	54	52	36	34	40	50	58	20	48	38	48	36	37	40	20	23	18	42
ОҚО	50	38	66	25	52	52	43	25	29	38	44	41	14	31	28	41	22	32	30	19	21	18	35
Орташа	62	51	71	30	57	54	51	34	34	37	48	47	16	40	34	46	29	33	33	21	24	18	40

Біз қалалық және ауылдық аудандар арасындағы зерттеу нәтижелерін салыстырсақ, онда қала тұрғындары, ауыл тұрғындарына қарағанда белгілі құқықтарын жақсы біледі деп белгілеуге болады, әсіресе: зорлық-зомбылықтан қорғау және қатыгездікпен қарау (қала- 43,4%, ауыл - 30,9%), өз ойын еркін білдіруге (50,5% және 39,9% тиісінше), өз дінін тануға, оның рәсімдерін орындауға, ана тілін пайдалануға (тиісінше 36,3% және 26,2%,) ақпарат алуға (37,3% және тиісінше 27,3%,).

4-кесте. Қала/ауыл бойынша балалардың нақты құқықтарды білуі, N=3582,%

Баланың құқығы	Қала	Ауыл	Айырма-шылық
Ата-ана қамқорлығы	73,6	66,8	6,8
Өмір сүру	62,5	62,7	-0,2
Тегін бастауыш және орта білім алу	58,9	52,9	6,0
Дұрыс даму	55,6	50,4	5,2
Медициналық қызмет көрсету	53,3	48	5,3

Баланың құқығы	Қала	Ауыл	Айырма-шылық
Есімі мен азаматтық	51,4	51	0,4
Өз ойын ашық айту	50,5	39,9	10,6
Жеке пікір	49,9	40,7	9,2
Демалыс пен бос уақыт	48,4	41,5	6,9
Зорлық-зомбылықтан және қатыгездіктен қорғау	43,4	30,9	12,5
Сыйластық, абыройына, жеке өміріне қол сұқпау	39,4	32,5	6,9
Ақпарат алу	37,3	27,3	10,0
Теңдік	34,9	30,8	4,1
Мемлекет тарапынан қамқорлық пен қорғау	36	28,3	7,7
Өз дінін тұтынып, оның рәсімдерін орындауға, ана тілінде сөйлеу	36,3	26,2	10,1
Лайықты баспана	35,1	28,5	6,6
Жеке басының даралығын сақтап қалу	31,8	27,3	4,5
Ерекше мұқтаж кезінде мемлекеттен қосымша көмек (мысалы, мүмкінділігі шектеулі балалар)	30,7	24,2	6,5
Нәпсіқұмарлық қанаудың және нәпсіқұмарлық азғырудың барлық түрінен қорғау	26,4	17,2	9,2
Білім алуға кедергі келтіретін, қауіп төндіретін кез-келген жұмысты орындаудан және экономикалық қанаудан қорғауға	22,3	19,4	2,9
Бейбіт жиналыстар, қауымдастық құру	18,7	15,9	2,8
Хат-хабар құпиясы	17	14,5	2,5
Басқасы	2,7	2,9	-0,2

Өткізілген зерттеудің шеңберінде балаларға балалар құқықтарын қорғауды реттейтін заңдар бойынша олардың хабардарлығы жайлы сұрақ қойылды. Осы топ сауалнамаға жауап берушілердің көпшілігі заңдардың атын айта алмады, дегенмен - 37,7%, кейбіреулердің мәнін анықтай алды.

1.2. Ақпарат көздері

Балалар негізінде бала құқықтары туралы білімдерін үш дереккөзінен, яғни ата-аналар мен туысқандарынан (72,1%), мектеп мұғалімдерінен (60,0%) және интернеттен (36,9%) алады. Теледидар (25,2%), мектеп психологы (22,5%), достар (20,1%) маңыздылығы төмен ақпарат көзі болып табылады. Балалар үшін құқық туралы білім алу кезінде газеттер (12,9%), фильмдер (11,0%), кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор (11,1%) радио (4,4%) маңызды роль атқармайды.

Әртүрлі өңірде балалардың ақпарат көздерінің түрлері әртүрлі: Алматы қ., БҚО, Павлодар облысында басқаларға қарағанда газет жиі белгіленеді (сәйкесінше 20,1%, 20,7%, 15,9%), БҚО, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар және СҚО облыстарында білімді тарату кезінде мектеп психологы маңызды орынға ие (орташа алғанда шамамен 30%).

1.3. Өз міндеттерін білу

Іс жүзінде барлық балалар (91,8%) қандай да бір міндетке ие екендіктерін мойындайды. Дегенмен сауалға жауап берушілердің 3,8%-ы

өздерінде ешқандай міндет жоқ екендігін көрсетсе, 4,4%-ы осы сұраққа жауап беруге қиналғандар, демек олар бұл сұрақ төңірегінде ешқашан ойланбағандығын байқаймыз.

Балалардың ойынша олардың негізгі міндеттеріне жақсы оқу (90,8%), ата-аналарға үй шаруасына көмектесу (77,8%), өз денсаулығын қорғау (61,1%), жасы кіші бауырлары мен қарындастарына қамқор болу (57,3%), жақсы тамақтану (28,8%) кіреді. Көп балалы отбасынан шыққан балалар (4 одан да көп балалар) ата-аналарына көмектесу және өз денсаулығын күту міндеттерін басқаларға қарағанда сирек көрсеткен. Аталған мәселе бойынша негізгі ерекшеліктер өңірлер арасында байқалмайды, сауалға жауап берушілер барлық жерде сабақ оқу, ата-аналарын тыңдау және үй шаруасына көмектесу деген міндеттерді жиі атап көрсетті.

1-карта. Ақпараттанған балалар үлесі (%)



2 тарау. Балалардың құқықтық қорғалу деңгейін бағалау

2.1. Құқықтардың сақталуының жалпы қанағаттанушылығы

Республиканың сауалнамаға жауап берген балалардың барлығы дерлік 82,2%-ы өз құқықтарының сақталуымен қанағаттанады: балалардың 63%-ы өздерінің құқықтары толық сақталады десе, 19,2%-ы құқықтардың жартысынан көбісі сақталады, 10%-ы жартысы сақталады, 5% - тек аз бөлігі ғана сақталады және 3% - мүлдем сақталмайды деп белгіледі. 2010 жылы балалардың 59%-ы барлық құқық сақталады деп белгілеген, яғни 2016 жылы көрсеткіш 4%-ға өсті.

Барлық өңірлердегі балаларға жүргізілген сауалнаманың нәтижелері бойынша Жамбыл облысының, сондай-ақ Қызылорда облысының тұрғындары өз құқықтарының сақталуын оптимистік тұрғыдан көп бағалаған (80%-ы өздерінің барлық құқықтары сақталады деп көрсетті). Алайда осы өңірлердің сауалнамаға жауап берушілердің құқықтарын нақты білуі туралы сұраққа сенімсіз жауаптар берді.

2016 жылы Маңғыстау (46%) мен ШҚО (48%) облыстарының балалары басқа өңірдегілермен салыстырғанда өз құқықтарының толық сақталуын сирек көрсеткен. ШҚО балалардың 7%-ы өздерінің құқықтары сақталмайды және 8%-ы тек шағын бөлігі ғана сақталады деп көрсетті.

3-диаграмма. Балалардың пікірінше бала құқықтарының сақталуы, N=3209, %



Сондай-ақ ата-аналардың басым бөлігі балалардың құқығы сақталады деп санайды (88,7%). Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 11,3%-ы өз балаларының құқығы мүлде сақталмайды десе, 10,5%-ы жауап беруге қиналды.

Білім беру ұйымдарындағы мамандардың 78,2%-ы бала құқықтары толық сақталады деген пікірді ұстанса, 17,5%-ы жартылай, ал 1,1%-ы мүлде сақталмайды дейді, ал мамандардың 3,2%-ы осы сұраққа жауап беруге қиналды.

2.2. Сақталмайтын құқықтар

Сауалнамаға қатысқан балалар төмендегі құқықтардың сақталмауына риза еместігін жиі көрсетті: сөз бостандығы (11,2%), денсаулық сақтау (9,8%), өз ойын ашық айту (8,7%), бас бостандығы (8,2%), теңдік (7,3%), демалыс пен бос уақыт (7,5%).

5-кесте. Балалардың пікірінше сақталмайтын құқықтар, N=2913, %

Құқықтар сақталмайды:	**%**
сөз бостандығы	11,2
денсаулық сақтау	9,8
өз ойын ашық айту	8,7
бас бостандығы	8,2
демалыс және бос уақыт	7,5
теңдік	7,3
сыйластық, абыройына, жеке өміріне қол сұқпау	6,8
ата-ана қамқорлығы	6,7
хат-хабар құпиясы	6,6
мемлекеттік жәрдем	6,6
білім алу	6,1
зорлық-зомбылықтан қорғау	5,8
жеке басының даралығын сақтап қалу	5,6
нәпсіқұмарлық қанаудың және нәпсіқұмарлық азғырудың барлық түрінен қорғау	4,9
лайықты баспана	4,2
өз дінін тұтынып, оның салт-жораларын ұстану және ана тілінде сөйлеу	4,2
ақпарат алу	3,5
экономикалық қанаудан қорғау	3,1
бейбіт жиналыстар, қауымдастықтар құру	2,9

Ата-аналар жағдайды басқаша қабылдайды. Алдымен олар балалардың мынадай құқықтары бұзылатындығын атап өтеді: денсаулық сақтау (13,6%), мемлекеттік жәрдем (10,1%), лайықты баспана (11,5%), өз ойын білдіру (8,7%), теңдік (7,1%), сөз бостандығы (7,1%) құқықтары бойынша.

2016 жылғы зерттеу жұмысы баланың өмір сүретін өңірлері бойынша балалардың құқықтарын сақтауды қабылдау кезіндегі айтарлықтай айырмашылықты анықтады. Мысалы, Алматы облысымен (1%) салыстырғанда Жамбыл облысында денсаулық сақтау құқығын (24%) орындау кезінде көп наразылық танытқан. Қызылорда мен Жамбыл облыстарымен (2%-дан) салыстырғанда Ақмола облысында сұраққа жауап

берген балалардың басым бөлігі сөз бостандығы құқығының сақталмайтындығын көрсеткен (22%); Жамбыл облысы мен ШҚО нәпсіқұмарлық қанаудан қорғау құқығын жүзеге асыру кезінде көңілдері толмайтындығын білдірді (сәйкесінше 18% және 12%), ал ШҚО ата-ана қамқорлығы құқығына разы емес (18%).

6-кесте. Балалардың пікірінше сақталмайтын құқықтар, өңірлерге шаққанда, N=2913, %

Құқықтар сақталмайды:	Астана к.	Алматы к.	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	ШҚО	Жамбыл	БҚО	Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Павлодар	СҚО	ОҚО
денсаулық сақтау	12	4	9	15	1	15	19	24	14	3	10	3	26	8	7	7
бас бостандығы	10	9	15	9	6	10	14	3	13	2	9	4	7	6	9	12
сөз бостандығы	19	8	22	10	19	20	19	2	16	7	10	2	8	8	15	13
білім алу	6	5	4	10	0	9	11	11	11	3	6	1	12	5	5	5
мемлекеттік жәрдем	7	5	11	5	1	15	13	11	8	6	6	1	13	2	6	5
ата-ана қамқорлығы	11	5	3	11	3	7	18	9	8	3	3	1	13	4	5	6
жеке басының даралығын сақтап қалу	13	6	11	6	8	7	14	1	5	2	5	1	4	4	6	4
теңдік	10	6	16	8	12	11	15	1	10	5	9	2	2	5	7	8
сыйластық, абыройына, жеке өміріне қол сұқпау	9	9	14	9	9	11	11	2	9	4	7	2	5	4	7	6
өз ойын ашық айту	11	6	18	11	19	12	13	3	14	5	8	4	7	6	10	8
хат-хабар құпиясы	9	7	11	7	9	6	8	1	11	2	11	2	3	8	11	7
зорлық-зомбылықтан қорғау	7	7	5	6	0	7	12	13	15	3	7	2	15	2	2	4
ақпарат алу	5	4	2	6	1	4	10	4	3	3	2	2	6	2	3	1
демалыс және бос уақыт	5	6	4	11	5	15	16	22	17	3	6	2	8	7	5	4
лайықты баспана	5	6	10	4	4	4	5	1	7	4	4	2	3	4	3	6
өз дінін тұтынып, оның салт-жораларын ұстану және	7	4	3	5	3	3	14	0	7	1	4	2	4	3	4	4

ана тілінде сөйлеу																
экономикалық қанаудан қорғау	2	5	1	4	4	3	6	1	9	1	3	2	3	3	3	2
нәпсіқұмарлық қанаудың және нәпсіқұмарлық азғырудың барлық түрінен қорғау	5	7	5	5	0	3	12	18	10	3	6	1	7	4	2	3
бейбіт жиналыстар, қауымдастықтар құру	3	3	4	3	0	3	7	11	3	0	4	2	3	1	3	3

Жамбыл мен Қызылорда облыстарының тұрғындары барлық дерлік құқықтар сақталады деп көрсеткендеріне қарамастан, белгілі құқықтарды білу туралы сұрақтарға жауап бергенде осы өңірлердегі сауалнамаға қатысушылар қиындықтарға тап болды.

Сұрақтарға жауап берген мамандардың пікірінше сапалы медициналық қызмет көрсету (толық көлемде 64,1%, жартылай - 30%), хат-хабар құпиясы (67,4% - толық көлемде, 22,8% - жартылай), әлеуметтік қамту игілігі/әлеуметтік қорғау (70,9% - толық көлемде, 24,6% - жартылай) құқықтары аз дәрежеде сақталатындықтарын атап өтті.

4-диаграмма. Мамандардың пікірінше, балалардың жеке құқықтарын сақтауы (%).



2.3. *Білім беру ұйымдарында құқықтардың сақталуы*

Осы зерттеу шеңберінде балаларға өздері білім алып жатқан білім беру ұйымдарындағы құқықтардың сақталуы туралы сұрақ қойылды. Орта есеппен балалардың 64%-ы білім беру ұйымдарында барлық құқықтары сақталады десе, 20,9%-ы жартылай сақталады деп жауап берді. Шамамен балалардың 5%-ы олардың тек кейбір құқықтары сақталады немесе мүлде сақталмайды деп көрсетті.

Басқалармен салыстырғанда Атырау облысы (47,7%) мен Ақмола облысындағы (51,2%) балалар мектептерде барлық құқықтары сақталады дегенді сирек белгілеген. Алайда бұл өңірлерде «құқықтардың көбісін» орындау кезіндегі бағалау деңгейі жоғары. ШҚО мен Маңғыстау облыстарында мектептерде балалардың құқықтарын жартылай сақтауды сипаттайтын жауаптар саны жоғары. 2010 жылы Қызылорда (8%), Маңғыстау (31%) облыстары және Астана қаласында (37%) құқықтардың сақталуына риза болған балалардың үлесі өте аз болған.

7-кесте. Білім беру ұйымдарындағы балалардың құқықтарының сақталуы, балалардың жауаптары, %

	Иә, барлығы	Көбісі сақталады	Жартысына жуығы	Жартысынан азы	Тек кейбіреуі ғана	Мүлде сақталмайды	Барлығы
Астана қ.	62,6	25,7	5,8	1,9	2,9	1	100
Алматы қ.	71,3	12,8	7,7	1,5	5,6	1	100
Ақмола обл.	51,2	32,4	6,5	3,5	6,5	0	100
Ақтөбе обл.	68,2	20,1	5,4	1,7	3,3	1,3	100
Алматы обл.	66,5	23,3	6,6	0,4	2,2	0,9	100
Атырау обл.	47,7	33,3	10,8	2,3	4,1	1,8	100
ШҚО	52,2	24,7	9	5,6	7,9	0,6	100
Жамбыл обл.	83,7	12,7	1,8	0,7	1,1	0	100
БҚО	71,1	15,1	6,9	1,3	4,7	0,9	100
Қарағанды обл.	72,2	14,8	5,9	1,7	4,6	0,8	100
Қостанай обл.	60	21,7	7,4	2,9	6,3	1,7	100
Қызылорда обл.	83,6	10,2	2,3	0,8	2,3	0,8	100
Маңғыстау обл.	53,2	20,8	13	7,4	4,6	0,9	100
Павлодар обл.	66,8	20,3	5,2	0,4	6,9	0,4	100
СҚО	55	24,3	11,5	4,1	4,6	0,5	100
ОҚО	60,9	22,9	4,9	3,8	6,8	0,8	100
Орташа	**64,4**	**20,9**	**6,9**	**2,5**	**4,6**	**0,8**	**100**

2.4. *Осал топтағы балалардың құқықтарының сақталуы*

Балалармен жұмыс жасайтын мамандарға жүргізілген сауалнаманың нәтижелері бойынша мамандар орташа алғанда 73,9% жағдайда осал топтағы балалардың барлық құқығы сақталады десе, 18,8% - құқықтардың жартылай

сақталуын, 0,6% - мүлде сақталмауын және 6,6% - бұл сұраққа жауап беруге қиналатындығын атап өтті.

Мамандардың пікірінше, құқықтарды қамтамасыз ету сұрақтарында ең осал ретінде материалдық жағдайы төмен отбасыдан шыққан балалар болып саналады (құқықтардың толық сақталуы – 67,2%). Бірнеше сауалнамаға жауап берушілердің пікірлері бойынша мемлекет тарапынан осы топтарға айтарлықтай көңіл бөлінбейді. Материалдық көмек әрдайым көрсетілмейді, балалардың жоғары оқу орындарында білімін әрі қарай жалғастыруға, балабақшаларға баруға, аз қамтылған отбасылар үшін сыныптан тыс дамыту үйірмелеріне, секцияларға ата-аналардың ақша төлеуге мүмкіндіктері шектеулі. Сондай-ақ девиантты мінез-құлықты балалардың (71,1% мамандар олардың барлық құқықтары сақталады деп санайды) және шалғай ауылдағы балалардың (71,6%), оралман балалардың (72%) құқықтарының сақталуына назар аудару қажет.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ең қолайлы жағдайға ие, мамандардың 81,7%-ы олардың барлық құқықтары толық сақталады деп көрсетеді.

8-кесте. Осал топтағы балалардың құқықтарының сақталуы, мамандардың жауаптары, %

... балалар	Иә, барлығы	Жартылай	Мүлде сақталмайды	Жауап беруге қиналамын	Барлығы
Мүмкіндігі шектеулі	74,9	20,7	0,3	4,1	100
Материалдық жағдайы төмен отбасындағы	67,2	29,7	0,5	2,6	100
Этникалық, тілдері аз өкілдерінің	74,9	17,3	0,7	7,1	100
Жетім балалар немесе ата-ананың қамқорлығынсыз қалған	81,7	15,0	0,2	3	100
Девиантты мінез-құлықты	71,1	20,6	0,9	7,5	100
Мигрант	72,0	15,2	0,9	11,9	100
Оралман	77,6	12,9	1,0	8,6	100
Шалғай ауылдағы	71,6	19,2	0,7	8,6	100

Мүмкіндігі шектеулі балаларда мәселе көп. Мамандар материалдық проблемаларға мемлекеттік көмектің жетіспеушілігін, аз көлемдегі жәрдем ақыны, мүгедек балаларға ата-аналарының қолдауының жеткіліксіздігін жатқызады. Сонымен қатар әлеуметтену үшін инфрақұрылымдық жағдайлар жасалмаған - білім беру ұйымдары мен қоғамдық орындарда арбамен қозғалу үшін еңбекке қолжетімділік, толыққанды қашықтықтан оқыту жоқ. Жоғарыда аталған мәселелерді бірнеше мекемелермен біріге отырып шешу керек (әкімшілік, білім беру, әлеуметтік қорғау салалары), шындығында жауапкершілікті мемлекеттік құрылымдар өзара бір-біріне арта салады.

Қарапайым азаматтар деңгейінде мүгедектерді сау адамдармен теңестіріп, толық шартсыз қабылдау орын алмаған, дегенмен сауалнамадағы жауаптардың деңгейінде ізгі ниеттілік жоғары. Мектептердегі және колледждердегі балалардың ата-аналары өз балаларының мүгедек балалармен қатар отыруына қарсы еместіктерін білдірді (мұндай жағдайға оң көзбен қараймын - 69,9%, қарсы болмаймын – 12,6%).

Құқық бұзған баламен бір партада қатар отыру жағдайы қиынырақ. Олардың балалары осындай оқушы болуы мүмкін деген жағдаймен көп ата-аналар келіспейді (11,4% - оң көзқарастарын білдірсе, 7,7%-ы қарсы болмайды, қалған ата-аналар бұл фактіге риза емес, немесе мұндай көршіден аулақ болғанды жөн санайды). Сұраққа жауап берген ата-аналардың балаларын ішімдік, есірткі пайдаланатын оқушымен қатар отырғызу жағдайы қатты алаңдатады (келіскен ата-аналардың үлесі 10%-дан төмен).

Ата-аналардың жартысынан көбі өз балаларының қолайсыз отбасынан шыққан баламен қатар отырғанына қарсы емес. 59%-ы келіссе, 13,3%-ы түбегейлі қарсы. Жетімдерге қатысты жылы шырайлы көзқарас танытушылардың үлесі 93%, сондай-ақ кедей отбасынан шыққан балаға да жақсы қарайтын ата-аналар 94%-ды құрады. Мигрант, босқындардың балаларына да тілектестік қарым-қатынас орнаған, ата-аналардың 72%-ы мұндай балалармен көрші болуына оң көзқараспен қарайтындықтарын айтты. Оралман балалар да шеттетілмейді (84,5%-ы жақсы қарайды немесе салғырт қарайды). Ал қаңғыбастыққа салынған балаға байқап, ойланып қарайды, тек ата-аналардың 24%-ы ғана мұндай көршілестікке өздерін байсалды ұстайды.

Отбасында бала саны көп болған сайын, кәмелетке толмаған сауалнамаға қатысушылар денсаулық сақтау, жеке бас бостандығы, ата-ана қамқорлығы, мемлекеттік көмек құқықтарына жиі қол жеткізе алмайтындығын атап көрсетті. Жауап алынған көп балалы отбасыдан шыққан балалар жеке басының даралығын сақтау, жеке өміріне қол сұқпау, өз ойын ашық айту, хат-хабар құпия құқықтарының сақталуына аз көңіл бөледі.

3 тарау. Педагогтардың, тәрбиешілердің, ата-аналардың, мемлекеттік қызмет көрсету өкілдері және бала тәрбиесіне қатысатын басқа да тұлғалардың БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі Конвенцияның негізгі ережелерін орындауы

3.1. Білім беру ұйымдарында балалардың жеке құқықтарының сақталуы

Білім алу құқығы (қолжетімділік және сапа)

Балалардың тегін білім алу құқығы – мемлекет қамтамасыз ететін негізгі құқықтардың бірі. Сауалнамаға жауап берген балалардың 89,7%-ы бұл құқық республикадағы барлық балалар үшін қолжетімді деп санайды. Осы құқық барлық балаға қолжетімді деген сенімділіктің ең төмен пайызы Астана қ., Ақмола, СҚО, ШҚО облыстарында кездеседі. Есесіне Жамбыл облысындағы балалардың 97,5%-ы тегін білім алу барлық балалар үшін қолжетімді деп көрсетті. Сауалнама жүргізілген кезде отбасында өмір сүріп жатқан балалардың 99,5%-ы қандай да бір ресми білім нысанын алып жатты. Олардың басым бөлігі (70,3%) мемлекеттік жалпы білім беретін мектептерде, 19,2% - мемлекеттік гимназиялар мен лицейлерде, 2,5%-ы жеке меншік гимназиялар мен лицейлерде, 6,1%-ы колледждерде немесе лицейлерде, 0,5%-ы кәсіптік лицейлерде білім алады.

Балалардың өздеріне білім алу ұнай ма?

Балалар үшін мектеп – тек білім алатын орын ғана емес.

Сауалнама көрсеткендей, балалардың 64%-ына үнемі мектепке барған ұнаса, 34,1%-ына үнемі ұнай бермейді. Аз балаға сабақ қызықты болады – 59,1%, ал балалардың 39,2%-ына сабақ үнемі қызықсыз. Сұрақтарға жауап берген балалардың жартысынан азына (45,2%) сабақ оқу оңайға түссе, балалардың 51,6%-ына үнемі оңай бола бермейді.

Оқушы оқу бағдарламасын жақсы меңгеруі үшін ол мұғалімнің түсіндіргенін ұғып, оқулықта берілген материал түсінікті болу қажеттігі барлықтарымызға белгілі. Балаларға жүргізілген сауалнаманың нәтижелері бойынша оқушылардың жартысынан азы мұғалімнің айтқанын үнемі жақсы түсінеді (47,9%), оқулықтарда берілген материалдарды 52,2%-ы түсінеді. Демек, оқушылардың жартысына жуығы мұғалім мен оқулықты жақсы түсінбейді. Балалардың 64,9%-ы жаңа тақырыпты түсінбеген кезде мұғалімнен бірден сұрай алады, бірақ 25,6%-ы түсінбеген материалды қайта түсіндіріп беруін үнемі сұрай бермейді.

Жамбыл мен Қызылорда облыстарындағы балалар мектепке, колледжге баруды басқаларға қарағанда көбірек жақсы көреді. Осы облыстар бойынша сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі сабақ оқығанды ұнататындықтарын (сәйкесінше 86% және 81,5%), сабақ үнемі қызық болатындығын атап көрсетті. Қалған өңірлердегі оқушылар кейде «мектепке мүлде барғылары келмейтіндіктерін» ашып айтты. Ақмола мен Атырау облыстарында жауап бергендердің төрттен бір бөлігі ғана сабақ оқу оңай екендігін атап көрсетті. Қалғандары мұғалімнің айтқанын бірден түсінбейді.

Жастық топтардың арасында оқудан қанағат алу жөніндегі жауаптарда айтарлықтай алшақтықтар бар. 10 жасқа дейінгілерге мектепке бару ұнайды, сабақтар да қызықты, сұралғандардың басым көпшілігіне барлығы едәуір түсінікті. 13 жастан бастап білімге деген қызығушылықтары біртіндеп түсе бастайды, «үнемі емес» - үнемі ұнамайды, үнемі түсінікті емес, үнемі қызықты емес деген жауаптар жиірек кездеседі.

Қызығы, ауыл және аудан орталықтарында балалардың көбісі облыс орталықтары мен шағын/орта қалаларға қарағанда мектепке баруды ұнатады. Сонымен қатар мұндағы елді мекендерде оқушыларға жоғары бағаларды жиірек қояды.

Сабақты босату, білімнің болмауы, оқулықтардың тапшылығы жалпы оқу үдерісінде қиындықтар туғызады (Маңғыстау облысы – 10,8%).

Ересектердің бақылауы

Білім беру ұйымдарына қарағанда ата-аналар баланың сабаққа қатысуын қатаң бақылайтындығын сауалнамаға қатысушылардың жауаптарынан байқауға болады (ата-аналардың 86,6%-ы үнемі бақылап отырады, 10%-ы үнемі емес). 70,2% оқушылар ата-аналар балалармен бірге мектеп мәселесін талқылайды, ал 23,1% - үнемі емес деп көрсетті.

Алатын білімнің сапасын бағалау

Оқушылардың көпшілігінің пікірлері бойынша өздерінің білім беру ұйымдарының білім сапасы өте жақсы және жақсы. Әсіресе Алматы қаласында білім деңгейіне ерекше риза (оқушылардың 60,2% оларға өте жақсы білім беріп жатыр деп санайды). Атырау (оқушылардың 29,9% «өте жақсы білім» деп көрсетті), Маңғыстау (32,5% оқушылар), Жамбыл (35,4%) облыстарында білім сапасына ең төмен баға берді. Осы үш өңірде мектептерде жеткілікті түрде білім берілмейді деген жауаптардың саны өте көп.

5-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде оқушылардың пікірі бойынша білім сапасы, N=3505, %



3.2. Қорғалу және көмек алу құқығы

Мектептегі қауіпсіздік

Сауалнамаға қатысқан балалардың басым бөлігі үшін мектеп қауіпсіз орын болып табылады (92,6%). Балалардың 7,4%-ы үшін қауіпті. Мектепті қауіпсіз орын ретінде бағалаған ата-аналардың үлесі әдетте – 90,1%. Ата-аналардың 9,7%-ы мектепті қауіпті деп санаса, 0,1%-ы жауап беруге қиналды.

6-диаграмма. Балалар мен ата-аналардың мектеп қауіпсіздігін бағалауы, %





Орыс немесе басқа тілде оқытылатын сыныптағы балаларға қарағанда (сәйкесінше 92% және 80%) қазақ тілінде оқытылатын сыныптың балалары өздерін мектеп қабырғасында жиі қауіпсіз сезінеді (93,4%).

Қызылорда (98,3%) және Жамбыл (97,9%) облыстарындағы балалардың басым бөлігі мектепті қауіпсіз деп санайды. Сондай-ақ Ақтөбе (94%), ОҚО (93,5%) Алматы (95,8%) облыстарындағы және Алматы қаласындағы (92,4%) балалар мектеп қабырғасында өздерін қауіпсіз санайды.

Мектептің қауіпсіздігіне аз сенімділік танытқандар Ақмола (11,9%), Қостанай (11,3%), ШҚО (11,9%) және Атырау (10,8%) облыстарында кездеседі. Бұл жерде мектептегі қауіпсіздіктің ең жоғары теріс бағасы белгіленген.

ОҚО (19,9%) және Атырау облыстарында (20,6%) ата-аналар мектепті қауіпсіз орын ретінде айтарлықтай сыни тұрғыдан бағалады. Теріс баға берген ата-аналардың басым бөлігі Астана қаласында (17,5%) және Павлодар облысында (13,6%) байқалады.

9-кесте. Ата-аналардың бала үшін мектептің/колледждің қауіпсіз екендігіне сенімділігі, N=2041, %

Астана қ.	Алматы қ.	Ақмола	Ақтөбе облысы	Алматы облысы	Атырау облысы	ШҚО	Жамбыл облысы	БҚО	Қарағанды облысы	Қостанай облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы	Павлодар облысы	СҚО	ОҚО
81,4	97,9	94,1	92,4	96,4	79,4	88,7	93,2	90,5	89,7	93,5	91,5	96,8	85,6	90,6	79,6

Неліктен мектеп бала үшін қауіпсіз орын болып табылмайтындықтың негізгі себептеріне мыналар жатады:

- оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас (14,5%),
- мектеп ауласына іргелес орналасқан қауіптер (жүретін жол, көлікті қоятын орын және т.б.), осылардың салдарынан балалар үнемі қауіпке ұшырайды (12,9%),
- мұғалімдер мен әкімшіліктің қарым-қатынасы (11,1%).

Оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас мәселесі көптеген өңірлер үшін аса маңызды, алайда Маңғыстау (85,7%), Павлодар (68,0%) және СҚО облыстары (66,7%) мектептегі төмен қауіпсіздікке ерекше әсер етеді.

Білім мекемесінің ауласына іргелес орналасқан қауіптер Атырау (65,2%), Қызылорда (63,6%) облыстары мен Астана қаласының (54,2%) ата-аналарын көбірек алаңдатады.

Мұғалімдер мен әкімшіліктің оқушыларға деген қарым-қатынасы ШҚО (33,3%), Павлодар (32,6%), Қызылорда облыстарында (30,0%) және СҚО (26,7%) сенімсіздік танытады.

Жалпы ата-аналарда бала үшін мектеп қауіпті орын деген пікірді қалыптастыратын мәселелер жиыны Атырау, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар облыстарында және Астана қаласында байқалады.

10-кесте. Өңірлер бөлінісінде неліктен мектеп қауіпсіз орын болып табылмайтындықтың себептері, N=1981, %

	Мұғалімдердің, әкімшіліктердің балаға деген қарым-қатынасынан	Оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынастан	Білім мекемесіндегі тамақтың сапасынан	білім мекемесінің ауласына іргелес жүретін жол, көлік қоятын орын	Пандустар жоқ, немесе қауіпті пандустар	Ерекше мұқтаж балалар үшін сүйеніштер жоқ
Астана қ.	20,0	10,5	36,8	54,2	36,4	15,0
Алматы қ.	2,7	1,8	0,9	2,7	0,9	
Ақмола обл.			33,3			
Ақтөбе обл.	8,5	17,0	6,4	6,4		2,1
Алматы обл.	1,9	1,3		0,6	0,6	
Атырау обл.	19,2	30,4	12,5	65,2	8,3	8,7
ШҚО	33,3	8,3	8,3	16,0	12,5	4,2
Жамбыл обл.	17,6	41,2	5,9	23,5		5,9
БҚО	18,2	36,4	13,6	34,8		4,5
Қарағанды обл.	10,7	21,4	3,6	32,1		
Қостанай обл.	9,7	8,3	5,1	3,4		
Қызылорда обл.	30,0	33,3	20,0	63,6		11,1
Маңғыстау обл.	14,3	85,7				57,1
Павлодар обл.	32,0	68,0	12,0	24,0		
СҚО	26,7	66,7	20,0	13,3		
ОҚО	14,4	12,1	3,2	10,5	0,8	0,8

Зорлық-зомбылық көрсету

Әдетте балалар зорлық-зомбылыққа ұшырамайды (92,0%). Зорлық-зомбылық жағдайлары туралы балалардың 8,0%-ы көрсетті. Бұл ретте тұрмыс жағдайды төмен отбасынан шыққан балалар тұрмысы жақсы балаға қарағанда зорлық-зомбылыққа жиі ұшырайды: тұрмысы төмен отбасының баласы мұндай жағдайға 26% ұшыраса, тұрмысы жақсы бала – 5,9%.

7-диаграмма. Материалдық жағдайына байланысты балаларға зорлық-зомбылық көрсету, N=3409, %



Ата-аналардың басым бөлігі өз балаларының мектепте зорлық-зомбылыққа ұшырамағаны туралы айтады – 91,5%, алайда 8,5%-ы мұндай фактілер орын алғандығын айтады.

Зорлық-зомбылық туралы орыс тілді немесе аралас мектепте оқитын балалардың ата-аналары жиі еске түсірді (сәйкесінше 10,5% және 13,6%). Ал қазақ мектебіндегі оқушылардың ата-аналары мұндай жағдай туралы аз айтты (6,2%).

Өңірлердің арасында ШҚО балалары зорлық-зомбылыққа көп ұшыраған (24,3%). Павлодар облысының балалары да мұндай жағдаймен ұшырасып отырған (14,3%). Мұндай жағдайға байланысты Алматы облысы (2,2%) мен Қызылорда облысының (2,4%) жағдайы басқаларға қарағанда едәуір жақсы.

Балалары зорлық-зомбылыққа ұшырамаған ата-аналардың үлесі келесі өңірлерде басым: БҚО (96,3%), Қызылорда (99,3%), Маңғыстау (94,5%), Ақмола (94,8%) және Жамбыл (94,4%) облыстары. Балаларына қатысты зорлық-зомбылық туралы Астана қ. (15,5%) және ШҚО (14,6%), Павлодар облысы (14,0%) мен СҚО (14,1%) ата-аналары жиі айтты.

11-кесте. Өңірлер бөлінісінде балаларға зорлық-зомбылық көрсету (кемсіту, соққыға жығу), %

Өңір	Астана қ.	Алматы қ.	Ақмола обл.	Ақтөбе обл.	Алматы обл.	Атырау обл.	ШҚО	Жамбыл обл.	БҚО	Қарағанды обл.	Қостанай обл.	Қызылорда обл.	Маңғыстау обл.	Павлодар обл.	СҚО	ОҚО
Балалар N=3409	10	9	9	6	2	7	24	2	6	9	8	2	10	14	6	6
Ата-аналар N=2170	16	7	5	8	11	11	15	5	4	11	6	1	5	14	14	10

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көбісі зорлық-зомбылық ауладағы бейтаныс балалардан келетіндіктерін айтады (4,7%). Ата-аналардың тек 1,4%-ы ғана мұғалімдер тарапынан көрсетілетін зорлық-зомбылықты көрсетті. Дәрігерлер (0,2%), полиция инспекторлары (0,3%) және туыстар (0,3%) зорлық-зомбылықпен ең аз айыпталды.

Өңірлер бөлінісінде Астана қ. (3,8%) мен ШҚО (5,5%) ата-аналары балаларға қатысты мұғалімдер тарапынан зорлық-зомбылықты көрсетуді жиі айыптайтынын айта кеткен жөн.

Медициналық қызметке жүгіну

Бала сырқаттанып қалған кезде ата-аналардың басым бөлігі кәсіби медициналық көмекке жүгінеді (80,3%, N=2332), дегенмен өз бетімен емдеумен айналысатындардың үлесіде баршылық – 15,8%. Кей жағдайларда балалар өз денсаулығын өзі ойлайды (2%). Ата-ананың көрсетуі бойынша тек бір жағдайда ғана ешкім емдеумен айналыспайтындығын, ауру өз бетімен жазылып кететіндігін айтқан (0,4%). Бала саны бесеу және одан да көп отбасында ата-аналар салыстырмалы түрде дәрігерлерге сирек жүгінеді (70,7%), балалар жиі өзін-өзі емдейді (11,3%).

12-кесте. Бала саны әртүрлі отбасыларда бала ауырып қалған жағдайда оны кім емдейді?, N=2332, %

Балалар саны	**Кім емдейді**				
	дәрігер	ата-ана	өзі емделеді	ешкім, өзі жазылып кетеді	басқа
1 бала	82,5	14,3	0,5	0,0	2,7
2 бала	79,5	16,4	1,7	0,5	1,9
3 бала	79,6	27,3	1,4	0,7	1,0
4 бала	82,7	14,2	2,2	0,6	0,3
5 және одан да көп	**70,7**	**22,6**	**11,3**	0,0	1,5

Ата-аналардың кәсіби медициналық көмекке жүгінбей, өз бетімен емдеумен айналысудың себебін анықтау мақсатында көбінесе медицинаға

сенімсіздік танытып, өз бетімен емдеуді жүргізетіндігі байқалды (6,3%). Ал тағы да басқа кеңінен тараған себептерге тұрғылықты елді мекенде медициналық мекеменің (6,0%) немесе қажет дәрігердің (7,0%) болмауы жатады. Дегенмен өте аз жағдайларда дәрігерге немесе дәріге жұмсалатын ақшаның болмауы да орын алған (3,9% және 3,7%).

8-диаграмма. Бала ауырып қалған жағдайда ата-аналардың медициналық көмектен бас тарту себептері, %



Егер бұл мәліметтерді отбасындағы бала санына қарай қарастыратын болсақ, онда көп балалы отбасыларында медициналық көмекке жүгінбеу себептеріне дәрігерге баратын ақшаның болмауы (32%) мен дәрі-дәрмек сатып алатын ақшаның жоқтығы жатады (20%). Ал бір немесе екі баласы бар отбасыларында – бұл медицинаға сенбей, өз бетімен емдеу себептері (20,8% және 20,2%). Демек, тегін медициналық көмектің көлемі көп балалы отбасын қажет медициналық күтіммен қамти алмайды, қаражаттың жетіспеушілігі ата-аналардың кәсіби көмекке жүгінуге кедергі келтіреді.

Вакцина көптеген балалар үшін қол жетімді медициналық көмек болып табылады – ата-аналардың 81,4%-ы барлық ұсынған екпелерді жасаса, ал 16,3%-ы тек кейбір екпелерге ғана рұқсат береді. Осы сұрақ бойынша бала санына қатысты ешқандай заңдылық жоқ. Өңірлерге қатысты айтатын болсақ, вакцинадан жиі бас тартатын ата-аналар 3 өңірде тұрады, бұл - БҚО (5,4%), Астана қ. (4%) және Маңғыстау облысы (2,4%).

Ал вакцинаға сенімсіздік танытатын өңірлерге Маңғыстау (15,8%) және Атырау (8,4%) облыстары жатады. Солай бола тұрса да басқа өңірлермен салыстырғанда аталған өңірлерде вакцинаға қатысты қандайда бір себептердің бар екендігі айтарлықтай байқалады.

Мектептегі медициналық көмек

Мектептерде көрсетілетін медициналық қызметтердің қол жетімділігін жалпы бағалау едәуір жоғары. Зерттеу нәтижелері бойынша, сұраққа жауап берген 79,1% балалардың пікірі бойынша медициналық қызмет көрсету толық сақталады. Ал мектепте медициналық қызмет қолжетімсіз деп атайтындардың үлесі 5,6%-ды құрады.

Осы сұрақ төңірегінде ата-аналар мен балалардың ойы бір жерден шыққандығы туралы айта кеткен жөн. Мектепте баласына көрсетілетін

медициналық көмекке қол жеткізу оңай деп санайтын ата-аналардың үлесі 81,4%-ды құраса, 13,6%-ы бұл қиын деп айтады, ал 5%-ы мұндай көмек мүлде қол жетімсіз деп көрсеткен.

9-диаграмма. Медициналық қызметтің қолжетімділігі туралы пікірлер, %



Алайда өңірлер арасында байқалған айтарлықтай айырмашылықтар 92,4%-дан 68,4% аралығында орын алды. Мектепте медициналық көмекке қол жеткізе алатындығына сенімді балалардың басым бөлігі Қызылорда және Қарағанды облыстарында тұрады (92,4% және 89,3%). Өңірлер бөлінісінде ең төмен көрсеткіш Атырау облысында орын алған, мұнда балалардың 68,4%-ы ғана сенімділік танытса, 21,2%-ы медициналық көмекке қол жеткізуге болады, бірақ оның да өзіндік қиыншылықтары бар екендігін айтады.

13-кесте. Өңірлерге шаққандағы медицналық қызметтің қолжетімділігі туралы балалардың пікірлері, N=3354, %

Облыс	**иә, бұл оңай**	**иә, бірақ бұл қиындау**	**жоқ**
Астана қ.	70,6	21,8	7,6
Алматы қ.	85,8	11,1	3,2
Ақмола облысы	75,8	17,0	7,3
Ақтөбе облысы	80,8	12,4	6,0
Алматы облысы	89,4	7,8	2,8
Атырау облысы	68,4	21,2	10,4
ШҚО	69,4	24,7	5,9
Жамбыл облысы	71,3	27,3	1,4
БҚО	86,9	9,2	3,9
Қарағанды облысы	89,3	9,9	0,9
Қостанай облысы	75,4	14,9	9,7
Қызылорда облысы	92,4	4,2	3,4
Маңғыстау облысы	69,5	17,0	13,5
Павлодар облысы	78,3	17,7	4,0
СҚО	87,9	9,3	2,8
ОҚО	78,0	14,2	7,8

Басқаларға қарағанда ауыл тұрғындары медициналық қызметтің қол жетімділігіне көбірек разы. Облыс орталықтарының және шағын/орта қала тұрғындары мұндай жағдайды төмен бағалап отыр. Мүмкін бұл ауылдық жерлерде инфрақұрылымдардың дұрыс дамымауымен, ал қалалық жерлерде түрлі медициналық мекемелер кең етек алуымен байланысты болуы мүмкін.

Жалпы, сауалнамаға қатысушылардың пікірлері бойынша олардың медициналық қызмет көрсету құқықтары толығымен сақталады. Балалар өз уақыттарының басым бөлігін мектеп қабырғасында өткізеді, зерттеудің нәтижелері бойынша мектепте болған кезде көрсетілетін медициналық қызметтің қолжетімділігіне жақсы деген баға берді.

Мектептегі тамақтану

Балалардың дұрыс тамақтануы - денсаулықтың басты кепілі болып табылады. Балалардың көпшілігі (94,1%) тамақтардың пайдасы мен зияны туралы хабардар екендіктерін айтты, тек аз ғана бөлігі өздерін бейхабар деп мойындады (5,9%).

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, әрбір сауалнамаға қатысушылар (83,1%) тағамның пайдасы мен зияны туралы ақпаратты ата-анасынан алады. Содан кейінгі орында сынып жетекшісі – 45,1%, медқызметкер – 32,5%, ағасы/әпкесі – 20,9%. Аз танылғандар: басқа мұғалімдерден – 19,5%, басқа туыстардан – 15,0%.

Зерттеу шеңберінде мектептегі тамақтанудың қолжетімділік деңгейіне ерекше көңіл бөлінді: мектеп асханасында/буфетінде күн сайын 44,9% бала тамақтанады, 42,0%-ы асханада/буфетте тамақ ішеді, бірақ күн сайын емес, ал жауап алынған балалардың 13,2%-ы мектеп асханасында мүлде тамақтанбайтындықтарын айтқан. 2010 жылы бұл көрсеткіш 17,8%-ға жоғары болды.

Бастауыш мектеп оқушыларының (3-4 сынып оқушылары) жартысынан көбі (орташа алғанда 53%) және бесінші сыныпта оқитындардың 48,2%-ы «күн сайын» мектепте тамақтанады. Жоғары сынып оқушылары мектепте «күн сайын» деген жиілікпен үнемі тамақтанып тұрады - 36,9-48,1%. Орта сыныптың 37,5-48,7% оқушылары мектепте тамақтанады. Оқу жылы динамикасында мектепте тамақтанатын балалар саны азаяды.

Отбасының материалдық жағдайы мен бала саны мектеп қабырғасында тамақтанудың қолжетімділігіне аз әсер етеді. Керісінше отбасында бала саны артқан сайын бұл көрсеткіш те арта түсуде.

Өңірлерге қатысты қолайсыз деп, мектеп асханаларында тамақ ішпейтін балалар саны көп кездесетін өңірлерді атап кетуге болады (Атырау облысы (24,1%), Алматы облысы (20,9%), БҚО (20,3%) және Маңғыстау облысы (17,8%)).

2010 жылмен салыстырғанда ОҚО балалары мектеп асханасында күнде тамақ ішпейтіндіктерін көрсеткен балалардың саны 19%-ға төмендеген (2010 жылы 32,2%, 2016 жылы 15,3%). Сондай-ақ Жамбыл (10,5%), Ақтөбе (11,4%) облыстарында, ШҚО-да (6,1%) бұл көрсеткіш 2010 жылмен

салыстырғанда едәуір төмендеген, демек осы мәселе тұрғысында олар өз жағдайларын жақсартқан.

10-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде мектеп асханаларындағы балалардың күнделікті тамақтануы, n=3538, %



Балалардың мектеп асханаларында тамақтанудан бас тартудың негізгі себептеріне басты назар аударған жөн.

Жауап берілді:

- «дәмсіз» деп көрсеткендер - 22,1%.
- «қымбат» деп бағалағандар - 29,0%.
- «маған диета сақтау керек» деп айтқандар - 9,6%-ды құрады.

Мектеп асханаларынан тамақтан бас тартқан себептердің арасында (39,3%) балалар төмендегілерді көрсетті:

- қаражаттың жоқтығын;
- асханадағы жағымсыз иіс;
- үзіліс қысқа, кезек үлкен;
- тамақтардың дәмдік сапасын;
- ата-аналардың немесе басқа ересектердің тыйым салуын;
- сөмкеде тамақтануға болатын нәрселердің бар болуын;
- буфеттің жоқтығын;

- өнімнің құны қымбат.

Сонымен қатар, оқушылардың ата-аналары өз баласы оқитын мекемедегі тамақтанудың сапасын бағалады. Бұл мәліметтер 2010 жылы жүргізілген сауалнаманың нәтижелерімен салыстырмалы түрде беріліп отыр. Сауалнамаға жауап берушілердің 67,8%-ы білім мекемесіндегі тамақтың сапасын толық қанағаттанады. Сауалнамаға жауап берушілердің 17,0%-ы теріс жауап берді, бұл 2010 жылғы мәліметтен асып түседі (6,0%). Жалпы, 2010 жылдан бастап тамақ сапасымен қанағаттану туралы жағымды жауаптардың тұрақты үрдісі байқалады.

3.3. Ақпарат алу құқығы

Балалардың басым бөлігі олардың ақпарат алу құқықтары сақталады деп көрсеткен (74,9%). Осы құқыққа қатысты балалардың 14,7%-ы құқықтары сақталмайтындарын айтқан.

Әсіресе Қызылорда (90%), Қостанай (84%), Ақтөбе (81%) облыстары мен ШҚО (81%) балалардың ақпарат алу құқығына қатысты құқықтардың сақталуы ерекше жоғары көрсеткіштерге ие болып отыр. Осы құқыққа қатысты Жамбыл облысында балалардың құқығы айтарлықтай бұзылады: жағымды жауаптың 57%-ы теріс жауапқа қарсы - 34%.

14-кесте. Мұғалімдерден және мектеп әкімшілігінен бала өзінің сабақ үлгерімі туралы және өзіне маңызды ақпараттарға қолжеткізуі, өңірлер бойынша, N=3497, %

Өңір	Астана қ.	Алматы қ.	Ақмола обл.	Ақтөбе обл.	Алматы обл.	Атырау обл.	ШҚО	Жамбыл обл.	БҚО	Қарағанды обл.	Қостанай обл.	Қызылорда обл.	Маңғыстау обл.	Павлодар обл.	СҚО	ОҚО	Орташа
иә	78	76	79	81	65	69	81	57	74	79	84	90	64	78	78	75	75
жоқ	11	13	8	13	12	20	10	34	14	11	13	2	23	14	9	19	15
жауап беруге қиналамын	11	11	13	6	23	11	9	9	11	10	3	8	13	8	13	7	10

3.4. Ведомоствоаралық өзара әрекеттестік

Қоғамда балалардың барлық құқықтарының сақталуына жауапты бірнеше құрылымдар мен ұйымдар орын алған. Оқу-тәрбиелік мекемелердің әкімшілік өкілдері мен мамандары қаладағы/ауылдағы барлық балалардың құқықтары толық сақталуына қосқан үлестерін бағалауды ұсынды, мұнда «0 балл» - ештеңе істеген жоқ, «1» - ең аз ат салысу, «5» - ең жоғары деңгей.

Төменде берілген кестеден көріп отырғанымыздай, мектептер басқаларына қарағанда ең жақсы бағаға ие болған

(орташа алғанда – 4,7 балл), ең нашары – бизнес-құрылымдар, ҮЕҰ және жергілікті тұрғындар (сәйкесінше 3,2; 3,4; 3,5 балл). Мамандарға қарағанда директорлар түрлі тараптардың күшін жоғары бағалаған. Дегенмен бірдей беталыс байқалады.

15-кесте. Қаладағы/ауылдағы барлық балалардың құқықтары толық сақталуына түрлі тараптардың қосқан үлесін директорлар мен мамандардың орташа бағалауы, балдардың орташа мәні («0»-ден «5»-ке дейін)

	Директорлар	Мамандар	Орташа
Мектеп	4,8	4,6	4,7
Әкімдік	4,6	4,2	4,4
Құқық тәртібі органдары/кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар	4,4	4,2	4,3
Ата-аналар	4,2	4,2	4,2
Бизнес құрылымдары	3,2	3,1	3,2
ҮЕҰ	3,5	3,3	3,4
Жергілікті тұрғындар	3,6	3,5	3,5
Білім беру департаментінің өкілдері	4,6	4,2	4,4
Әлеуметтік қорғау органдары	4,4	4,3	4,4
Денсаулық сақтау органдары	4,3	4,1	4,2
Мәслихат депутаттары	4,0	3,4	3,7

Шағын/орта қалалардағы білім мекемелерінің мамандары өздерінің қаталдығымен ерекшеленеді. Басқа елді мекендердегі мамандармен салыстырғанда олар барлық құрылымдарды төмен бағалап отыр. Облыс орталығының, аудан орталығының мамандары барлық тараптарды жоғары бағалады.

16-кесте. Қаладағы/ауылдағы барлық балалардың құқықтары толық сақталуына түрлі тараптардың қосқан үлесін түрлі елді мекендерде жұмыс істейтін мамандардың бағалауы, балдардың орташа мәні («0»-ден «5»-ке дейін)

Елді мекеннің түрі	обл. орталығы	орта/шағын қала	ауылдық аудандық орталық	ауыл	шалғайдағы ауыл
Мектеп	4,6	4,5	4,6	4,8	4,8
Әкімдік	4,2	3,9	4,1	4,3	4,0
Құқық тәртібі органдары/кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар	4,2	4,1	4,5	4,2	4,2

Елді мекеннің түрі	обл. орталығы	орта/шағын қала	ауылдық аудандық орталық	ауыл	шалғайдағы ауыл
Ата-аналар	4,2	4,3	4,2	4,4	4,8
Бизнес құрылымдары	3,1	3,0	3,4	3,3	2,7
ҮЕҰ	3,3	3,2	3,3	3,3	1,3
Жергілікті тұрғындар	3,4	3,4	3,7	3,6	4,0
Білім беру департаментінің өкілдері	4,3	4,1	4,1	4,4	3,2
Әлеуметтік қорғау органдары	4,3	4,2	4,1	4,4	4,0
Денсаулық сақтау органдары	4,1	3,9	3,9	4,2	3,8
Маслихат депутаттары	3,3	3,4	3,6	3,4	2,8

Бизнес тарапынан бала құқықтарын қадағалауға ат салысу кезіндегі ақталмаған үміттер облыс орталығында да, шағын/орта қалаларда да шамамен бір деңгейде.

Білім беру органдары тарапынан көрсетілетін қолдауды ата-аналар аса жоғары бағалап отыр (43,7%). Қолдау көрсетудің келесі деңгейінде денсаулық сақтау органдары (27,7%), әлеуметтік қорғау органдары (24,2%) және ішкі істер органдары (21,3%) орналасқан. Бизнес-құрылымдар ең аз жұмылдырылған.

17-кесте. Ата-аналардың отбасын және балаға қолдау көрсетуін бағалауы, N=947, орташа балдар

	Қолдау көрсетілмейді	**Төмен деңгей**	**Орташа деңгей**	**Жоғары деңгей**
Білім беру органдары	9,9	8,6	37,8	43,7
Денсаулық сақтау органдары	9,6	16,6	46,1	27,7
Әлеуметтік қорғау органдары	20,0	16,3	39,5	24,2
Ішкі істер органдары	23,2	15,4	40,0	21,3
Жергілікті әкімдік	29,6	17,2	33,9	19,2
Жергілікті ҮЕҰ, ақсақалдар	39,6	15,7	29,6	15,0
Басқа балалардың ата-аналары, жергілікті халық	30,0	16,4	32,0	21,5
Бизнес өкілдері	48,4	14,2	25,0	12,3
Басқалар	28,1	7,9	38,6	25,4

3.5. Білім беру ұйымдарының функционалды талдауының нәтижелері

Бала құқықтары туралы мамандардың білімі

Білім беру ұйымдарындағы сұрақтарға жауап берген мамандар өз білімдерін едәуір жоғары бағалайды: бала құқығын жақсы білетіндер – 75%, орташа - 22%. Директорлар арасында құқықтарды білу одан да жоғары деңгейде: жақсы білетіндер – 87,5%, орташа -8,1%. 2010 жылы мамандардың 62%-ы бала құқықтары жөніндегі өз білімдерін жақсы деп бағаласа, 32%-ы орташа,

ал 3%-ы нашар деп көрсеткен. Өз білімдерін бағалауға қиналғандардың үлесі 3,5%-ды құрады.

Орта және шағын ауылдардың мамандары өз білімдерін басқаларға қарағанда жиірек жақсы деп бағалаған (83,7%), аудан орталықтарының – басқалардан сирек (68,3%). Шағын және орта қалаларының мамандары 71,7% жағдайларында өз білімдерін жақсы деп бағалады, ал облыс орталықтарындағы мамандар – 75,2% жағдайында.

Сауалнамаға қатысқан барлық кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекторлар мен әлеуметтік қорғау қызметкерлері (100%) өз білімдерін жақсы деп бағалайды. Басқа сауалнамаға қатысқан балалардың құқықтары білімдерін жақсы деп сирек бағалайды: директорлар - 87,2% жағдайда, әлеуметтік педагогтар 79,7%-да, мұғалімдер - 78,6% жағдайында. Балалардың құқықтары туралы ең аз болып ақпараттанған - медицина қызметкерлері мен психологтар (62,5% және 68,8% тиесілі). Бірақ бұл санатта орташа білім үлкен пайызға ие болып отыр.

Сауалнамаға қатысқан директорлардың 87,5% -ы, бала құқықтары жөніндегі өз білімдерін жақсы деп санаса, 8,1%-ы орташа, 1,5%-ы нашар, 2,9%-ы өз білімдерін қалай бағалау қажеттігін білмей қиналды деп жауап берген.

Алты облыстағы (Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Маңғыстау және СҚО облыстары және Алматы қаласы) білім беру ұйымдары жетекшілерінің барлығы (100%) өздерінің баланың құқықтары жөніндегі білімдерін жоғары деп бағалаған. Басқаларға қарағанда осы салада өз білімдерімен ең аз қанағаттанғаны - ОҚО (66,7%-ы жақсы деп бағалады) және Павлодар облысы (80,0%).

Ауылдық жерде орналасқан ұйымдардың басшылары облыс орталығының (88,7%), шағын қалаларына қарағанда (86,4%) ауылды аудан орталықтарының (19,2%) мамандары бала құқықтарына қатысты өз білімдерін айтарлықтай жақсы деп бағалаған (94,1%).

Денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, хат-хабар құпиясы және баланың өмір сүру, отбасылық өміріне, баспанасына қол сұқпаудағы құқығына сапалы қызметтерді алуға қатысты сәттер әлдеқайда күрделі болып отыр. Дені сау, ақыл-ой, рухани, адамгершілік және әлеуметтік дамуы үшін қажетті өмір деңгейі қалада да, ауылда да айтарлықтай жоғары бағаланған.

Бала құқықтарын сақтау үшін ресурстармен қамтамасыз етілуі

Ресурстық қамтамасыз етуді зерделеу мектептерде бала құқықтарын қорғау үшін түрлі ресурстардың қаншалықты жеткілікті немесе жеткіліксіз екендігін бағалауға мүмкіндік береді. Сауалнамаға жауап берген білім беру ұйымдары басшыларының жалпы 89,8%-ы олардың мекемелері сапалы білім алуда бала құқықтарын толық қорғау үшін барлық адами, материалдық, техникалық әрі басқа да ресурстармен қамтылған деп айтқан. ШҚО, Алматы мен Ақмола облыстарында бұл көрсеткіш орташадан жоғары (сәйкесінше 80,0%, 77,8% және 83,3%). ОҚО бұл сан ең төмен (60,0%).

Дегенмен, көрсетілген ресурстар жеткіліксіз деп санайтын басшылардың үлесі де кездеседі, олар Қостанай (12,5%), Қарағанды (12,5%) облыстарында және ШҚО-да (20,0%) басым түседі. Алматы облысы мен БҚО-да мұндай жауаптардың үлесі шамамен бірдей (әрқайсысы 11,1%).

18-кесте. Бала құқықтарын сақтауға қажетті барлық ресурстармен қамтамасыз етілуі, білім беру мекемесі басшыларының бағалауы бойынша, өңірлер бөлінісінде, N=127, %

Өңір	барлық жағдай бар	барлық жағдай бар, алайда олар қолданылмайды	ешқандай жағдай жоқ
Астана қ.	100		
Алматы қ.	100		
Ақмола обл.	83,3	16,7	
Ақтөбе обл.	100		
Алматы обл.	77,8	11,1	11,1
Атырау обл.	83,3	16,7	
ШҚО	80		20,0
Жамбыл обл.	100		
БҚО	88,9		11,1
Қарағанды обл.	87,5		12,5
Қостанай обл.	87,5		12,5
Қызылорда обл.	100		
Маңғыстау обл.	100		
Павлодар обл.	88,9	11,1	
СҚО	100		
ОҚО	60		40,0

Сұрақтарға жауап берген мамандардың 88,4%-ы баланың сапалы білім алу/тәрбиелеу/даму құқығын сақтау үшін адами, материалдық, техникалық және басқа да ресурстардың жеткілікті екендігін атап көрсетті. Жауаптардың 7,4%-ы ресурстардың толық қолданбайтындығын растады.

Дегенмен қандай ресурс жетіспейтіндігін түбегейлі анықтау барысында кадрлардың 78,8%-ы жетіспеушілігін атаса, 88,6%-ы оқулықтар мен әдістемелік материалдардың тапшылығын айтты, ал 87,4%-ы зертханалық қондырғылардың жоқтығын, 82,7%-ы ғимараттардың жетіспеушілігін алдыға тартты. Ең үлкен мәселелер ауылдық елді мекендерде орын алған, мұнда аталған тармақтардың барлығы жетіспейді деп сауалнамаға қатысушылардың 100%-ы жауап берді.

Облыс, аудан орталықтары мен ауылдардағы мамандарға қарағанда, орта және шағын қалалардағы мамандар қолдағы бар ресурстардың балаларға сапалы білім, тәрбие беру әрі дамытуды қамтамасыз ете алмайтынын жиі атап көрсетеді. Сондай-ақ медицина қызметкерлері мен кәмелеттік жасқа толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар балаларды оқытатын, сауықтыратын тәрбиелік бағдарламалардың жетіспеушілігін бір ауыздан атап көрсетті.

Сонымен қоса, 2010 жылы сауалнама алынған мамандардың 56%-ы өздерінің ұйымдары сапалы білім беруде балалардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етуге қажетті барлық адами, материалдық техникалық және басқа да ресурстармен жабдықталған деп есептейді. Оқулықтар (26%) сияқты, оқу-әдістемелік материалдар (24%) мен жабдықтар, оның ішінде

зертханалар (18%), ғимарат (12%) сияқты ресурстардың жетіспеушілігі байқалады.

Білім беру ұйымдарында көрсетілетін әртүрлі қызметтердің сапасын бағалау

Осы зерттеу шеңберінде, мамандар және мектеп директорларын, олардың білім беру ұйымдарында ұсынылатын әртүрлі қызметтердің сапасын бағалау ұсынылды. Мамандар тамақтандыру, ата-аналармен жұмыс істеу, денсаулық сақтау, балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту, жоғары адамгершілік принциптерін тәрбиелеуден басқа, осы ұйымдардың басшыларына қарағанда барлық қызметтер жоғары бағаланды.

Физика-математика ғылымдары саласындағы білім жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдарға қарағанда төмен бағаланады. Сондай-ақ, директорлар тек 43% жағдайда ғана мектепте физика-математикалық білім беруді жоғары бағалайды.

Сауалнамаға қатысушылардың бағалауы бойынша, білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие өте жақсы жүргізіледі, ал ең нашар болып пәндердің терең зерттеуі бағаланады (20-кестені қараңыз).

Спорттық тәрбие, ата-аналармен жұмыс, медициналық жедел көмек, тамақтану, қылмыстың алдын алу сауалнамаға қатысушылар тарапынан жақсы бағаланады. Басқа қызметтерге қарағанда, жоғары бағаны аз алған қосымша білім беру және бастапқы кәсіптік даярлық қызметтері аса назар аударуды талап етеді.

19-кесте. Директорлар мен мамандар тарапынан білім беру ұйымдарында көрсетілетін қызметтердің сапасын жоғары бағалау, %

Қызметтер	Мамандар	Директорлар
Жаратылыстану ғылымдары саласындағы білім беру	58,8	54,0
Гуманитарлық ғылым саласындағы білім беру	60,4	57,7
Физика-математика ғылымдары саласындағы білім беру	52,8	43,1
Жеке пәндерді тереңдетіп оқыту	48,1	45,6
Қосымша білім	56,5	57,2
Спорттық тәрбиелеу	71,7	70,5
Бірінші кәсіптік дайындық	52,5	46,4
Жоғары адамгершілік қағидаларын тәрбиелеу	65,3	71,9
Экологиялық тәрбие	62,3	64,7
Қауіпсіздік дағдыларын дамыту, қиын жағдайларда жол табу	62,9	61,6
Отансүйгіштікті дамыту	77,3	81,9
Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу	70,1	66,7
Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту	73,4	74,6
Медициналық жедел көмек	68,5	73,7
Ата-аналармен жұмыс	69,5	72,5
Тамақтандыру қызметтері	66,6	75,9

Ауылдық, аудан орталықтарында сауалнамаға қатысушылардың жартысынан азы көптеген пәндердің жоғары деңгейде оқытылатындығын көрсетті. Жартысынан көбі рухани құндылықтарға, спортқа, экологиялық тәрбиелеу, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу тәрбиелерін жоғары бағалаған. Бұл жерде де отан сүйгіштікке тәрбиелеу кезінде еш мәселе туындамайды, мамандардың 71,7%-ы жоғары сапаның қалыптасуын көрсетті.

Білім беру ұйымдарында көрсетілетін әр түрлі көмектердің сапасын ата-аналармен бағалауы бойынша директорлардың, білім беру ұйымдары мамандарының және сауалнамадан алынған нәтижелерін талдай отырып, ата-аналар басқаларға қарағанда барлық көмек түрлерін (21 кестені қараңыз) сыни бағалайтынын атап өтуге болады. Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, электрондық тәуелділіктің алдын алуға, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар қызметіне (телефон, интернеттегі әлеуметтік желілер, (барлық нәрсені шексіз қарау) видео ойындар, селфи арқылы) жоғары бағаға қойылмады. Ата-аналар мен балаларды қолдауды, психологиялық көмек көрсетуді сауалнамаға қатысушылардың барлық топтары басқаларға қарағанда жақсы бағаланады.

20-кесте. Директорлар мен мамандар тарапынан білім беру ұйымдарында көрсетілетін әртүрлі көмектердің сапасын жоғары бағалау, %

Көмек түрі	Мамандар	Директорлар	Ата-аналар
Балалар мен ата-аналарды қолдау/психологиялық көмек көрсету	72,9	78,3	46,6
Әлеуметтік педагогтың көмегі	67,5	63,8	43,3
Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлардың көмегі	55,3	47,1	34,4
Сенім телефоны	61,8	64,2	38,4
Балаларды демалыспен қамтамасыз ету	65,7	69,6	39,5
Балалар мен жастардың арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу	68,4	71,7	38,6
Балалардың тарапынан қатыгездіктің пайда болуын алдын алу	68,7	72,3	39,3
Отбасылардың тарапынан балаларға қатысты зорлық-зомбылық және қатыгездік көрсетудің алдын алу	64,2	69,3	39,7
Интернет қауіпсіздігін қамсыздандыру	55,5	54,7	34,8
Электрондық тәуелділіктің алдын алу (телефон, әлеуметтік желілер, Интернеттегі (барлық нәрсені шексіз қарау) видео ойындар, селфи арқылы)	55,9	47,8	34,7

Осы орайда, мамандар арасында әйел адамдар ер адамдарға қарағанда білім беру ұйымдарында балалар мен ата-аналарға қол жетімді көмектерді аса ұқыптылықпен, сыни тұрғыда бағалаған. Ер адамдарға қарағанда әйел

адамдар өз ұйымдарында ұсынылмайтын қандай да бір көмек түрлерін жиі көрсетіп, немесе жауап беруге қиналған.

Кейбір облыстарда, көмектердің кейбір түрлеріне төмен бағалануына назар аудару қажет. Мысалы, ОҚО (жоғары балл 22,2% жағдайларда) және Алматы облысының ата-аналары (28,2%) өзге аймақтардың ата-аналарына қарағанда әлеуметтік педагогтың көмегін төмен деңгейде бағалайды. ШҚО және Ақмола облысында басқа аймақтарға қарағанда, ата-аналар өз балаларының оқитын оқу орындарында, осы көмек түрі мүлде жоқ екенін айтқан (12% және 11,5% тиісінше).

Көптеген өңірлерде кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлардың көмегімен осындай мәселелер де бар. ОҚО (жоғары бағалар - 20%), Алматы (22,4%) және Ақтөбе (26,1%) облыстарында, ата-аналардың пікірлерінше балалар мен жастар арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу қызметінің сапасы басқаларға қарағанда нашар болып келеді. Атырау, Ақтөбе және Жамбыл облыстарында ата-аналардың үлкен үлесі өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу бойынша жұмыс жүргізілген жоқ деп атап көрсеткен (20,5%; 18,5%; 16,8% тиісінше).

Балалардың осал топтарының құқықтарын сақтауды бағалау кезінде тұрғылықты жеріне байланысты, мамандардың қабылдаудағы айырмашылықтары анықтады. Сонымен, облыс орталықтарының және орта/шағын ауылдарының мамандары аудан және шағын/орташа қалалардың мамандарына қарағанда осал топтағы балалардың құқықтарының сақталуы жөнінде көп мәселелерді көреді.

Сауалнамаға тартылған мамандардың 81,7%-ы ата-ананың қамқорлығынсыз қалғандардың және жетімдердің құқықтары толығымен сақталады деп есептейді. Девиантты мінез-құлықты балалардың барлық құқықтарының сақталуы мамандарының 71,1%-ы, мигранттардың - 72%-ы, шалғайдағы ауылдардан келген балалардың - 71,7%-ы, мүмкіндігі шектеулі балалардың - 75%-ы көрсетті.

3.6. Шешім қабылдау үрдісінде ата-аналар мен балалардың қатысуы

Мамандар арасында ата-аналардың бала ісіне араласуына байланысты түрлі пікірлер қалыптасқан. Жалпы, сұраққа жауап бергендердің 90%-ы ата-аналардың 71,8%-нан астамы бала ісіне белсене араласады деп санайды.

21-кесте. Мамандардың пікірінша, балалар ісіне ата-аналардың араласу дәрежесі, N=947, %

Маман	Орташа
Мұғалім	71,1
Психолог	71,1
Әлеуметтік педагог	77,2
Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор	76,2
Медицина қызметкері	65,4
Әлеуметтік қорғау қызметкері	80,0
Тәрбиеші	73,5
Басқа	63,9

Мамандардың 85,3%-ның пікірінша (87,7% - 2010 жылы) білім беру ұйымдарында мектеп үшін маңызды мәселелерді шешу кезінде ата-аналардың ат салысуына жағдайлар жасайды. Дегенмен ата-аналар «ұйымның қызметкерлерінен үлгерімдік және басқа да көрсеткіштер туралы өздерін қызықтырған ақпараттарды әрдайым ала алады». Мамандардың 93,4%-ы осылай деп санайды.

БҚО (96,6%), Қостанай (93,1%), Қызылорда (92,7%) және Павлодар (92,6%) облыстарының білім беру ұйымдарында ата-аналарға мектеп үшін маңызды мәселелерді шешуге қатысуына жақсы жағдайлар жасалады. Аталған сұрақ бойынша теріс баға Маңғыстау облысында басым болып отыр - 11,6%.

11-диаграмма. Өңірлер бөлінісінде мамандардың пікірлерінша, мектепте ата-аналардың шешім қабылдауына қатысуға мектептің жағдай жасауы, N=947, %



Жоғарыда аталған өңірлерде ата-аналар мектеп өмірінде маңызды мәселелерді шешуге қатысумен қатар, өздерін қызықтыратын үлгерімдік туралы ақпараттарды, басқа да көрсеткіштерді білім беру ұйымдарының қызметкерлерінен ала алады. Бұл тізімді сондай-ақ Алматы (96,8%), Ақтөбе облысы (100%), Қызылорда облысы (100%), Жамбыл облысы (96,2%), Қарағанды облысы (98,5%), СҚО (94,8%) және ОҚО (91,4%) толықтырды. Маңғыстау облысы өңірлер арасында кез-келген уақытта қажет ақпаратты ұсыну мәселесі бойынша (20%) және мектеп өміріне қатысты шешімдерді қабылдауға қатысуға ата-аналарға жағдай жасау мәселесі ең төмен көрсеткішке ие болды.

Білім беру ұйымдарында балалар бірнеше сұрақтарды талқылауға белсенді араласады. Жауап бергендердің 51,7%-ы балалар көптеген сұрақтарды талқылауға белсенді ат салысады, мамандардың 32,7%-ы балаларды кейбір шешімдерді қабылдау кезінде қатыстырады деп санайды, ал 5,9%-ы балалар ешқашан қандай да бір шешім шығаруға қатыстырылмады дейді, ал 8,6%-ы осы сұраққа жауап бере алмады. 2010 жылмен салыстырғанда балалар процесске сирек тартылады деп санайтын

мамандардың саны арта түскен. Талқыланатын сұрақтарға балалар белсенді қатысады деп санайтындардың көпшілігі Жамбыл (63,3%) және Қызылорда (64,0%) облыстары бастап тұр. Алматы (21,0%) облысы мен ОҚО (14,3%) балалары мұндай іске сирек тартылады.

22-кесте. Білім беру ұйымдарында балалар өздеріне маңызды шешім қабылдауға қаншалықты ықпал ете алатындықтары жөніндегі мамандардың пікірі, өңірлер бөлінісінде, N=947, %

	Балалар көптеген маңызды сұрақтарды талқылауға белсенді қатысады	**Балаларды кейбір шешімдерді қабылдауға қатыстырады**	**Балалар ешқашан қандай да бір мәселені талқылауға қатыстырылмайды**	**Жауап беруге қиналамын**
Астана қ.	58,5	32,1	1,9	7,5
Алматы қ.	46,8	35,5	1,6	16,1
Ақмола обл.	44,2	30,2	2,5	16,3
Ақтөбе обл.	56,9	21,6	3,9	17,6
Алматы обл.	54,8	22,6	21,0	1,6
Атырау обл.	50,0	34,8	6,5	8,7
ШҚО	29,8	53,2	6,4	10,6
Жамбыл обл.	63,3	12,7	11,8	8,9
БҚО	44,4	42,9	4,8	3,2
Қарағанды обл.	58,5	30,8	0	9,2
Қостанай обл.	53,3	33,3	5,0	8,3
Қызылорда обл.	64,0	32,0	0	4,0
Маңғыстау обл.	47,1	38,6	5,7	8,6
Павлодар обл.	44,4	44,4	0	11,1
СҚО	50,0	39,3	1,9	5,8
ОҚО	45,7	34,3	14,3	5,7

Мектеп директорларының пікірінша бала ісіне ата-аналардың 74,8%-ы белсенді қатысады. Ең жоғары араласушылық Алматы қ. (86,9%), Жамбыл (85,4%) және Маңғыстау (84,4%) облыстарында байқалады. Ең төменгі деңгей ОҚО (57,3%) кездеседі.

23-кесте. Директорлардың пікірінше бала ісіне белсене араласқан ата-аналардың үлесі туралы, n=136, %

Өңір	Астана қ.	.Алматы қ.	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	ШҚО	Жамбыл	БҚО	Қарағанды	Қостанай	Қызылорды	Маңғыстау	Павлодар	СҚО	ОҚО
Орташа	80	87	73	81	82	69	68	85	83	76	76	67	84	63	64	57

Директорлардың көбісі (91,2%) өздерінің ұйымдарында ата-аналардың маңызды мәселені шешуіне қатысу үшін жағдай жасайтындықтарын айтты. Теріс жауап бергендер тек 2,2%. 92,7% директордың пікірінше ата-аналар кез-келген уақытта өзін қызықтыратын ақпаратты ала алады. Бұл үрдіс барлық өңірлерде қадағаланады.

Балалар өздері үшін маңызды шешімдерді қабылдауға ықпал етуі, өз ұсыныстарын білдіруге қатысты директорлардың жартысынан көбі балалардың белсенділігін айтып, сенімді жауап берді (55,5%).

12-диаграмма. Білім беру ұйымдарында балалардың өздері үшін маңызды шешімдерді қабылдауға қаншалықты ықпал ете алатындығы жайлы, өз ұсыныстарын білдіруге қатысты директорлардың пікірі, N=136, %



Аталған сұрақ бойынша ең жоғары белсенділікке ШҚО (83,3%), Алматы қ. (71,4%) және Жамбыл облысының (70,0%) балалары ие. Бір есте қаларлығы, тек осы облыстарда қарама-қайшылық байқалады және балалар ешқашан ешқайда қатыстырылмайды дейтін директорлар Алматы қ. (14,3%), ШҚО (16,7%) және Жамбыл облысында (10,0%) кездеседі.

Балалардың бағалауы бойынша, олардың 69,9%-ы қалаған кезде мектеп үшін маңызды шешімді қабылдауға қатыса алады. Шамамен балалардың төрттен бір бөлігі мұндай мүмкіндіктің өздерінде жоқ екендіктерін мойындайды. Балалардың 18,9%-ы жауап бере алмады.

Мектеп үшін маңызды шешім қабылдауға қатысу құқығы ең жақсы жүзеге асқан өңір Қызылорда облысы (85%). Осы құқықты орындаудағы

жоғары деңгейі Алматы қ. (78%), Астана қ. (74%), Атырау (74%), Маңғыстау (73%) және БҚО (71%) облыстарында белгіленеді. Алматы (58%) мен Жамбыл (60%) облыстарында мектеп үшін маңызды шешімді қабылдау кезінде балалар аз қатысады.

24-кесте. Мектеп үшін маңызды шешім қабылдауға балалардың қатысуы, N=3242, балалардың оң жауаптары %

Астана к.	Алматы к.	Ақмола облысы	Ақтөбе облысы	Алматы облысы	Атырау облысы	ШҚО	Жамбыл облысы	БҚО	Қарағанды облысы	Қостанай облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы	Павлодар облысы	СҚО	ОҚО
74	78	63	73	58	74	67	60	71	75	70	85	73	70	63	70

Балалардың пікірінше осы құқықты іске асырудың негізгі формаларына түрлі жиналыстарға қатысу, ел алдында сөз сөйлеу және басқалары (70,9%) жатады. Сонымен қатар мектеп әкімшілігіне, сынып жетекшісіне/кураторға және мұғалімдерге жүгіне алатындықтарын жиі атап өтті (19,4%).

Мектеп үшін маңызды шешімді қабылдау кезінде ата-ананың қолдауымен қатысу құқығын іске асыруды балалар сирек көрсетті (5,1%), сыныптастарымен, достарымен және мектеп құрамасымен бірге - 3,4%, жазбаша өтініш арқылы - 1,2%.

Ата-ана бағасына не ықпал етеді, баласының құқығы сақталатындығын, сақталмайтындығын анықтау үшін корреляциялық талдау[2] жүргізілді. Ол баланың барлық құқықтары сақталады деп санайтын ата-аналар өз баласы білім алып жатқан сапамен қанағаттанатындағын көрсетті (0,211**). Көбінесе олар мұғалімдердің жақсы біліктілігімен (0,240**), оқыту әдісімен (0,235**), қайырымдылығымен (0,202**), сондай-ақ баланың оқуда жетістікке қол жеткізуге мүдделігімен (0,201**) байланыстырады. Сонымен қатар, олардың пікірінше, білім мекемесінің қажет құралдармен, оқулықтар мен әдістемелік материалдармен жақсы жабдықталуы ықпал етті (0,184**). Сонымен қатар, бала құқығын сақтау мен мектепте дағдыландыратын бастамалармен, қиындықтармен күресе білу, еңбек сүйгіштік, төзімділік, адалдық, компьютермен жұмыс істей білу, шет тілдері, тұрмыстық машықтар, тілдесу, ұжымда жұмыс істеу, шығармашылық, уақытты ұтымды пайдалану деген сияқты білім мен дағдыларға ата-ананың қанағаттану арасында әлсіз, статистикалық маңызды корреляция байқалады (0,158**-ден бастап 0,184**-ке дейін). Сондай-ақ ата-аналардың пікіріне білім беру ұйымдарында

[2] Корреляциялық бақылау – бұл статистикалық деректерді өңдеу әдісі, айнымалылар арасындағы факторларды (корреляция) зерттеу болып табылады. Корреляция - екі немесе бірнеше кездейсоқ айнымалы арасындағы статистикалық арақатынас (немесе тура сондай сияқты дәлдік дәрежесімен қолайлы бола алатын айнымалылар). Дегенмен, осыдан айнымалының бір немесе одан да көп өзгерістері басқа айнымалының жүйелі өзгерістеріне әкеледі. Екі кездейсоқ айнымалылар арасындағы математикалық корреляция корреляция коэффициентіне қызмет етеді.

бала үшін қолжетімді түрлі көмектердің сапасы ықпал етті. Сапалы тамақтандыру қызметі (0,219**), психологиялық көмек (0,201**), сонымен бірге балалар тарапынан көрсетілетін зорлық-зомбылықтың алдын алу (0,197**), балалар денсаулығын сақтау және нығайтудың (0,193**) жоғары деңгейі балалар құқығын сақтау туралы өз пайымдарын нығайта түседі.

Сонымен қатар, талдау баланы қорғау мәселесі бойынша ата-ананың қайда барып жүгіну керектігін білуін анықтады, бірақ отбасының материалдық жағдайымен байланысты статистикалық маңызды корреляциялық байланысқа ие (0,180**). Бұл дегеніміз, отбасының тұрмыстық жағдайы жоғары болған сайын, ата-ана өз баласын қалай қорғау үшін қайда және кімге жүгіну керектігін білгісі келеді. Статистикалық маңызды корреляция ата-аналардың өз баласын қорғау үшін қайда жүгінуге болатындығын білуі мен әлеуметтік қамсыздандыру органдарының қолдауының арасында байқалады (0,256**). Сонымен, құқықтық салада неғұрлым ақпараттанған ата-аналар қызметтер мен көмек пакетіне сүйене отырып, әлеуметтік қорғау органдарына жиі жүгінеді.

3.7. Балалардың құқықтарын іске асыратын тетіктердің бар болуы

45,7% жағдайында, білім беру ұйымдарында, балалардың қажет кезде мектеп әкімшілігіне ұсыныспен немесе шағыммен жүгіну мүмкіндігі бар болса, 32,9% жағдайында мұндай мүмкіндік жоқ.

Астана қ. (37%), Маңғыстау (44,6%), Жамбыл (37,6%), Ақмола (36,1%) облыстарында және БҚО-да (36,6%), балалар ұсыныс немесе шағым айтудың ең аз мүмкіндігіне ие. ОҚО (33,6%) және Атырау облысының (27,9%) балалары мектеп әкімшілігіне өтініш немесе шағым айтуға байланысты өз құқықтарын жүзеге асыра алмайды. Балалардың осы құқықтарын жүзеге асырудың ең қолайлы жағдайы Қызылорда облысында (71,3%), Алматы қ. (60,7%) және ШҚО (57,2%) қалыптасқан.

25-кесте. Балалардың пікірлерінша, өңірлер бөлінісінде қажет болған жағдайда мектеп директорына немесе оқу ісі меңгерушісіне ұсыныспен немесе шағыммен жүгіну мүмкіндігі, N=3242, %

Өңір	Астана қ.	Алматы қ.	Ақмола обл.	Ақтөбе обл.	Алматы обл.	Атырау обл.	ШҚО	Жамбыл обл.	БҚО	Қарағанды обл.	Қостанай обл.	Қызылорда обл.	Маңғыстау обл.	Павлодар обл.	СҚО	ОҚО
Иә, әрқашан	40	61	45	46	47	37	57	41	37	57	53	71	32	49	48	33
Үнемі емес	37	21	36	33	30	35	33	38	37	21	33	17	45	34	36	33
жоқ	23	19	19	21	24	28	10	22	27	22	14	12	23	16	17	34

Балалар өздері директорға немесе оқу ісі меңгерушісіне шағыммен жүгіне алады. Бұл балалар арасында кең тараған үлгі. Екінші, ең көп тараған түрі сынып жетекшісі арқылы жүгіну жатады. Сондай-ақ балалар

ата-аналарының қолдауымен жиі жүгінеді. Пошта жәшігі арқылы хат жаза отырып жүгінуді балалар сирек көрсетті.

Қажет кезде мектеп әкімшілігіне шағым айтып немесе ұсыныс білдіру мүмкіндігі бола тұрып, осы мүмкіндікті жауап берген сауалнамаға қатысушылардың тек бестен бір бөлігі қолданады (20,7%).

Негізінде балалардың шағым-тілектері тыңдалып, оларға көмек берілді (57,6%), бірақ ссауалнамаға қатысушылардың 42,4%-ы олардың шағым-тілектеріне теріс қарап, көмек көрсетілмегендіктерін айтты.

Өңірлер бойынша мектеп әкімшілігіне шағым-тілектерін білдіру үшін Маңғыстау (36,1%), ШҚО (32,1%), БҚО (26,2%), СҚО (25,8%), Атырау (25,9%) облыстарының және Астана қ. (25,7%) балалары жиі жүгінген. Мектеп әкімшілігіне жүгінудің ең төмен мүмкіндігіне Жамбыл облысының балалары ие, бұл жерде шағымданудың ең төмен жиілігі тіркелген (10,6%). Егер балалар шағымданған болса да, олардың шағым-тілектері құпталмады (65%). Қызылорда облысында керісінше қажет сұрақ бойынша мектеп әкімшілігіне жүгіну мүмкіндігін жоғары бағалаған (71,3%), алайда мұндай құқықты тек 4,9%-ы ғана қолданады, бұл өңірлер бойынша ең төмен көрсеткіш болып табылады. Осы өңірде балалардың шағымдары қабылданып, оларға көмек көрсетілгендер сирек белгіленген (35,9%)

26-кесте. Өңірлер бөлінісінде балалардың шағымдары тыңдалғандығы туралы балалар пікірі, N=2240, оң жауаптар %

Астана қ.	Алматы қ.	Ақмола облысы	Ақтөбе облысы	Алматы облысы	Атырау облысы	ШҚО	Жамбыл облысы	БҚО	Қарағанды облысы	Қостанай облысы	Қызылорда облысы	Маңғыстау облысы	Павлодар облысы	СҚО	ОҚО
60	70	57	46	61	57	55	35	65	72	53	36	59	61	66	60

Балалардың шағым-тілектерімен жүгіну кезінде мектептегі тәртіп, сыныптастар, жоғары сынып оқушылары тарапынан көрсетілетін зорлық-зомбылық, құрдастарының мазақтауы, оқу мәселесін шешу туралы айтылды. Балалардың басым бөлігі барлық балалар өз пікірлерін білдіре алады деп көрсетсе, балалардың аз бөлігі өз сыныптастарында және жасы кіші балаларда осыған қатысты мәселенің бар екендігін айтты.

Оқыту тіліне байланысты баланың шағым-тілек білдіру құқығын ұсынуда айтарлықтай айырмашылық бар: қазақ тілінде оқитын балалар осы құқық бойынша айтарлықтай қысымшылық көреді – директорға шағым немесе өз ұсынысын білдіре алмайды – 28,1%, ал орыс тілінде оқитындар 10,6% көрсеткішке ие. Балалардың пікірінше, директорға немесе оқу меңгерушісіне тікелей барып, жүгінуге болады – 84,2%. Сонымен қатар ата-ананың қолдауымен (7,9%), жазбаша түрде (7,9%) жүгінуге болады. Жалпы, балалар арасында осы құқықты тек 22,5%-ы ғана қолданған. Ал 70,4%-ы мұндай мүмкіндікке мұқтаж емес, ал 7,1%-ы жауап беруге қиналды.

4 тарау. Балалардың шынайы өмірін бейнелейтін параметрлер мен амандықтарын анықтаушы негізгі факторлар

4.1. Тәннің саулығы

Материалдық игілік

Балалар саулығын қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі ата-аналардың материалдық игіліктері болып табылады. Аталған зерттеу шеңберінде отбасының материалдық жағдайы ата-аналар мен балалардың жауаптары бойынша анықталды. Отбасының материалдық жағдайының барлық бағалары 5 квинтильге бөлінді, мұнда 1 квинтиль - «Барлығынан бас тартуға тура келеді, ақша кейде тіпті нанға да жетпей қалады» деген жауапты таңдаған ең кедей отбасы, 5 квинтиль – ең ауқатты отбасы («Біз ештеңеден бас тартпаймыз»). Бұл әдістеме Сандж зерттеу орталығымен көптеген алдыңғы зерттеу жұмыстарында сыналып, өзін жақсы қырынан көрсете білді.

Сауалнама нәтижелері бойынша ата-аналардың жартысынан көбі өзінің материалдық жағдайын айтарлықтай жақсы, өздеріне қымбат нәрселерді сатып алуға мүмкіндік беретін, ештеңеден бас тартпайтындар деп санайтындар (39,1% және 13,4%). Демек балалардың басым бөлігі салыстырмалы түрде материалдық жағдайы жақсы отбасында өмір сүреді. Дегенмен, он баланың ішінде ең кем дегенде бір отбасында дұрыс өмір сүру үшін айтарлықтай жағдай жасалмаған, себебі ата-ананың ақшасы тамаққа, тіпті кейде нанға да жетпейді (сәйкесінше 11,1% және 3,4%).

2010 жылғы[3] ұқсас мәліметтермен салыстыру отбасылардың материалдық жағдайында өзгеріс бар екендігін көрсетеді, халықтың жеке топтары арасында алшақтық күшейе түскен, бәрінен бас тартуға тура келетін отбасылардың үлесі 0,8%-дан 3,4%-ға дейін арта түскен. Сондай-ақ өзінен еш нәрсе аямайтындардың үлесі де айтарлықтай арта түскен – 13,4%, 2010 жылы бұл көрсеткіш 8,9% болған. Қымбат нәрсе алу қиын, ақша тек тамақ алуға ғана жететін отбасының үлесі 41,6%-дан 33%-ға дейін азайған. Кейде өздеріне қымбат нәрселерді сатып алуға мүмкіндік беретін «орташа кластың» шартты үлесі салыстырмалы түрде тұрақты – 38,5% және 2016 жылы 39,1%-ға тең.

[3] «Білім беру ұйымдарында балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау», ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комиеті, Сандж зерттеу орталығы, Астана, 2011

13-диаграмма. 2010 және 2016 жылдары ата-аналардың материалдық жағдайын бағалау, %



Ата-аналарға қарағанда балалар өздерінің материалдық жағдайларын оптимистік тұрғыдан жоғары бағалаған:

- Бәрінен бас тартуға тура келеді, ақша тіпті кейде нанға да жетпей қалады - 2,2 %;
- Ақша тамаққа әрең жетеді, киім мен қажет нәрсені сатып алуға мүмкіндік жоқ - 4,0%;
- Бізде тамақ, киім сатып алуға ақша жетеді, бірақ қымбат нәрсе (жиһаз, тұрмыстық техника) сатып алу қиын - 19,1%;
- Біз жақсы өмір сүреміз, кейде қымбат нәрселерді сатып ала аламыз - 55,4%;
- Біз ештеңеден бас тартпаймыз - 17,4%;
- Бағалауға қиналды - 1,8%.

Өңірлер бойынша Жамбыл облысында жағдай ерекше қиын, мұнда материалдық жағдайы сұралған ата-аналардың үшіншісі жағдайын қиын деп бағалайды - 25%-ы ақша тамаққа әрең жетеді десе, 11,3%-нда ақша тіпті нан алуға да жетпей қалады делінген. Сондай-ақ осы тұрғыда Ақмола, Маңғыстау облыстарына және ОҚО-на назар аудару керек.

Басқа өңірлермен салыстырғанда Ақтөбе облысы мен ШҚО жағдайлары айтарлықтай жақсы, бұл өңірлерде бірде-бір ата-ана отбасын тамақпен қамту кезінде ешқандай қиындықтың жоқ екендігін көрсеткен.

27-кесте. Өңірлер бөлінісінде ата-аналардың материалдық жағдайын бағалау, N=2358, %

	Материалдық жағдайды бағалаңыз:				
	Бәрінен бас тартуға тура келеді	Тамаққа ақша әрең жетеді	Тамаққа, киімге ақша жетеді	Біз жақсы өмір сүреміз	Біз ештеңеден бас тартпаймыз
Астана қ.	6,4	7,2	16	50,4	20
Алматы қ.	0,8	5	27,7	55,5	10,9
Ақмола обл.	0,8	19,8	33,9	31,4	14
Ақтөбе обл.	5,2	9	26,1	49,3	10,4
Алматы обл.	0,6	2,4	30,1	53	13,9
Атырау обл.	2,5	18	31,1	27	21,3
ШҚО	4,8	6,3	31	34,1	23,8
Жамбыл обл.	11,3	25,3	38,7	14,9	9,8
БҚО		6,2	30,2	40,1	23,5
Қарағанды обл.	0,7	2	33,8	49,3	14,2
Қостанай обл.	2,1	2,7	30,8	52,7	11,6
Қызылорда обл.	2	3,3	37,7	43	13,9
Маңғыстау обл.	1,2	21,7	31,9	28,9	16,3
Павлодар обл.	1,9	13	34,6	44,4	6,2
СҚО	5	5	48	37	5
ОҚО	6,9	19,9	41,7	27,3	4,2
Қазақстан	3,4	11,1	33	39,1	13,4

Сұраққа жауап берген отбасының басым бөлігінде балалар саны 2-3 құрайды (60,8%). Бала саны 4 және одан да көп балалы отбасының үлесі 23,2%-ды құрайды. Зерттеу нәтижелері материалдық жағдаймен қанағаттану бала санымен тікелей байланысты екендігін көрсетеді. Отбасында бала көп болған сайын, ата-аналар өздерінің материалдық жағдайына қанағаттанушылығын аз көрсетеді. Әсіресе отбасында 5 және одан да көп бала болған кезде жағдай өте қиын, ата-аналар барлығынан бас тартып, ақша кейде нанға да жетпей қалады деп көрсетеді (10,4%) немесе ақша тамаққа әрең жетеді дейді (29,2%). Бұл кезде бала саны аз отбасымен арасындағы алшақтық байқалып тұрады. Бұл мәліметтер көп балалы отбасындағы балалар материалдық игілік тарапынан қоғамның өте осал бөлшегі болып қалатындығын көрсетеді.

28-кесте. Бала саны әртүрлі отбасындағы ата-аналардың материалдық жағдайын бағалау, N=2366, %

Балалар саны	**Материалдық жағдайды бағалаңыз:**					**Барлығы**
	Бәрінен бас тартуға тура келеді	Тамаққа ақша әрең жетеді	Тамаққа, киімге ақша жетеді	Біз жақсы өмір сүреміз	Біз ештеңеден бас тартпаймыз	
1 бала	0,8	5,4	29,3	47,6	16,9	100
2 бала	2,9	5,9	33	44,7	13,5	100
3 бала	2,8	10,6	36,5	36,7	13,5	100
4 бала	4	20,7	33,7	31,6	10	100
5 және одан көп	10,4	29,2	27,8	20,8	11,8	100
Барлығы	3,4	11,1	33	39,1	13,4	100

Баланың денсаулығы

Бала тәнінің ең маңызды аспектісі - денсаулық жағдайы екенін бағалай отырып, ата-аналардың басым бөлігі (78%) балаларының денсаулығында мұндай мәселелер жоқ екендігін айтады, демек 22%-нда осындай мәселелер бар. Бірақ өңірлер бойынша жағдай өте ерекшеленеді. Бала денсаулығы нашар өңір ретінде Ақмола облысы алдыңғы қатарға шығады, ата-аналардың 35,4%-ы бала денсаулығына қатысты мәселенің бар екендігін алға тартады. Алматы қаласы да бала денсаулығына байланысты айтарлықтай мәселенің бар екендігін көрсетті (32%).

Отбасындағы бала саны да олардың денсаулықтарына да ықпал етеді. Бірақ материалдық жағдаймен салыстырғанда бұл жерден беталыс кері жүреді. Бала саны көп болған сайын, баланың денсаулығы туралы мәселені аз көрсетеді. Отбасында екі баласы бар отбасылар басқаларға қарағанда денсаулық мәселесін жиі көрсетеді (24,8%). Мүмкін бұл үрдіс көп балалы отбасында балалар аз ауырады дегенмен емес, ата-ана әр балаға, оның мәселесіне көңіл бөлетіндігіне байланысты болуы мүмкін.

4.2. Әлеуметтік игілік

Баланың айналасы

Баланың әлеуметтік игілігі оның айналасын анықтайды. Зерттеу жұмысы бала кіммен тұрып жатыр және кіммен тұрғысы келетіндігі арасында айтарлықтай алшақтықты таппады. Тек балалардың әжесімен/атасымен бірге тұруды қалайтындардың үлесі және олармен бірге тұрып жатқандардың үлесі көп екендігін айта кетуге болады (31,2% және 24,6%). Аналарға қатысты жағдай керісінше, анасымен тұратындарға қарағанда анасымен бірге тұрғысы келетіндердің үлесі аз (92,9% және 90,8%). Мүмкін бұл әжелер/аталар ата-аналарға қарағанда балаға көп көңіл бөлетіндігімен байланысты болар, ата-аналар үнемі жұмыспен, басқа да

шаруаларға байланысты бос уақыттары болмайды. Өгей әкемен тұруды қолдайтындар саны аз, балалардың 4,4%-ы онымен бірге тұрады, тек 2,2%-ы өгей әкемен бірге тұрғысы келетіндер. Өгей шешені бұл жерде қолдайтындар басымырақ (0,5% және 0,6%). Мүмкін бұл әйел адамдардың балалармен эмоциялық сезімдерді орнату кезінде табысты болуымен негізделуі мүмкін.

29-кесте. Баланың айналысындағы жақындар: балалар кіммен тұрады және кіммен бірге тұрғысы келеді, жауаптандағы айырмашылық, %

	Қазір сен кіммен бірге тұрасың? N=3289	Кіммен бірге тұрғың келеді? N=3220	Жауаптардағы айырмашылық
Ана	92,9	90,8	-2,1
Әке	76,9	78	1,1
Ағалары	45,2	44,4	-0,8
Әпкелері	40,7	39,8	-0,9
Әжесі/атасы	24,6	31,2	6,6
Тәтесі/ағасы	6,5	6,5	0
Өгей әке	4,4	2,2	-2,2
Қамқоршылар	2	1,5	-0,5
Өгей шеше	0,6	0,5	-0,1

Балалардың басым бөлігі айналасындағы жақындар олардың қауіпсіздігін ойлап, оларды қорғайды деп санайды (95,5%). Қамқорлық әрдайым бола бермейді деп көрсеткен балалардың үлесі айтарлықтай аз (4,1%).

Балалардың қауіпсіздігі жас шамасына емес, отбасындағы бала санына байланысты. Төменде берілген диаграммада отбасында бала саны артқан сайын өз жағдайын жақсы деп бағалаған балалардың үлесі аздап азаяды.

14-диаграмма. Отбасындағы бала санына байланысты жақындардың қамқорлығын бағалау, «Иә, әрқашан» жауаптарының үлесі



Отбасындағы балалардың 27%-ы, ересектер оларды ұзақ уақытқа жалғыз қараусыз тастап кеткен жағдайларды бастан кешкен екенін белгіледі. Бір қорқыныштысы, 12 жастан төмен балалардың үлесі едәуір үлкен, 8 жаста 17,2%-ды, ал 11 жаста 24,4%-ды құрайды. Жалғыз баласын еш қараусыз

тастап кету оқиғасы жиі кездеседі (29,4%), ал көп балалы отбасында қараусыз қалдыру сирек кездеседі.

Бос уақыт

Барлық жастағы оқушылардың көп уақыты сабаққа дайындалумен, өз бетімен оқумен кетеді (еліміз бойынша орташа 43,9%). Жауаптардың басым бөлігі Жамбыл облысы мен СҚО сәйкес келеді (54,4% және 50,6%). Ақтөбе, Алматы қ., Ақмола, Павлодар, БҚО облыстарында аз кездеседі. Ең азы Атырау мен Қызылорда облыстарында (33,0% және 33,7%).

Сондай-ақ сауалнамаға қатысушылар музыканы жиі тыңдайды (еліміз бойынша орта есеппен 41,9%). Әнге құмарлардың басым бөлігі ШҚО, СҚО, Қостанай облысы және Астана қ., кездеседі. Бала ересек болған сайын, музыканы жиі тыңдайды. Орта есеппен кітапты 34,6%-ы оқиды. Ақтөбе облысы мен Алматы қ. кітапты жиі оқиды (47% астам), ал Қызылорда (19,9%) мен Павлодар (22,8%) облыстарында кітап сирек оқылады. Оқырмандардың жас шамасы 8 жастан 10 жасқа дейін және 15-тен 17 жасқа дейінгілер.

30-кесте. Балалардың бос уақытты өткізу жолдары, N=3734, %

Сабақ оқимын, өз бетімен білім аламын	43,9
Музыка тыңдаймын	41,9
Үй шаруасымен айналысамын	39,5
Достарыммен кездесемін	38,3
Кітап оқимын	34,6
Теледидар көремін	34,3
Интернетте, әлеуметтік желіде отырамын	30,7
Секцияларға, білім курстарына, факультативтерге барамын	21,9
Аулада ойнаймын (футбол, волейбол, роликтер, скейтбордтар)	21,7
Туыстарыма қонаққа барамын	21,6
Интернетте/дискіден фильмдер көремін	19,9
Табиғатқа шығамын, көшеде қыдырамын	18,1
онлайн-ойындар ойнаймын, мобильдік қосымшаларда, компьютерлік ойындар	16,6
Сурет салумен, шахматпен, музыкамен айналысамын	16
WhatsApp, viber, скайпте тілдесемін	15,7
Кинотеатрға, мұражайға, көрмеге, концертке, театрға барамын	9,3
Ойын-сауық орталықтарына барамын	7,8
Жұмыс істеймін (ақша табамын)	2,8
Менде бос уақыт жоқ	1,9
Дискотекаға, клубтарға барамын	1,9

Виртуалды әлем барлық өңірлердегі балалардың өмірінде маңызды орын алады. Жалпы сауалнамаға жауап бергендердің 80,3%-ы интернетті қолданады. Онлайн-ойындар, кино, әлеуметтік желілер және басқа әрекеттер (20,2%, 30,4%, 30,5%), WhatsApp, viber, скайпте тілдесу (20,8%) барлық жастағы балаларға тән, ойындармен жасы 9-дан 14-ке дейінгі балалар айналысады. Алматы облысы (57,8%) мен ОҚО (68,1%) интернетті аз пайдаланады.

Жас шамасы ұқсас балаларда теледидарды көру көрсеткіші бірдей, орта есеппен 34,3%. ОҚО, Жамбыл, Алматы облыстары жиі көреді – 41,5%-45,6%. Атырау, Қарағанды, Маңғыстау облыстары сирек көреді – 25-26% шамасында, Астана қ. – 27,6%. Облыс орталықтарымен салыстырғанда шалғай ауылдарда теледидарды жиі көреді (31,4% және 52,3%).

Дегенмен оқушылардың 39,5%-ы бос уақыттарында үй шаруасымен айналысады. Жамбыл облысы (50,2%), СҚО (48,5%), ОҚО (45%) балалары үй шаруасымен белсенді түрде шұғылданады, ең азы – Қызылорда (29,1%), Маңғыстау (27,8%), ШҚО (32,3%). Шалғайдағы ауыл балалары үй шаруасымен көп айналысады (50%), аудан орталықтарындағы балалар аз айналысады (33,4%).

Үй шаруасынан басқа балалар ақша табумен айналысады. Орташа республикалық көрсеткіш алаңында 2,8% жауапта ШҚО (6,9%), Қарағанды (5,1%), Павлодар (5,1%), СҚО (5%) ерекшеленеді, Атырау, Ақтөбе облыстарында аз уақыт жұмыс істейді (0,6% төмен). Көбінесе 16-18 жастағы балалар жұмыс істейді, дегенмен 8 жастан бастап ақша табатын балалар да бар.

Сондай-ақ сауалнамаға қатысушылар өз құрдастарымен де бірге уақыт өткізеді: 38,3%-ы достарымен кездессе, 21,7%-ы волейбол, футбол ойнайды, табиғатқа шығады, жауап бергендердің 18,1%-ы көшеде қыдырады. Сонымен қатар секцияларға, білім курстарына, факультативтерге баратындардың үлесі еліміз бойынша орта есеппен 21,9%-ды құрайды.

Балалардың 71,6%-ы қандай да бір секция/ үйірмелеріне қатысады деп мәлімдеді: 48,3%-ы - біреуін, 16,3% - екеуін және 7,0% - үш немесе одан да көп демалыс ұйымдарын. Қазақстанда оқушылар арасында ең танымалы - спорт клубтары (жауаптардың 36,4%-ы), ғылыми қоғамдар (22,4%), би клубтары (14,5%), көркемдік клубтар - 12,7%. Аз танымал - шахмат (6,3%), драмалық, дебат үйірмелері (2,5%).

15-кесте. Балалардың демалыс ұйымдарына баруы, %

Біз аймақтарға бөліп балалар клубтарға/секцияларға баруын қарастыратын болса, онда Ақтөбе және Қарағанды облыстарында ең қолайлы жағдай бар екенін атап өтуге болады, өйткені осы салаларда балалардың 85%-ы клубтар/секцияларға қатысады. Ең нашар жағдай секциялар мен үйірмелерге баруда Алматы облысында (57%), Қызылорда облысы және ОҚО-да (60% әр бірінде) байқалады.

31-кесте. Өңірлер бөлінісінде балалардың үйірмелер мен секцияларға баруы, %

Өңір	Астана к.	Алматы к.	Ақмола обл.	Ақтөбе обл.	Алматы обл.	Атырау обл.	ШҚО	Жамбыл обл.	БҚО	Қарағанды обл.	Қостанай обл.	Қызылорда обл.	Маңғыстау обл.	Павлодар обл.	СҚО	ОҚО
%	81	77	72	85	57	80	82	70	82	85	82	60	72	68	71	60

Шалғайдағы ауылдарда балалар үшін қосымша дамудың барлық түрлері қолжетімді емес. Әкімшілік орталықтарынын алыс емес келетін кейбір ауылдарында, балалардың 7,5% кез келген арнайы топтардың болмауын көрсетті.

Уақыттың (18,6%) және ниеттің (16,5%) болмауы сауалнамаға қатысқан балалардың үйірмелер мен секцияларға бармауының негізгі себептері болып аталынған. Үйден қашықтықта болу факторы 8,9%-ды құрады. Респонденттердің 4,5% клубтарға бару үшін ақша жетіспеушілігіне шағымданса, 4% - ауылда оның жоқтығын атап өтті.

Ірі қалалардың тұрғындарына қол жетімді көңіл көтеретін орындар бар. Мысалы, кинотеатрларға, мұражайларға, көрмелерге, концерттерге, театрларға Астана, Алматы қалаларының, Қостанай облысы мен ШҚО тұрғындары басқаларға қарағанда көп барады (17-12%). Көңіл көтеретін орындарға сондай-ақ Астана, Алматы қалаларының, Маңғыстау, БҚО, Павлодар облыстарының тұрғындары басқалармен салыстырғанда екі есе жиі барып тұрады.

4.3. Балалардың эмоциялық саулығы

Балалар мен ата-аналардың құндылықтары

Ата-ананың мінез-құлқы, балалармен өзара қарым-қатынас сапасы баланың әлеуметтік және эмоциялық саулығына тікелей әсер етеді, ата-ананың құндылығы, олардың түсінігі бойынша бала өмірінде ең маңызды екендігін және көңіл бөлуді талап етуді түсінуді анықтайды. Ата-аналар бірінші орынға қоятын құндылықтар тізімін талдау, яғни бала өмірі туралы сөз қозғалғанда бала тәнінің саулығы (денсаулық, бейбітшілік, қауіпсіздік, тазалық, тәртіп, материалдық жеткіліктілік) және жақындарымен жақсы қарым-қатынас ең бірінші маңыздылыққа ие екендігін көрсетеді. Негізгі талаптарға көңіл бөлу түсінікті, алайда шығармашылық (3,6%), сүйікті ісі, хобби (4,1%), қазақ тіліне, мәдениетіне тарту (8,8%) деген сияқты қазіргі

өмірдің маңызды акценттеріне көңіл бөлетін ата-аналардың үлесі аз болуы алаңдатушылық туғызады. Осындай материалды емес құндылықтарға деген қарым-қатынас балалардың психологиялық денсаулығы жағдайын анықтайды және олардың елемеушілік құндылықтары жоқшылыққа ұшырауына әкелуі мүмкін, бұл материалдық жоқшылық секілді қауіпті.

16-диаграмма. Ата-аналардың бағалауы бойынша бала өміріндегі маңызды құндылықтар, , N=2431, %

Ата-аналардың еліктеуі

Баланың эмоциялық саулығы ата-ана мен оның арасындағы қарым-қатынас сапасымен, олардың бала мұқтаждықтарына, оның уақыт өткізуіне, әлеуметтік байланыстарына ықыласпен қарауымен қамтамасыз етіледі. Зерттеу нәтижелері осы сұрақтарға қатысты жағдайлар айтарлықтай жақсы екендігін көрсетеді. Ата-аналардың 95,3%-ы өз балаларының достарының есімін біледі (N=2269), 93,8%-ы баланың күні қалай өткендігін айта алады (N=2180) және 94,6%-ы баласының бүгін қандай тамақ жегендігін біледі (N=2177).

Отбасындағы бала санына қатысты талдау баланың эмоциялық саулығы ата-ана қанша балаға көңіл бөлетіндігіне байланысты екендігін көрсетеді. Бала саны 5 және одан да көп баласы бар ата-аналар

өз балаларының достарының есімін (85,2%), баласы күнді қалай өткізгендігін білмеуі де мүмкін (84,2%), және баласының күні бойы не жегенінен хабарсыз болады (88,9%).

Көп балалы отбасындағы жүктемені ескере отырып, мұндай жағдайдың орын алуы әбден мүмкін, алайда қаржылық қиындықтармен бірге ата-ананың назарынан тыс қалу мұндай отбасындағы балалардың тек эмоциялық саулығына ғана қауіп төндіріп қоймайды.

32-кесте. Бала саны әртүрлі отбасы бөлінісінде бала өмірінің жеке аспектілерін ата-ананың білуі

Бала саны	**Сіз өз балаңыздың достарының есімін білесіз бе? (N=2269)**		**Оның кешегі күні қалай өтті? (N=2180)**		**Бала не жеді? (N=2177)**	
	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ	Иә	Жоқ
1 бала	97,4	2,6	96,1	3,9	96,7	3,3
2 бала	96,8	3,2	95,8	4,2	95,8	4,2
3 бала	95,8	4,2	93,1	6,9	93,5	6,5
4 бала	94,7	5,3	93,5	6,5	95,1	4,9
5 және одан да көп	85,2	14,8	84,2	15,8	88,9	11,1
Орташа	95,3	4,7	93,8	6,2	94,6	5,4

Көбінесе ата-аналар балаларына күніне 30 минуттан 2 сағатқа дейін уақыт бөледі. Күніне 2 сағаттан артық уақыт бөлетін «бақыттылардың» үлесі 17%-ды құрайды, ата-ананың көңіл бөлуі бірдей, талаптарына жауап беретін баланың мұндай тобын бақытты деп атауға болады.

Қауіп-қатер аймағында күніне ата-ана 30 минуттық уақыт қана бөлетін балалар кіреді, жалпы бұл балалардың 29%-ын құрайды, яғни іріктеудің үштен бір бөлігі. Мұндай балалардың үлесі айтарлықтай қорғалған болып табылмайды, өмірдің түрлі келеңсіз жағдайларына ұшырауы мүмкін деп сенімділікпен айтуға болады.

17-диаграмма. Күні бойы ата-ананың баламен ойнауға, әңгімелесуге бөлетін уақыт саны, N=2188, %



Сондай-ақ талдау жұмысы басқалармен салыстырғанда 5 және одан да көп баласы бар отбасындағы ата-аналар күн сайын баласына 10 минуттан артық (9,2%) уақыт бөле алатындықтарын көрсетті, жалпы бұл нәтижелер

баламен ойнау, әңгімелесу арқылы уақыт бөлу отбасындағы бала санына кері пропорционал екендігін көрсетеді.

Баланың эмоциялық саулығы сондай-ақ ата-ана баланы қалай жиі тыңдай білетіндігімен, қаншалықты оның пікірін ескеруімен, баланы толғандырып жүрген сұрақтарын бірге талқылауымен, бала өз өмірінде болып жатқан құпиялармен қаншалықты бөліскісі келетіндігімен анықталады. Балалардың берген жауаптары мұндай жағдайдың басым бөлігі жақсы екендігін білдіреді – 82,5%-ы ата-аналар олардың пікірімен санасатындығын, оларды толғандырып жүрген сұрақтарды бірге талқылайтындықтарын айтты. Бұл мәліметтер ата-аналардың басым бөлігі бала тәнінің саулығын ойлауымен қатар, баламен тілдесудің маңызды екендігін түсінетіндігін білдіреді.

Алайда өңірлер бойынша жағдай бірдей емес. Бала пікірін ескеруде Жамбыл облысы артта қалып отыр, еліміз бойынша осы өңірде баланың пікірімен санасатын ата-ананың үлесі едәуір төмен (Жамбыл облысында - 80,6%, республика бойынша орташа - 89%), бірақ балалардың басым бөлігі ата-аналармен маңызды тақырыпқа әңгімелесе алатындықтары (95,7%) байқалады. Баланың эмоциялық саулығының осы екі аспектісі де ШҚО-да салыстырмалы түрде төмен сипатталған (85,1% және 90,5%). Солтүстік Қазақстанда балалардың жағдайы айтарлықтай жақсы көрінеді (93,3% және 95,7%).

33-кесте. Өңірлер бөлінісінде балалардың ересектермен өзара қарым-қатынастарын бағалау, %

	Отбасың саған қатысты маңызды сұрақтарды шешу кезінде сенің пікіріңмен санаса ма? N=3310	Егер сені бірдеңе қызықтырып, алаңдатса немесе мазаласа, сен ол туралы ата-анаңмен сөйлесе аласың ба? N=3362
Астана қ.	90,3	91,0
Алматы қ.	89,9	96,3
Ақмола облысы	91,8	90,5
Ақтөбе облысы	91,4	95,4
Алматы облысы	86,1	91,9
Атырау облысы	90,6	94,1
ШҚО	85,1	90,5
Жамбыл облысы	80,6	95,7
БҚО	90,9	97,0
Қарағанды облысы	92,9	94,4
Қостанай облысы	90,2	92,0
Қызылорда облысы	91,3	96,0
Маңғыстау облысы	87,6	88,6
Павлодар облысы	91,6	96,4
СҚО	93,3	95,7
ОҚО	89,1	89,3
Қазақстан	89,3	93,5

Ата-анамен өзін қызықтыратын немесе толғандыратын мәселені талқылау мүмкіндігі отбасындағы бала санына қатысты емес, дегенмен отбасында бала саны көп болған сайын ата-ана жеке баланың пікіріне құлақ асуы азая түседі. Отбасында жалғыз баланың бұл орайда мүмкіндігі көп.

Бала мен ата-ана қатынасындағы жас шамасының динамикасын талдау кезінде ата-ана 12 жаста үлкен сенімге ие болатындығын, содан кейін олардың ролі біртіндеп төмендейтіндіктерін көрсетеді. 13 жастан 17 жасқа дейін ата-ана мен баланың арасындағы тілдесу екі жақты қызығушылыққа ие болады – ата-аналар баланың пікіріне құлақ асады, ал олар болса ата-анадан кеңес алуға жүгінеді. 18 жасқа толған кезде ата-аналардың пікірі өзінің маңыздылығын жоя бастайды.

18-диаграмма. Жас шамасы динамикасында балалардың ересектермен өзара қарым-қатынасын бағалау



Баланың жеке бөлмесі, ұйықтайтын, демалатын орны, үй тапсырмасын және басқада тапсырмаларды орындауға арналған бөлменің бар болуы баланың эмоциялық амандығын қамтамасыз ететін маңызды шарттардың бірі болып табылады. Кез-келген уақытта үй тапсырмасын орындай алатын, өзіне арналған қолайлы орны бар балалардың үлесі 93,9%-ды құрайды.

Демалатын орны бар балалардың үлесі отбасындағы бала санына кері пропорционал төмендейді, бұл 4 және одан да көп балалы отбасында заңдылық болып табылады, себебі әр балаға демалыс пен ұйықтауға орын бөлу қиынға түседі.

19-диаграмма. Отбасында бала санына қатысты балалардың жеке ұйықтайтын бөлменің бар болуы, N=3235



Өңірлер бөлінісінде балалардың демалысына арналған жағдайларды бағалау және аталған сұрақта баланы жеке бөлмемен қамту қажеттілігінде ата-аналардың түрлі қарым-қатынасы көрсетіледі. Атырау (77,4%) мен Маңғыстау (72,2%) облыстарында балалардың жеке төсегі бар екендігін сирек көрсетіледі, орташа іріктеу 86,7%-ды құрайды. Бұл бір жағынан отбасының материалдық мүмкіндігіне байланысты болуы мүмкін, ал екінші жағынан отбасының артықшылығы мен кемшілігі бар мәдени ерекшеліктері де маңызды орын алады. Маңғыстау (7,9%), Атырау (6,5%), ШҚО (6,5%), Ақтөбе (6,1%) облыстарында балалар анасымен бірге ұйықтайтындарын жиі көрсеткен.

4.4. Когнитивтік игілік

Мектеп балалардың когнитивтік игілігін қамтамасыз ететін негізгі орта болып табылады. Сұраққа жауап берген мектеп жасында баласы бар ата-аналардың 88,8%-ы балаларының барлығы мектепке барады деп көрсетті. Мектеп баланың білімге деген талабын қаншалықты қанағаттандыратындығын 1 тарауда келтірілген мәліметтерге қарап түсінуге болады. Когнитивтік игілік контекстінде біз балалардың басым бөлігі мектепте алатын біліммен қанағаттанатындығын көрсете аламыз, 42,2%-ы оларды өте жақсы деп бағалайды.

Дегенмен, мектеп әрдайым баланың жаңа білімге деген мұқтаждығын қамти алмайды, бұл жерде қосымша білім беру маңызды роль атқарады. Ақыл-ой қызметімен байланысты ғылыми, шахмат үйірмелердің танымалдылығы спорт секцияларын ескеру кезінде төмен, бірақ ондай үйірмелерге қатысатын балалардың үлесі айтарлықтай басым (сәйкесінше 31,4% және 9,8%).

Мүмкін бұл сан көбірек болар еді, егер балалар мектеп сабағына аз уақыт бөлетін болса - ешқандай үйірмелерге қатыспайтын балалардың 18,6%-ы уақыттың тапшылығын айтады. Бұл балалардың танымдық аспектіде қызықты болатын нәрсемен айналысуға таңдауы жоқ, себебі мектеп бағдарламасы мұндай мүмкіндікке жол бермейді.

Сонымен қатар жауап алынған балалардың 44,8%-ы (N=3734) түрлі зияткерлік ойындарға қатысатындықтарын көрсетті, осы арқылы жоғары еліктеушілікті бағалауға болады, себебі зияткерлік сипаттағы жарыстар барлық бала үшін тартымды болады деп айту қиын – балалардың 12,5%-ы мұндай жарыстарға ешқашан қатыспайды.

Алайда өңірлер бөлінісіндегі талдау жұмысы балалардың белсенді қатысуына олардың ықыласы емес, керісінше сыртқы шарттар ықпал ететіндігін көрсетті. Егер Ақтөбе мен Қызылорда облыстарында жиі қатысып тұратын балалардың үлесі республикалық көрсеткіштен айтарлықтай асып түссе (59,8% және 60%), ал басқа өңірлерде бұл цифрлар едәуір төмен. Бұл әр өңірлердегі балалар өздерінің танымдық талаптарын қанағаттандыру үшін түрлі мүмкіндіктерге ие екендігін білдіреді.

34-кесте. Өңірлер бөлінісінде балалардың зияткерлік жарыстарға қатысуы, N=2126, %

Өңірлер	Астана қ.	Алматы қ.	Ақмола обл.	Ақтөбе обл.	Алматы обл.	Атырау обл.	ШҚО	Жамбыл обл.	БҚО	Қарағанды обл.	Қостанай обл.	Қызылорда обл.	Маңғыстау обл.	Павлодар обл.	СҚО	ОҚО	**Қазақстан**
Иә, жиі	47	47	32	60	41	43	39	40	53	45	52	60	41	42	41	46	**45**
сирек	42	42	57	36	37	40	50	50	35	37	35	34	39	50	45	43	**43**
ешқашан	11	12	10	5	22	17	11	10	13	18	13	6	21	8	15	11	**13**

Білімнің заманауи тағы да бір қайнар көзі – интернет, Қазақстанда балалар айтарлықтай белсенді түрде қолданады (80,3%), қажет ақпаратты іздеудің негізгі функциясын оның басқа мүмкіндіктеріне қарағанда көбірек қолданады (40,9%).

Өңірлер бөлінісінде 3 негізгі өңірде Астана (54,7%), Алматы (52,8%), Жамбыл облыстарында (52%) интернет пайдалы ақпараттың қайнар көзі ретінде қолданылады. Балалардың көп бөлігі интернетті қолданушылар ретінде, ал аз ғана бөлігі интернетті маңызды мақсаттарға, маңызды ақпараттарды іздеу үшін қолдануы анықталған кейбір өңірлерге (Атырау, Маңғыстау, Алматы және ОҚО облыстары) назар аударған жөн.

Балалардың интернеттің пайдалы функциялары туралы, әсіресе оны танымдық құрал ретінде түсінігін қалыптастыру қажет, бұл дегеніміз оны пайдалану кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ баланың танымдық мүмкіндігін арттыра түседі.

35-кесте. Өңірлер бөлінісінде балалардың интернетті ақпараттың қайнар көзі ретінде пайдалануы, %

	Интернетті қолданады, N=3734	**Қажет ақпаратты іздейді, N=3734**
Астана қ.	92,4	54,7
Алматы қ.	85,4	52,8
Ақмола облысы	85,6	40,6
Ақтөбе облысы	78,3	40,3
Алматы облысы	57,8	26,4
Атырау облысы	79,0	27,9
ШҚО	83,9	40,1
Жамбыл облысы	84,0	52,0
БҚО	76,8	49,2
Қарағанды облысы	81,9	43,9
Қостанай облысы	91,5	46,0
Қызылорда облысы	80,1	37,8
Маңғыстау облысы	75,8	27,0
Павлодар облысы	83,3	40,5
СҚО	91,6	48,1
ОҚО	68,1	33,1
Қазақстан	**80,3**	**40,9**

Желіде ұшырасатын қауіп-қатер мен интернет қауіпсіздігі туралы өз балаларымен талқылайтын ата-аналардың үлесі орта есеппен 81%. Алайда көп балалы, 5 баладан артық бала тәрбиеленетін отбасыларда ата-аналар айтарлықтай сирек талқылайды – 67,2%. Сонымен қатар интернет-қолданушының дағдыларын білмейтін ата-аналар бұл топта үш есе жиі кездеседі (17,2%), Қазақстан бойынша орташа көрсеткіш 7,2%. Осы мәліметтерге сүйене отырып, әлемдік тәжірибеде белгіленген үрдісте біздің зерттеу жұмысында кездесетіндігін айтуға болады, яғни көп балалы отбасының саны артқан сайын ата-аналардың білім деңгейі соғұрлым төмендей түседі.

Теледидар да жаңа ақпаратқа мұқтаждықтың орнын толтыра алады, алайда зерттеу көрсетіп отырғандай, ол көбінесе көңіл көтеретін құрал ретінде қолданылады, балалар мультфильмдер (39,4%), сериалдар (31,8%) көреді. Үйрететін бағдарламалар балалардың тек 23,7%-ын ғана тартады. Өкінішке орай, балалардың амандығы үшін теріс әрі қауіпті контент

қолжетімді деп балалардың 3,4%-ы жауап берді, олар үрей туғызатын бейнелерді, зорлық-зомбылық туралы бейнелерді көретіндіктерін айтты.

20-диаграмма. Балалар көретін теледидарлық бағдарламалар, N=3734, %



Баланың жаңа ақпаратқа шынайы мұқтаждығы оның білуге құмарлығы мен әуестігі әр түрлі пайдалы арналарына, танымдық ақпараттарға қолжетімділігін кеңейту жолы арқылы қанағаттандырылуы тиіс.

Бірақ өңірлер бөлінісіндегі талдау кейбір өңірлердің ата-аналары балаларының теледидар бағдарламаларын көру қолжетімділігі ақпаратын нашар қадағалайтынын көрсетеді. Әсіресе ШҚО жағдай қобалжытады, мұнда балалардың 9,2%-ы үрей туғызатын бейнелерді, зорлық-зомбылық сахнасын көретіндіктерін айтқан. Сондай-ақ, бұл көрсеткіш республика бойынша орташа көрсеткіштен үш есе асып түседі. Сонымен қатар осыған қатысты Павлодар (5,1%), Ақмола облысы (4,5%) және ОҚО (4,7%) жағдайына назар аударған жөн. Бұл орайда балалардың үйретуші бағдарламаларға, зияткерлік бағдарламаларға деген қызығушылығы осы өңірлерде салыстырмалы түрде аз көрсетілген, ШҚО (31,8%) балалары табиғат пен аңдар туралы хабарларды көргенді және ОҚО (23,4%) балаларға арналған зияткерлік шоуды тамашалағанды ұнатады.

36-кесте. Өңірлер бөлінісінде балалар көретін теледидарлық хабарлар, N=3734, %

облысы	Үйретуші хабарлар	Балалар өз білімдерін көрсететін зияткерлік бағдарламалар	Табиғат, аңдар, саяхат туралы хабарлар	Ұятқа қалдыратын бейне, зорлық-зомбылық сахнасы, оқиғалар
Астана қ.	25,8	13,3	31,6	2,2
Алматы қ.	34,7	16,6	33,2	4,0
Ақмола	16,8	10,4	23,8	4,5
Ақтөбе	32,6	17,2	27,1	3,2
Алматы	18,2	11,6	15,1	,8
Атырау	22,7	14,2	17,6	3,0

облысы	Үйретуші хабарлар	Балалар өз білімдерін көрсететін зияткерлік бағдарламалар	Табиғат, аңдар, саяхат туралы хабарлар	Ұятқа қалдыратын бейне, зорлық-зомбылық сахнасы, оқиғалар
ШҚО	24,4	19,8	31,8	9,2
Жамбыл	20,6	11,0	26,3	2,5
БҚО	36,4	26,0	27,2	2,4
Қарағанды	26,2	19,4	34,2	3,8
Қостанай	28,6	11,1	29,1	2,1
Қызылорда	24,5	10,7	15,3	1,5
Маңғыстау	15,5	7,5	9,9	3,3
Павлодар	19,1	9,3	22,8	5,1
СҚО	20,5	9,6	30,1	4,6
ОҚО	18,8	23,4	25,9	4,7
Қазақстан	23,8	14,7	24,9	3,5

Танымдық ақпаратты дәстүрлі жолмен алуға қызығушылық танытқан балалардың мүддесін бағалай отырып, оқулықтармен бірге кітаптарды күн сайын балалардың 21,1%-ы және 33,7%-ы аптасына бірнеше рет оқитындығын байқауға болады. Осылайша балалардың жартысынан астамына кітап үйреншікті өмірлік серікке айналған деп айта аламыз. Осы тұста кітапты мүлде оқымаймыз деген 12 балаға ерекше көңіл бөлген дұрыс.

21-диаграмма. Балалардың мектеп оқулықтарымен бірге өзге кітаптарды оқуы, N=3672, %



Кітап оқымайтын балалардың жоғары үлесі, яғни әрбір төртінші бала Алматы облысында (24,8%) байқалған. Алматы қаласының балалары кітап оқыған ды ұнатады, мүлде оқымайтындардың үлесі 5,5%. Өңірлерге шаққанда жауаптар арасындағы мұндай айырмашылық балаларды толыққанды танымдық ортамен қамтамасыз ету үшін бірдей тәсілдердің, бірдей мүмкіндіктердің жоқтығын көрсетеді.

5 тарау. Балалар мен жастардың өміріне қатысты негізгі мүмкіндіктер мен қиындықтар

Балалар үшін болмыстың түрлі жақтарын қозғайтын мәселелер - тәндік, эмоциялық, әлеуметтік саулық. Мәселенің деңгейін бағалау өңірлер бойынша ерекшеленеді. Дегенмен өте жиі белгіленетін негізгі 25 топ бар.

37-кесте. Балалар өте жиі атайтын мәселелер, N=3734, %

Балалар мәселесі	**Жауаптар %**
Жиі ауырып қаламын	7,7
Ақшаның жетіспеушілігі	3,8
Ата-анам ажырасқан	3,6
Мектепте қызықты шаралар жоқ	3,3
Театр, кино, ойын-сауық орталықтары қолжетімді емес	3,0
Мұғалімдердің оқушыға әділетсіз қарауы	2,6
Интернет қол жетімсіз	2,5
Жақсы достар жоқ	2,4
Спорт секциялары, үйірмелер қол жетімсіз	2,4
Мектепке жету қиын	2,4
Оқу қиын, ештеңе түсінбеймін	2
Ата-анам мені түсінбейді	2,0
Ата-анам менімен аз уақыт өткізеді	1,8
Нашар тамақтанамын	1,8
Үй шаруасы бойынша жұмыс көп, осылардың салдарынан мен шаршаймын, сабақ оқуға қолым тимейді	1,8
Мұғалімдерді менің ойым қызықтырмайды	1,6
Оқығым келмейді	1,6
Сыныптастармен жанжалдасып қалу	1,6
Бірде бір электрондық гаджет жоқ	1,5
Мектепте жағдай жасалмаған (суық, жарық болмай қалады, дәретханалар нашар және т.б.)	1,5
Бір немесе екі ата-анаммен көріспеймін	1,4
Отбасым жиі бір жерден басқа жерге көше береді	1,3
Отбасымның меншікті баспанасы жоқ	1,3
Ата-аналарды менің пікірім толғандырмайды	1,3

Барлық бала бірдей ауыратын сияқты. Дегенмен, сауалнама нәтижесі бойынша мұны маңызды мәселе ретінде Маңғыстау (17,9%), Ақмола (10,9%), СҚО (10%), ШҚО (10,1%) облыстарының сауалнамаға қатысқандар көрсетті.

Айтпақшы, денсаулық сақтау құқығын бұзу бойынша жоғары пайыздар Маңғыстау (26,3%) мен ШҚО (19,3%) облысында орнатылған. Ал Жамбыл облысының сауалға тартылған балаларының 24,4%-ы денсаулық сақтау құқықтарының сақталмайтындықтарын, 6,8%-ы жиі ауыра беретіндіктерін аса маңызды мәселе ретінде көрсетті.

Балаларға жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша шалғайдағы ауылдардағы маңызды мәселелер – бұл ақшаның жетіспеушілігі (12,9%),

соған лайық маусымдық киімдердің жетіспеушілігі (5,3%), гаджеттің болмауы (7,6%) және үй жұмысының көп болуы (6,8%).

Ақшаның жетіспеушілігі мәселелерін ШҚО (7,4%), Жамбыл облысының (8,2%), СҚО (5%), ОҚО (5%), Ақмола облысының (4,5%) сауалнамаға қатысушылары жиі көрсетті. Жамбыл облысы басқа өңірлерге қарағанда маусымдық киімдердің жетіспеушілігін жиі көрсетті (2,1%). Қарағанды облысындағы балалардың 3%-ы жұмыс істеуге мәжбүр. Отбасындағы қаражаттың жетіспеушілігін барлық өңірлердегі балалар белгіледі кейбіреулері көп, кейбіреулері аз көрсетті. Басқаларына қарағанда Астана (4%), Маңғыстау (4,2%), Қарағанды (4,2%) облыстарында тамақтың нашарлығына жиі шағым түсті. Павлодар облысының балалары гаджет жетіспейді деп жиі көрсетті (Павлодар облысында - 4,2%, республика бойынша орта есеппен бұл көрсеткіш - 1,5%). Астана мен Алматы қалаларында жеке баспананың жоқтығын жиі алдыға тартады. Сондай-ақ осы өңірдегі балалар басқаларға қарағанда отбасының жиі көшуін сөз етті. Маңғыстау облысында мектепке зиян тигізе отырып, үй жұмысына жиі салып қояды. Барлық өңірдегі балалар ата-ананың ажырасуын маңызды мәселе деп көрсетті. Осы тұста ең жоғары көрсеткіштерге ең алдымен Астана (6,2%), ШҚО (6,5%), СҚО (5,4%) ие болған. Бұл жерде ата-аналардың балалармен бірге уақытты аз өткізуі, өз балаларын түсінбеуі орын алған. Сонымен қатар осының барлығына отбасында ішімдіктің пайдалануы қосылды. Бұл орайда балалардың пікірі бойынша көп қиындық ШҚО, Қарағанды және Павлодар облыстарында орын алған.

Жалпы көптеген мәселені белгілеген балалар ШҚО, Маңғыстау, Қарағанды, Павлодар, Ақмола облыстарынан шыққандар. Бұл өңірлерде сауалнама бойынша кейбір отбасыларында күрделі материалдық, моральдық жағдай қалыптасқанын байқаймыз. Балаларға жиі жұмыс істеп, үй ішінде қақтығыстарға, түсінбеушіліктерге ұрынуға тура келеді. Осы өңірлерде сауалнамаға қатысқандар отбасындағы ұрыстарды, жанжалдарды, құмар ойындарды, қол жетімсіз интернетті атап көрсетті. Дегенмен, Қызылорда, Қостанай, Ақтөбе облыстарында теріс жауаптар айтарлықтай аз.

Бірнеше өңірлерде театрларға, киноға бару қиын екендігі (Жамбыл, Қарағанды облысы, ШҚО, Атырау облысы), секциялар мен үйірмелерге қатыса алмау (Атырау облысы, Қарағанды облысы, Маңғыстау облысы, ШҚО), интернеттің жоқтығы (Жамбыл, Маңғыстау облысы, СҚО) байқалды. Маңғыстау, Қарағанды, ШҚО, Павлодар, Ақмола облыстарында мектепке қатынау қиын. Балалар мектептік қызықты шаралардың жоқтығын тілге тиек етті. Аталған мектептерде сабақ оқу қиын, айтарлықтай құлшыныс жоқ. Сонымен қатар аталған өңірлерде сыныптастарымен қарым-қатынас жақсы емес. Мектептерде жағдай жасалмаған, жарық, жылу жоқ, таза әрі ыңғайлы дәретхана жоқтың қасы деп Ақмола облысының (3%) және ОҚО (5%) оқушылары белгіледі. Мұғалімдердің оқушыларға әділетсіз қарауы Ақмола (6,4%), Қостанай (4,8%), Маңғыстау және Павлодар облыстарында (3,3%) жиі кездеседі.

Осылайша, әр өңірдің өзіне тән мәселелері бар. Егер өңірлерді жеке қарастыратын болсақ, онда мынадай жағдай сипатталады:

Астанада балалардың көп алаңдатушылықтарын туғызатындар: өз баспанасының болмауы – 4,9%, жиі көшуі – 3,1%, нашар тамақтануы – 4%, ата-аналарың ажырасуы – 6,2%.

Алматыда да осыған ұқсас мәселелер орын алған, бірақ аз шамада: өз баспанасының болмауы – 3,5%, жиі көшуі – 2,5%, ата-аналарының ажырасуы – 2,5%, ақшаның жетіспеушілігі – 2,5%.

Ақмола облысында балалар келесі мәселелерді көрсетті: жиі ауырып қалу – 10,9%, ақшаның жетіспеушілігі – 4,5%, ата-аналарының ажырасуы – 4,5%, ата-ананың балаға аз уақыт бөлуі – 3%, ата-аналардың түсінбеушілігі – 1,5%. Ақша табуға тура келеді -1,5%, үй шаруасы көп – 2%.

Ақтөбе облысында балаларды мыналар көп алаңдатады: жиі ауырып қалу – 7,7%, ата-аналарының ажырасуы – 3,6%, ата-аналардың балаларға аз уақыт бөлуі – 2,7%, ата-аналардың балаларды түсінбеуі – 1,8%, ақшаның жетіспеушілігі – 2,3%.

Алматы облысында мәселе аз сияқты көрінеді. Көбірек аталатындар – жиі ауыруы – 5,4%, ақшаның жетіспеушілігі – 3,1%, гаджеттің жоқтығы – 1,6%, ата-аналардың ажырасуы – 1,6%.

Атырау облысында денсаулықпен қатар мәселенің екі сегменті ерекшеленеді: материалдық және отбасылық. Жиі ауырамын – 7,3%, нашар тамақтану, ақшаның жетіспеушілігі – 2,6%-дан, гаджеттердің жоқтығы – 1,7%. Отбасылық: ата-аналардың ажырасуы – 1,7%, үйде ішімдіктің ішілуі – 2,1%.

ШҚО-да келесі мәселелерді жиі деп белгілеген: жиі ауыруы – 10,1%, ақшаның жетіспеушілігі – 7,4%, нашар тамақтануы – 1,8%, маусымдық киімдер жетіспеуі – 1,8%, балаларға ақша табуға тура келуі – 1,8%. Жиі көшіп-қонулар – 2,8%, үй жұмысының көптігі – 3,7%, ата-аналардың ажырасуы – 6,5%, үйде ішімдіктің ішілуі – 2,8%, ата-аналардың түсінбеушілігі – 3,7%, үйдегі даулы жанжалдар – 2,3%.

Жамбыл облысындағы балалар негізгі мәселе ретінде ақшаның жетіспеушілігін көрсетті – 8,2%. Сонымен қатар киімнің жетіспеушілігі – 2,1%, гаджеттердің жоқтығы – 1,8%. Басқа өңірлермен салыстырғанда жиі ауырып қалу туралы аз айтылды – 6,8%.

БҚО бірінші қатарда – жиі ауырып қалу - 8%. Қалған мәселелер: ата-аналардың ажырасуы – 3,6%, ақшаның жетіспеушілігі – 2,0%, гаджеттер – 1,6%, үйдегі жұмыстың көптігі – 2,4%, ата-аналардың түсінбеушілігі - 2%.

Қарағанды облысында басқа өңірлермен салыстырғанда балалар нашар тамақтанатындықтарын жиі айтты – 4,2%, ақша табуға мұқтаждық - 3%, оларды ата-аналарының түсінбейтіндігі – 4,6%. Ақшаның жетіспеушілігі – 2,5%, үйдегі жанжалдар – 1,7%, үйде ішімдіктің ішілуі – 1,7%.

Қостанай облысында балаларды ерекше алаңдататын жағдайлар – жиі ауырып қалу – 7,9%, ақшаның жетіспеушілігі – 2,6%, үй жұмысының көптігі – 3,2%, ата-аналардың ажырасуы – 3,7%.

Маңғыстау облысында мына мәселелер жиі деп белгіленеді: жиі ауыру - 17,9%, өмір сүру жағдайларының нашарлығы – 2,4%, үй жұмысының көптігі – 5,2% секілді мәселелермен алдыңғы қатарға шығады. Ақшаның жетіспеушілігін 4,7% белгілеген, нашар тамақтану – 4,2%, ақша табуға мұқтаждық – 3,8%, үй ішіндегі түсінбеушіліктер – 3,3%.

Павлодар облысында сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі гаджеттердің жоқтығын көрсеткен – 4,2%. Басқа өңірлермен салыстырғанда мына мәселелер бойынша жауаптардың саны басым түседі: жеке баспананың болмауы – 2,3%, өмір сүру жағдайының нашарлығы – 1,9%, отбасында ішімдіктің ішілуі – 2,3%. Ата-аналардың ажырасуы – 4,7%, үйдегі түсінбеушілік – 3,3%.

СҚО отбасылық кикілжіңнің салдарынан балаларда материалдық қиындықтар бастан асады. Ата-аналардың ажырасуы - 5,4%, үйдегі түсінбеушілік – 3,8%, ішімдіктің ішілуі – 2,1%, ақшаның жетіспеушілігі - 5%, жиі ауырып қалу жоғары көрсеткіштердің бірі - 10%.

ОҚО гаджеттің болмауы – 2,2%, киімнің жоқтығы – 1,6%, нашар тамақтану – 2,78%, ақшаның жетіспеушілігі - 5%, жиі көшіп-қонулар – 1,9% көрсеткіштері еліміз бойынша орташа көрсеткіштен жоғары, алайда балалардың ақша табуы ең төменгі пайыздардың бірі болып табылады – 0,3%.

Шалғайдағы ауылдарда ақшаның жетіспеушілігі ең өзекті мәселелердің бірі – 12,9%, киімнің жетіспеушілігі – 5,3%, гаджеттердің жоқтығы – 7,6%, үй шаруасындағы жұмыстың көптігі – 6,8%, өмір сүру жағдайлары нашар - 3%, отбасында ішімдіктің ішілуі - 3%.

6 тарау. Балалардың амандығына бағытталған қолданыстағы әлеуметтік саясатты бағалау

Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғау халықаралық және ұлттық заңдармен реттеледі. Қазақстандағы балалардың амандығы, олардың өмірінің дамуына, бағытталған әлеуметтік саясатты баланың толыққанды жетілуі үшін, мүдделері мен талаптарын қанағаттандыру, оның тиімді әлеуметтенуі, құқығын қорғау үшін ұсынылатын кепілдік кешен мен көмек ұсыну жүйесі ретінде анықтауға болады.

1994 жылы Қазақстан балалардың құқықтарын қорғаудың басты құжаты – Балалардың құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялады. Балалардың құқықтары туралы Конвенция халықаралық деңгейде бала құқықтарын реттеуші негізгі нормативті құжат, мұнда балалардың барлық құқықтары көрсетілген міндетті алғашқы халықаралық құжат.

2000 жылы қарулы қақтығыстарға балалардың қатысуына байланысты Баланың құқықтары туралы Конвенцияның Факультативтік хаттамасына қол қойылды. 2001 жылы Қазақстан балаларды саудалауға, балалардың зинақорлығы және балалар порнографиясына қатысты Баланың құқықтары туралы Конвенцияның Факультативтік хаттамасына қол қойды. 2002 жылы Бас Ассамблеяның арнайы сессиясында «Балалардың өмір сүруі үшін жарамды әлем» атты жинақ құжаты қабылданды, 2004 жылы «Еуропа мен Орталық Азия өңірлерін балалардың өмір сүруі үшін жарамды ету» атты Сараево міндеттемесіне қол қойылды, 2005 жылы «Балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты шұғыл іс-қимылдар жөнінде Любляна келісімі қабылданды.

Тұлғалар мен мүгедек балалардың мүмкіндіктерін теңестіруге, біріктіруге және қорғауға бағытталған шаралар шеңберінде 2008 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияға қол қойылды, ол 2015 жылы ҚР Заңына сәйкес ратификацияланды.

Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғауға қатысты мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметтерінің басым саласы болып табылады. Балалар туралы қазақстандық заңнамалардың негізінде балаларға қатысты мемлекеттік саясаттың негізгі талаптарын қамтитын БҰҰ халықаралық құқықтық құжаттар бар. Қазақстан адам құқығына қатысты шамамен 60-қа жуық халықаралық құжаттарды ратификациялады, оның ішінде 15-і балалардың құқықтарын қорғауға қатысты құжаттар.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы мен ҚР Конституциясы еліміздің балаларға қатысты негізгі құжаттар болып табылады. Балалардың құқықтарын нығайта түсетін маңызды заңдарға ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Білім туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер

үйлері туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Заңдары жатады. Ана мен балалық шақты қорғау Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінде қарастырылған.

2016 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялау туралы», «Балаларға алименттерді және отбасын күтіп-бағудың басқа да нысандарын өндіріп алудың халықаралық тәртібі туралы клнвенцияны және Алименттік міндеттемелерге қолданылатын құқық туралы хаттаманыратификациялау туралы» Заңдарды қабылдады. Сондай-ақ 2016 жылы «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды, 2016 жылғы 10 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы» №192 жарлығы шығарылды, 2 мемлекеттік бағдарлама, Үкіметтің 6 қаулысы, 24 салалық бұйрық бекітілді.

Жалпы және арнаулы сипаттағы бұл нормативтік құқықтық құжаттар балалардың құқықтары мен мүдделерін сақтауға кепілдік беретін нақты ережелерден тұрады.

2016 жылы Бала құқығы жөнінде Уәкіл институтының құрылуы Қазақстанда құқықты қорғайтын ұлттық жүйенің жетілгендігін растайды, бұл жүйе біздің елде балалардың құқықтары мен оларды қорғауды бақылаудың қосымша тетігіне айналды.

Балалық шақты қорғау саласындағы маңызды бағыт – нормативтік құқықтық базаны дамытуға қатысты жұмыстарды жүргізу болып табылады. 2016 жылы баланың құқықтарын қорғау саласында заңдарды жетілдіру бойынша жұмыстар жалғасты; ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғауға қолдау көрсету жүйесі қалыптасты; заңға асырап алушы және қонақ отбасы деген ұғымдар енгізілді. Білім және ғылым министрлігінде 2016 жылдың 8 шілдесінде жетім балалардың, ата-ананың қамқорлығынан айырылған балалардың, сондай-ақ өз отбасына балаларды қабылдауға тілек білдірген тұлғалардың республикалық деректер банкінің тұсау кесері болды.

2016 жылы жүргізілген зерттеудің мәліметтері бойынша орта есеппен мекеме басшыларының 65,9%-ы мен мамандардың 58%-ы баланың мүддесі мен құқығын қамтамасыз ету жөніндегі ҚР қолданыстағы заңдары Баланың құқығы туралы Конвенцияның және басқа да халықаралық келісім шарттардың ережелері мен шарттарына толық сәйкес келеді деп санайды.

Орта есеппен басшылардың 28%-ы мен мамандардың 26,8%-ы Қазақстандағы заңдар көптеген халықаралық ережелер мен шарттарға сәйкес келеді деп санайды. Ұлттық заңдар халықаралық нормаларға «Мүлде сәйкес келмейді» деген жауаптар анықталмады.

Мамандар арасында әлеуметтік қорғау қызметкерлерінің 100%-ы республикамыздағы заңдар халықаралық құжаттарға сәйкес келеді дейді.

38-кесте. Балаларды қорғауға қатысты қолданыстағы заңдардың халықаралық құжаттарға сәйкес келуін мамандардың бағалауы, N=886, %

	Толық сәйкес келеді	Көптеген ережелер мен шарттарға сәйкес келеді	Ережелер мен шарттарға жартылай сәйкес келеді	Ережелер мен шарттарға аз сәйкес келеді	Мүлде сәйкес келмейді	Жауап беруге қиналамын
Мұғалім	58,6	29,4	6,4	1,4		4,2
Психолог	52,5	40,6	2,0	1,0		4,0
Әлеуметтік педагог	59,6	31,9	5,3			3,2
Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор	75,0	16,7	5,6			2,8
Медициналық қызметкер	53,4	20,7	10,3	3,4		12,1
Әлеуметтік қорғау қызметкері	100,0					
Тәрбиеші	55,5	30,1	8,2	2,7	0,7	2,7
Басқа	56,0	32,0	4,0			8,0

«Сіздің облысыңызда ҚР қолданыстағы заңдары балалардың құқықтарын қорғауды қаншалықты қамтамасыз етеді?» деген сұрақты басшылардың орта есеппен 61,8%-ы 10 баллға жақсы бағалады, олардың арасында ең жоғары директорлардың орынбасарларының жауаптары болды – 85,7%, ең төмен жауаптар мектепке дейінгі мекемелердің меңгерушілері көрсетті – 48,1%. Ең төмен баға 5-6 балл барлық басшыларда сирек кездесті, 1 жауап бойынша алынды. Мамандардың жауаптары аса кең қарқынды, бұл бағалау кезіндегі дауыстың 100%-ын әлеуметтік қорғаудың барлық өкілдері берді, екінші орында кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлар (75,7%), үшінші орында әлеуметтік педагогтар (54,3%), төртінші орын бірдей үлеспен медициналық қызметкерлер (46,6%) мен тәрбиешілер (44,9%), мұғалімдер (42,3%) және психологтар (41%) берді.

Демек, сауалнамаға жауап берген мамандардың жартысынан азы ҚР заңдары балалардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етеді деп, 10 балл деген баға берді, шамамен жауап берген әрбір бесінші маман 9 балл қойған және әрқайсысы 4-8 баллдан берген. Қалған бөлігі балдық көрсеткіштің орташа және төмен мәндері арасында үлестірілген.

7 тарау. Түйіндеме мен қорытындылар

2016 жылғы балалардың құқықтық қорғалуын зерттеу, балалардың құқықтарын сақталуын және елдегі өз құқықтары туралы балалардың хабардарлық жағдайының жағымды динамикасын көрсетті.

2010 жылға қатысты балалардың өз құқықтары туралы жалпы хабардарлығы өсті (2016 жылы - 80%, 2010 жылы - 47%). Баланың құқықтарын жақсы білетіндігіне сенімді балалардың үлесі артты (2016 жылы - балалардың 30,5%-ы, 2010 жылы - 13%).

2016 жылы өз құқықтары туралы жоғары деңгейде хабарландырылған балалар Алматы қаласында (89%), Қарағанды (88,8%), Павлодар (87,4%) және Қостанай (87,3%) облыстарында өмір сүреді. Басқаларға қарағанда өз құқықтары туралы ең аз ақпараттандырылған балалар Маңғыстау (сауалнамаға қатысушылардың 59,7%-ы хабардар) және Жамбыл (65,7%) облыстарынан екені анықталған. Астана мен Алматы қалаларында, соңғы 6 жыл ішінде бала құқықтарынан хабардар болған балалар үлесі екі есеге артқан.

Кем дегенде өзінің бір ғана құқығын атаған балалардың үлесі 97,5%-ды құрады. Соның ішінде, 60%-ы өз құқықтарының бестен көбін айта алды. Ең жоғары болып балалар үшін ата-анаға қамқорлық көрсету, (71,4%), өмір сүру (62,4%), тегін білім алу (57,0%), дұрыс даму (53,9%), денсаулық сақтау (16,2%) құқығы белгілі екені анықталған. Балалар үшін ең аз танымал құқықтар болып, хат-құпиялылығы (16,2%), бейбіт жиналыстарға қатысу, бірлестіктер құру (18,0%) құқықтары жатады.

Құқықтар туралы ақпарат көздері, негізінен ата-аналар мен туыстар (72,1%), мектеп мұғалімдері (60,0%) болып табылады, яғни бейнелеген ақпарат көздері. Әлдеқайда аз ақпарат құралдары болып, интернет (36,9%) және БАҚ болады.

Балалардың 37,7%-ы Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғауды реттейтін заңдарды біледі.

Осал топтардағы балалар осы санаттағы тиесілі емес балаларға қарағанда өз құқықтары туралы аз хабардар болып табылады. Осылайша, көп балалы отбасылардың балалары 76% жағдайда өз хабардарлығын көрсетті, ал бір баласы бар отбасылардан шыққан балалар 84%-ды көрсетті. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар (аз қамтылған отбасыларда - 52%, ең жақсы қамтылған - 87%) ауқатты отбасының балаларына қарағанда өз құқықтары туралы аз хабардар болып табылады. Өз құқықтарын білмейтін, шалғайдағы ауылдардан келген балалардың үлесі орта есептегі 20%-бен салыстырғанда - 35%-ды құрады.

Соңғы 6 жылда, өз құқықтары сақталады деп ойлайтын балалар саны 3%-ға (2010 жылы 59% -дан 2016 жылы 62% -ға) дейін өскені байқалады. Басқаларға қарағанда, құқықтардың сақталуымен көбірек қанағаттанғандар Жамбыл (80%) және Қызылорда облыстарында (78%), басқаларға қарағанда аз болып - Маңғыстау (46%) облысы және ШҚО сауалнамаға қатысушылары (48%) болып табылады.

Нақты құқықтарының сақталуын қарау кезінде, балалар жиі болып, өз ойларын еркін білдіруге (11,2%), денсаулығына сақтауға (9,8%), өз пікірін еркін түрде айтуға (8,7%), адамның жеке басының бостандығына (8 2%), теңдік (7,3%) және демалыс және бос уақытқа (7,5%) қатысты құқықтарына қанағаттанбайды. Сауалнамаға қатысқан ата-аналар үшін ең өзектісі - балаларының денсаулық сақтау (13,6%), лайықты тұрғын үй (11,5%), мемлекеттік көмек (10,1%), өз пікірін білдіру (8,7%), теңдік (7,1%), сөз бостандығы (7,1%) құқықтары болып табылады.

Сақталмаған құқықтар бала өмір сүретін өңірлерге байланысты ерекше болады:

- Жамбыл облысында денсаулық сақтау құқығының іске асырылуына қанағаттанбағандар саны өте көп (24%),
- Ақмола облысында – сөз бостандығына (22%),
- Жамбыл облысы мен ШҚО – жыныстық қанауға (тиісінше 18% және 12%),
- ШҚО - ата-анасының қамқорлығына (18%).

Балалармен жұмыс жасайтын сауалнамаға қатысқан мамандар, көп жағдайда осал топтағы балаларының барлық құқықтары сақталады (73,9%) деп белгілеген. Балалардың құқықтарын ең осал топтары аз қамтылған отбасылардың, девиантты мінез-құлықты балалар, шалғай ауылдарда және мигранттар болып табылады.

Сауалнамаға қатысқан балалардың түгелге жуығы (91,8%) құқықтармен бірге олардың сондай-ақ міндеттемелері бар екенін түсінеді. Жиі болып аталатын, міндеттемелерге сабақты жақсы оқу (90,8%), ата-аналарға көмек көрсету (77,8%), өз денсаулығын сақтауға (61,1%) және одан кіші туған інілері мен әпкелеріне қамқорлық (57,3%) жатады.

Зорлық-зомбылық оқиғалары туралы балалардың 8,0%-ы көрсеткен болатын. Сонымен қатар, өмір сүру деңгейі төмен отбасылардан шыққан балалар жоғары деңгейлі отбасыларға қарағанда зорлық-зомбылықпен жиірек кездеседі: ең төменгі табысы бар балалар тобы арасында зорлық-зомбылықпен қақтығысқандар 26% жағдайда, ең жоғары табыспен - 5,9% жағдайында кездеседі.

2010 жылмен салыстырғанда мектептік білім беру сапасы, оқушылардың білімді түйсінуде негізгі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Сауалнамаға қатысқан балалардың жартысына жуығы сыныпта мұғалімдер түсіндіруін жақсы түсінбейтіндігі (52,1% әрқашан емес/ешқашан мұғалімді түсінбейді), кітаптарды түсінбейтіндігі (48% әрқашан емес/ешқашан оқулықтардағы материалды түсінбейді), тиісінше балалардың жартысына білім алу оңай еместігі анықталған (51,6%). Сауалнамаға қатысқан балалардың төрттен бір бөлігі ғана, Ақмола және Атырау облыстарында білім алу оңай екенін көрсеткен. Қалғандарына мұғалімдердің түсініктемелері бірден түсінікті болмаған. Бұл оқу бағдарламасының, мұғалімдердің мүмкіндіктерінің, сыныптағы оқушылардың санының теңгерімділігі жоқ екенін көрсетеді.

Балалардың тән саулығының, әлеуметтік, эмоциялық және когнитивтік амандығын бағалау амандықтың түрлі аспектілеріне ықпал ететін негізгі факторларды анықтауға мүмкіндік берді.

- отбасындағы бала саны бала мүмкіндігіне айтарлықтай ықпал етеді;
- өмір сүру аймағы;
- бала отбасымен бірге немесе интернаттың ұйымдарда тұрады;
- баланың жас шамасы;
- бұл жерде елді мекеннің түрі толық қарастырылмады, алайда баланың қалалық немесе ауылдық елді мекенде тұруы өз ықпалын тигізетіндігі күмән келтірмейді.

Аталған шарттар баланың барлық эмоциялық саулығына, яғни ата-аналарының көңіл бөлуіне, демалатын, ұйықтайтын бөлменің бар болуына және т.б. әсер етеді. Балалардың басым бөлігі мұндай мүмкіндіктерге ие, бірақ көп балалы отбасыларда және жеке өңірлерінде мұндай жағдайлар шектелген.

Сонымен, қаржылық жағдайы туралы ең елеулі жағдай ата-аналардың 36%-ы оның отбасы кедей қаржылық жағдайын атап өткен Жамбыл облысында байқалады. Сондай-ақ, аз қамтылған отбасылардан салыстырмалы түрде жоғары үлес ОҚО-да (26,8%), Маңғыстау (22,9%) және Ақмола (20,6%) облыстарында байқалды. Ақмола облысы мен Алматы қаласында ата-аналардың ең үлкен үлесі олардың балаларында (тиісінше 35,4% және 32%,) денсаулыққа байланысты мәселелер бар деп есептейді.

Өткізілген сауалнама шеңберінде балалардың 27%-ы ересектер қараусыз ұзақ уақыт бойы жалғыз қалдырғанын және олардан сегіз жылдық балалардың 17%-ы және 11-жылдықтардың ішінен 24,4% бұл жағдайды атап өтті.

Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету - қазіргі қоғам үшін аса маңызды міндет. Зерттеуге сәйкес, интернетпен сауалнамаға қатысқан балалардың 80,3% орташа пайдаланады. Онлайн ойындар (20%), фильмдер (30%), әлеуметтік желілер (31%), WhatsApp, Viber, Skype (20,8%) арқылы сөйлесу барлық жастағы балаларға тән, ойынға шағын түзетумен - онымен жасы 9-дан 14-ке дейін балалар тәуелді болады. Алматы облысында (57,8%) және ОҚО (68,1%) интернетпен пайдалану деңгейі төмен.

Алаңдатарлық жағдай ШҚО-да, балалардың 9,2%-ы атышулы видео, зорлық-зомбылық сахналарды көретіндігі байқалады және бұл көрсеткіш ел бойынша орташа алғанда үш есе жоғары екенін мәлімдеді. Сондай-ақ, осыған да Павлодар (5,1%), Ақмола облысы (4,5%) және ОҚО-на (4,7%) назар аудару керек. Балалардың зияткерлік бағдарламаларға осы өңірлерде аз көрінеді, бірақ ШҚО (31,8%) және ОҚО-да (23,4%) балалар табиғат пен жануарлар жарнамалық роликтерге деген қызығушылығын қоспағанда, салыстырмалы аз айқын болып табылады.

Бүгінгі балалар жиі тірі кездесуге қарағанда әлеуметтік желілер арқылы достарымен байланысуды қалайды. Мысалы, олардың бос уақытында балалардың тек 38%-ы достарымен кездеседі, 21,7% волейбол, футбол,

ойнайды, сауалнамаға қатысушылардың - 18,1%-ы көше бойында қыдырып, табиғатқа серуенге барады.

Балалардың 71,6% -ы (мүмкін әрдайым емес) кез келген үйірмелерге және секцияларға қатысады деп мәлімдеді. Қазақстандағы студенттер арасында ең танымал - бұл спорттық секциялар (жауаптардың 36,4%), ғылыми қоғамдар (22,4%), би клубтары (14,5%), көркемдік клубтар (12,7%). Аз танымал - шахмат (6,3%), драма, дебат үйірмелері (2,5%). Алыс ауылдарда тұратын балаларды қосымша біліммен қамту үйірмелері қолжетімді емес, олардың 25%-ы ғана спорттық клубтарға қатысып, одан басқа косымша біліммен қамту үйірмелерімен қамту 8-5% шегінде болады. Мектеп басшылардың айтуынша бұған мамандардың болмауы (музыка мұғалімдері, би және басқа да ғылыми және білім беру бағыттары) себеп. Бұл көрсеткіштің ең жақсы жағдайы Ақтөбе және Қарағанды облыстарында байқалады (осы өңірлерде балалардың 85%-ы қатысады), ең төмен көрсеткіштері - Алматы (57%), Қызылорда облыстары және ОҚО (60% әрбірінде).

Балалардың қосымша білім беру ұйымдарына қатыспауының негізгі себептері: ұмтылысының жеткіліксіздігі - 16,5%, уақыттың жеткіліксіздігі - 18,6%, үйден қашықтық - 8,9%, төлеу үшін ақшаның жетіспеушілігі - 4,5%, тұрғылықты аумағының жоқтығы - 4%, болып табылады.

Сонымен қатар баланың эмоциялық жағдайындағы мәселелерге, демек мектептегі мұғалімдермен, құрдастары арасындағы қақтығыстарды көрсеткен жағдайларға көңіл бөлген дұрыс. Бұл жерде мектептегі сыныптан тыс жұмыстарына дұрыс көңіл бөлмейтіндігі байқалады, мектептегі баланың эмоциялық, физикалық амандығын аз қамтамасыз ету себептерінің бірі мұғалімдердің қағазбастылықтан айырылмауы.

8 тарау. Балалардың құқықтарын қорғаумен айналысатын білім беру ұйымдарының, органдарының мамандарына, ата-аналарға арналған ұсынымдар

Зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдау және алынған түйіндеменің негізінде бірнеше ұсынымдар жасалды, оларды орындау арқылы балалардың құқықтарын қорғау жағдайларын жақсартуға болады.

Білім берудің орталықтарының әртүрлі деңгейлеріне арналған ұсынымдар (ҚР БҒМ, облыс және жергілікті деңгейдегі білім беру басқармасы):

1. **Тәрбие және білім беру процесінің сапасын мақсатты емес функцияларын беру арқылы жақсарту**

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының тәрбие және білім беру қызметтерін жақсарту үшін бұл ұйымдардың мамандарын оларға бейінді емес функциялардан, мысалы білім беру мамандарын, мектеп мұғалімдерін қалалық және ауылдық әртүрлі шараларға кішігірім жиын ретінде (массовка) пайдаланудан, міндетті білім беру шеңберінде айналаны аралап өтуден және басқа іс-шаралардан босату керек. Бұл әрекетті орындау үшін, мұғалімдердің барлық орындалатын функцияларын талдап, білім беру ұйымдарына сай емес функцияларды үкіметтік емес сектордың ұйымдарына аутсорсинг, мемлекеттік тапсырыс, мемлекеттік сұраныс арқылы аудару қажет.

Тәрбие және білім беру функцияларын өзара бөлу қажет, пән мұғалімдері мен тәрбиешілерді дифференциялау қажет, мұндай жағдайлар бұрын гимназиялар, кәсіптік техникалық оқу орындары тәжірибесінде, ал қазіргі кезде элитарлық мектептерде қолданылады. Ол үшін мектепте штаттық тәрбиеші қызметін енгізіп, мектепке тәрбие беру мекемесі функциясын қайта беру үшін басқа да шараларды қолдану керек.

2. **Хабардарлықты талдау арқылы білім беру ұйымдарының ақпараттық жұмысын жақсартуды арттыру**

Білім беру ұйымдарының ақпараттық жұмысын арттыру үшін балалардың құқықтары туралы балалар мен ата-аналардың хабардарлығына тұрақты талдау жасау, аумақтар/білім беру ұйымдарының деңгейін талдау және жоғары көрсеткіштер үшін алдыңғы өлшеу кезеңімен салысырғанда жағдайды жақсарту үшін (моральдық, материалдық көтермелеу) марапаттау керек. Мысалы үшін 2016 жылдың нәтижесінде балалардың өз құқықтарын білуінің ең жоғары көрсеткіштері Алматы қаласы, Қарағанды, Павлодар және Қостанай аумақтарында байқалады, ал балалардың өз құқықтары туралы хабардар болуының ең жоғары өсу үлесі Алматы және Астана қалаларында байқалады.

Мемлекеттік органдардың сайттарында балалардың өз құқықтары туралы хабардар болу картасын орналастыру қажет. Одан басқа өз құқықтарының орындалуымен қанағаттану картасын және басқа

мәліметтерді көрсетуге болады. Мысалы, ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің сайтында аймақтық рейтингтер картасын көрсетіп, аймақтық білім беру басқармаларының сайттарында (аймақтық әкімдік) – аймақтық рейтинг картасын, аудандық әкімдіктердің сайттарында – мектеп рейтингтерін, мектеп сайттарында – сыныптар рейтингтерін орналастыру қажет.

3. Бала құқықтарын сақтаудың мониторингі

Балалардың құқықтарын қорғауға талдау жасау тәжірибесін жалғастыру қажет. Балаларға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға және басқа осал топтағы балаларға қатысты құқық бұзу, оның себептері мен жағдайларына мониторинг өткізу, келешекте мұндай кемшіліктерді болдырмау және оларды жою жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру керек.

4. Психологиялық қызмет жұмысының сапасы

Жалпы педагогикалық үрдісте балалардың, ата-аналардың, мұғалімдердің арасында тиімді қарым-қатынасты орнату үшін психологтың ролін күшейту керек. Мектеп психологтары балалардың, ата-аналардың, педагогтардың шынайы көмекшісіне айналуы тиіс. Бұл үшін, біріншіден, еліміздің әрбір білім беру ұйымын психологпен қамтамасыз ету керек, екіншіден, ЖОО-да осы аталған мамандық бойынша оқыту сапасын жақсартудан бастап психологтардың біліктілігін арттыру, диплом беру және мамандық алу критерилерін жою, есесіне психолог болып жұмыс жасайтындардың біліктілігін артыру қажет. Психологтің жұмысы тиімді болу үшін, білім беру ұйымы, өз мүмкіндіктерін ескере отырып, психологтің жұмысы үшін тиісті еңбек жағдайларын және нақты айқындалған міндеттерді құру қажет.

Психологтың жұмысын бағалау үшін әр түрлі көрсеткіштерді пайдалануға болады: 1) білім беру ұйымдарында психологтың болуы туралы балалар мен ата-аналардың хабардарлығы, 2) психологқа балалар мен ата-аналардың келуі, 3) көрсетілген қызметтерге балалар мен ата-аналардың қанағаттануы.

5. Жастар мен олардың ата-аналары балалардың демалысын ұйымдастыру

Қалалық және ауылдық жерлерде мекемелер немесе мектептен тыс білім беру ұйымдарының еліміздің әр балаға қол жетімділігін қамтамасыз ету. Әрбір бала, әуесқой театрларға, оқу орталықтарына, соның ішінде түрлі зертханаларға, аула клубтары, спорт клубтары және т.б. ұйымдарға баруға және қызықты үйірмелермен айналысуға мүмкіндігі болуы тиіс. Аталған ұйымдар балалардың барлық санаттары үшін тегін болуы тиіс, сонымен қатар балаларға қажет топтарының санын таңдауы керек, сондай-ақ аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар стигматизацияға ұшырамауы тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі балалар осы топтың балаларының қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бейімделген ұйымдарға, спорт клубтарына қатыса алуы керек.

Демалыс және спорттық мекемелерді, ұйымдар, секциялар, клубтар желісін және т.б. тек ғана балаларға ғана емес сонымен қатар ересектер үшін де дамыту керек, өйткені ата-аналар баланың әдеттері мен оның әлемдік көз қарастарының қалыптасуына ең елеулі ықпал етеді. Зерттеу деректері бойынша балалардың құқықтары туралы ақпараттың ең маңызды көзі - ата-аналар. Сондықтан ата-аналарды спорт клубтарына, театр топтарына, хор және демалыс ұйымдардың басқа да түрлеріне тарту қажет. Бұл ұйымдарда балалардың құқықтары туралы ақпаратты белсенді тарату қажет.

Фестивальдер, шығармашылық конкурстар, форумдар және басқа да қоғамдық іс-шаралардың өтуі кезінде балаларды қатыстыру. Барлық балаларды жазғы демалыспен қамтамасыз ету керек. Олар халықтың барлық сегменттеріне неғұрлым қолжетімді етіп жазғы лагерьге сапарлар мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ішінара төленуі тиіс. Барлық балаларды жазғы демалыспен қамтамасыз ету.

6. Ақпараттық науқан

Зерттеу нәтижелері ресми ақпарат көздері арқылы балалардың құқықтары жөніндегі ақпараттық жұмыс өте нашар жүзеге асырылатынын көрсетеді. Сондықтан, балалардың құқықтары туралы жұртшылықты хабарландыру үшін теледидарды (жарнамалық роликтер арқылы), газеттерді (викториналар, мақалалар) жұмылдыру керек, адамдар жиі отыратын интернет-сайттарға әлеуметтік жарнама беру, тақырып бойынша форумдарда пікірталас жасау, көшелерде аталған тақырып бойынша билбордтар орналастыру, қоғамдық орындарда және мектептерде парақшалар тарату қажет. Бұл ақпарат науқанын ауылдық жерлерде жүзеге асыру ерекше маңызды, себебі қалаларда кейбір қызметтер жүзеге асыралатын болса, ауылдық жерлерде - іс жүзінде асырылмайды. Оқу бағдарламасына балалардың құқықтары туралы тақырыпты енгізу қажет, балалар арасында жарыстар өткізу, интерактивті нысандағы заң сабақтарын ұйымдастыру, құқықтық тәрбие бойынша клубтар құру, және т.б.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған балалардың құқықтары туралы қоғамды хабарландыруды арттыру, қоғамды олардың проблемалары туралы хабардарлығы және тиісті қолданыстағы нормативтік құжаттар, қолжетімді қызметтер, сондай-ақ отбасыдағы балаларға арналған тәуекел факторлар, баланың дамуы мен тәрбиесіне қатысты ата-аналардың жауапкершілігі туралы ақпараттық-насихаттық жұмыс жүргізу.

7. Қызметтердің стандарттарын әзірлеу

Өмірдің қиын жағдайларына тап болған балалар үшін көмек көрсетудегі стандарттарды әзірлеу бойынша жұмысты жалғастыру.

8. Балалар ұйымдарында баланың өзін-өзі басқаруын жетілдіру

Елдегі барлық оқу орындарында, балалардың өзін-өзі басқару тәжірибесі іске қосылғаны белгілі, бірақ осы өзін-өзі басқару қаншалықты тиімді жұмыс жасайды? Алайда, зерттеуді жүргізу шеңберінде, қызметкерлер мен балалар үйінің тәрбиеленушілері балалардың өзін-өзі дамытудың қажеттілігі туралы айтқан жоқ, себебі бұл шындығында жоқ нәрсе.

9. Балалардың қауіпсіздігі

Мектеп – қауіпсіз орын.

Балаларға арналған қауіпсіз орын ретінде мектептің имиджін жақсарту үшін іс-шаралар тізбегін құрау. Еліміздің әрбір мектебінде балалардың психологиялық жағдайы, қауіпсіздігі жайлы тақырыпта балалар мен ата-аналар арасында сауалнама жүргізу қажет. Балалардың қорқыныш себептерін анықтау және жағдайды жақсарту үшін әртүрлі мамандарды тарта отырып, іс-шараларды жүзеге асыру.

Әртүрлі өңірлерде мектептер арасындағы пән бойынша тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.

Балалардың интернет-қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

Әртүрлі жастағы балалардың көпшілігі (80%), түрлі мақсаттар үшін интернетті пайдалануына байланысты, бұл шын мәнінде, балалар мен олардың қауіпсіздігін дамыту үдерісіне жағымсыз әсерінен қорғауды күшейту қажет. Біз информатика мұғалімін ғана емес, сонымен қатар оқытушылар (түрлі серіктес компаниялардың IT-мамандары, телефон операторлары, осы мамандық бойынша университет профессорлары, т.б.) тарапынан, ата-аналардың қатысуымен, интернет қауіпсіздігі талаптарын сақтау үшін балалармен жұмыс істеуіміз қажет.

Мектептен тыс қауіпсіздік

Жергілікті деңгейде балаларға қатысты олардың құқықтарын бұзу мен оларға қатысты зорлық-зомбылыққа бей-жай қарамаудың тиімді жүйесін әзірлеу.

Мектептен тыс балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу және осы мәселеге арналған білім беру ұйымдарын ғана емес, сонымен қатар ата-аналар комитеттерін, қоғамдық ұйымдарды, полиция және волонтерлерді қосу арқылы жүзеге асыру.

Білім беру органдарының мамандарына арналған ұсынымдар (мұғалімдер, психологтар, әлеуметтік педагогтар)

Балалардың құқықтық хабардарлығын, олардың құқықтары туралы оқытудың интерактивтік әдіске қолдану жарыс сипатта болуы мүмкін, жарыс түріндегі ойындарға көп бала қатысады, шараға дайындала отырып, материалдармен танысады.

Зерттеудің нәтижелеріне сәйкес ата-аналар балаларға арналған негізгі ақпарат көзі болып табылатындықтан, балалардың құқықтары жөнінде ата-аналарды ақпараттандыру. Мектептегі ата-аналар жиналыстарына балалардың құқықтары туралы, ата-аналардың бала алдындағы міндеттері туралы қолжетімді түрде түсіндіруі және тегін кеңес бере алуы үшін адвокаттар-заңгерлер шақырылуы тиіс.

Балаларды, ата-аналар мен мектеп мамандарын ақпараттандыру үшін салалық мамандарды тарту өте ұтымды. Мысалы, құқық қорғау органдарының қызметкерлері баланың құқықтары, зорлық-зомбылықтан қорғау, жыныстық қанау мен зорлықтың барлық нысандарын қорғау, олардың жеке өміріне қол сұғылмау, ата-анасының қамқорлығы жайлы және т.б., халықты әлеуметтік қорғау мамандары мемлекеттік көмекке баланың құқығы, денсаулық сақтау саласының мамандары баланың денсаулығын сақтау құқықтары, медициналық қызметті тегін алу құқығы, БАҚ және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері сөз бостандығы құқығы, өз ойларын еркін білдіру, теңдік туралы айту және т.б.; білім беру саласы өкілдері - демалыс пен бос уақыт құқықтары, хат-хабар құпиялылығы, білім жөнінде және т.б. түсіндіріп берген болар еді.

Барлық мүдделі жақтар жұмылдырылған іс-шараларды өткізу (оқу орындарының мамандары, ата-аналар мен балалар). Мысалы, бұл командалық сипаттағы түрлі зияткерлік сайыстар, ойындар, білім күндері болуы мүмкін. Ересектер мен балалар үшін жобаланған шағын брошюралар, бала құқықтары туралы буклеттерді тарату. Басқа да ұйымдардың, кәсіпорындардың мамандарын құқықтық ағарту бойынша сабақ өткізуге тарту.

Ата-анамен жұмыс істеуге оқушылардың әжелері мен аталарын тарту қажет, ол кісілердің бос уақыты көп әрі әрекет етуге бейім. Мектеп әкесі, анасы және т.б. ұйымдастыру.

«Ата-ана/қамқоршы-бала» байланысын нығайту үшін тренингтер өткізу. Бұл үрдіске қатысушылар арасында сенімділік деңгейін арттырады, бала құқығы бұзылғандығы туралы ақпаратты дер кезінде алуға көмек береді.

Бала құқығы бұзылған жағдайда және сол жөнінде шешім қабылдау кезінде мектептің ашықтығын арттыру қажет, бұл дегеніміз балалардың, ата-аналардың, қамқоршылардың сенімділік деңгейін арттырады.

Мектепке және оның жұмысына қатысты шешімдерді шығару кезінде ата-аналар мен балаларды тығыз әріптестікке тарту.

Педагогикалық қызметкерлердің мамандығын жоғарылату орталықтарының мамандарына арналған ұсынымдар

Сауалнамаға қатысқан оқу орындарының директорлары төмендегідей бағыттар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту керек екенін көрсеткен: психология (тек балаларға емес, сонымен қатар ересектерге де), мемлекеттік сатып алу саласындағы қаржыландыру, басқару (қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары), құқықтық кеңестер, стратегиялық басқару және жоспарлау, білім беру ұйымдарында халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру, суицидтің алдын алу бойынша жұмыстың қазіргі заманғы әдістері, тілдік курстар, менеджмент курстары, тәрбие мен білім беру саласында жаңа техника, мектепке дейінгі білім беру басқару саласындағы соңғы жетістіктер, психологияның қазіргі заманғы аспектілері, тұлғааралық қарым-қатынасты оқыту курстары. Сондай-ақ, директорлар жанжалдасу, достастыру, мектепті басқару психологиясы, жаңартылған бағдарламалар басқару (12-жылдық) бойынша курстардың қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар, тәрбие жұмысы, білім беруде жаңартылған технологияларды қолдану және т.б. бойынша білім ұйымдарының арасында басқа да директорларымен тәжірибе алмасуға деген қызығушылық анықталып, тіркелді.

Сауалнамаға қатысқан мамандар төмендегідей тақырыптар бойынша тегін курстарға қатысуға қызығушылық танытты: балалардың құқықтары жөніндегі жаңартылған курстар мен тренингтер, девиантты мінез-құлықты балалар мен психологтың жұмыс технологиясы, девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс жасау әдісі, парапсихологияны қабылдауды игеру, заңдық сауаттылық, медиация, отбасы психологиясы, мектепке дейінгілерге электрондық талдау, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі құқықтық нормалар, АКТ пайдалану және толығырақ көлемде пәндерге енгізу, дінтану және басқалар. Мамандардың айтарлықтай үлкен топтары Қазақстан мен шет елдерден басқа мамандармен тәжірибе алмасуға ниет білдірді.

Ата-аналарға арналған ұсынымдар

Құқықтық тұрғыда, кез-келген жағдайда баланың амандығы ең алдымен бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас сапасымен анықталады. Ешқандай мектеп, ешқандай білім беру ұйымы баланың сана сезімін қалыптастыруда ата-ананың орнын алмастыра алмайды.

Интернеттің балаға теріс әсерін болдырмау үшін ата-аналардың интернет қызметін қолдану кезіндегі балаларына сездірмей, оларды үнемі бақылауы қажет: ата-аналар балаларымен бірге интернетке кіруі қажет, құрылғы сайттарды түсіндіріп, баланы өз пікірін айтуға көндіріп және кеңес сұрауға үйрету керек. Балаға оның нақты есімін пайдалануға емес, ойдан

шығарылған есімді қолдануға, ақпаратты қамтымайтын никті қолдануға кеңес беруі керек. Балаға жеке мәліметтерді (мекен-жайы, мектепке алып баратын телефон нөмірі) беруге тыйым салу қажет. Сол уақытта баланың жеке ақпаратты алуға қабілетті, баланың мекен-жайын, ата-анасының жеке деректерін білетін интернет-әңгімелесуші бопсалайтын болса, одан қорқудың қажеті жоқ екенін ескерту қажет. Балаға желіде адамдармен араласу кезінде дөрекі қылықтарды танытпауды, сөйлесу кезіндегі тәрбиелік сөйлеу мәнерін сақтауды түсіндіру керек, себебі желідегі байланыс өмірдегі байланысқа ұқсайды. Балаңызға олардың интернеттегі көрген ақпараттарының барлығы бірдей шындыққа жанаса бермейтіндігін, сондықтан ол ақпараттарға сөзсіз сене беруге болмайтындығын айтуыңыз қажет. Желіде баланы бақылау үшін «Ата-аналық бақылау» атты арнайы бағдарлама бар. Алайда, сіз осы бағдарламаның жаңартылып отыруын қадағалауға тиіссіз, сондай-ақ көптеген балалар осы бағдарламаны бұзуы мүмкін, сондықтан сіз бұл бағдарлама баланы бақылауға ғана емес, оның қауіпсіздігі үшін орнатылғанын түсіндіруіңіз қажет.

Өз құқықтарын білу, оны қорғау, құқықтары бұзылған жағдайда кімге және қайда шағымдану керектігін баламен тілдесу кезінде санасына жеткізе білу маңызды.

Бала тәрбиесінде қиындықтар туындаған жағдайда мамандарға (психологтарға) жүгіну, ата-аналардың тәрбиелік құзырлығын арттыратын танымдық лекцияларға, тренингтерге, шеберлік сағаттарға қатысу керек. Бала құқықтары мен басқа да өзекті тақырыптарға арналған түрлі мерекелік шараларды ұйымдастыру және өткізу үшін сынып жетекшілерімен және мектептің басқа да мамандарымен белсенді түрде ынтымақтастықта болуға тырысыңыз.

Балалармен бірлесіп, волонтерлық қызмет атқару, балалардың ғана емес, сонымен бірге мүгедектер мен қарт адамдардың құқықтарын қамтамасыз ететін жұмыстарға балаларды тарту. Қайырымдылық іс-шараларына қатысу тәжірибесі балалардың дүние танымын қалыптастыруға, жақын адамдар мен жалпы қоғамға деген жауапты қарым-қатынасты орнатуға айтарлықтай ықпал етеді.

Қысқартулар тізімі

ҚР	–	Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	–	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
БҰҰ	–	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЮНИСЕФ	–	United Nations International Children’s Emergency Fund (БҰҰ Балалар қоры)
ЕО	–	Еуропалық Одақ
ҮЕҰ	–	Үкіметтік емес ұйымдар
ШҚО	–	Шығыс Қазақстан облысы
ОҚО	–	Оңтүстік Қазақстан облысы
СҚО	–	Солтүстік Қазақстан облысы
БҚО	–	Батыс Қазақстан облысы
БАҚ	–	Бұқаралық ақпарат құралдары
КТБО	–	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы
КТБО	–	Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары

15.11.2016 ж. баспаға қол қойылған
Гарнитура «Times New Roman». Пішім 60х841/16.1
Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа.
Шартты баспа парақ 17,75. Таралым 100 дана